И.П. Павлов өзін-өзі өлтіруді «мақсат рефлексін» жоғалту деп түсіндіреді: «Мақсат рефлексі әр адамның өмір мәні және энергия көзі. Өмір қызығы бір мақсатқа жетуге талпыну, егер сол мақсатқа жете алмаса басқа мақсатты көздеп соған қол жеткізу, қызығу, ұмтылу. Соған байланысты біздің өміріміз гүлденеді және мәндене түседі. Егер адамның өмірінде мақсат жоғалса оның өмірі мәнсіз болады. Сол себепке байланысты біз өлген адамдар артынан қалған қағаздардан, олардың өмірлерінің мәні жоғалғанына байланысты олар өз-өздерін өлтіруге мәжбүр болғандарын ұғынамыз. Бірақ адам өміріндегі мақсаттар саны шексіз...» Бірақ, И.П. Павлов өзі білетін суицидке барған адамдардың ешқайсысында психикалық ауытқуы жоқ еді деп қорытындылайды.

Суицидтің көптеген түрлері бар, соның ішіндегі жалпыға танымал келесідей түрлерін сипаттай өтсек.

Автоназия, немесе өмірден өз еркімен кету. Суицидтің бұл түрін қайырымды деп атауға да болады.

Бұл – денсаулығында үлкен ақаулары бар, емделмейтін ауруларға шалдыққан және күн сайын аурудың азабын тартатын адамдардың өмірден кетуді алдын-ала ойластырған түрі.

Суицид-өлтіру – бұл адам өзін өлтірер алдында басқа адамдарды да өлтіреді. Мұндай адам бір немесе бірнеше мақсатты көздеуі мүмкін. Мысалы, жазалаудан қашу үшін, немесе жазалау үшін өзін өлтіру.

Суицид-шабуыл – мұнда адам діни немесе саяси мақсаттарды көздей отырып басқа адамдарды өлтіреді, нәтижесінде осы мақсатты жүзеге асыру үшін ол өзін өлтіреді не болмаса құқық қорғау органдарының қолынан қаза табады.

Жаппай суицид – бұл екі не одан көп адамдардың өзіне қол жұмсауы, бұған себеп идеологиялық немесе діни сенімдер болуы мүмкін, немесе мұндай жағдайға басқа біреудің әсерінен шыға алмаған жандар барады.

Жасөспірімдер суицидке өмірде кездесетін жағдайлардан стресске түскен жағдайда, мысалы, қыз бен жігіттің қарым-қатынасы бұзылғанда, мектептегі сәтсіздіктер, ата-аналары ажырасқанда, отбасында үлкен жанжалдар туындағанда барады.

Суицид туралы ойланатын жасөспірімнің көп жағдайда жасайтын әрекеті:

- Суицид туралы және өлім туралы айту;
- Өзінің «өмірден кетуі» туралы айту;
- Күдер үзгендік және кінәлілік сезімі туралы айту;
- Отбасынан және достарынан алшақтай бастау;
- Түрлі қызықты іс-шаралар мен мерекелерге қатысудан бас тарту;
- Ойлаудың анықтылығы мен ойын шоғарлануының күшеюі;
- Өзінің әдеттерінен бас тартуы және талғамдарының өзгеруі;
- Өзін-өзі жоятын мінез-құлық көрсету (алкогольдік ішімдік ішу, нашақорлыққа салыну т.б.).

Э.Дюркгейм өзін-өзі өлтірудің төрт түрін бөліп қарастырды: эгоистік, альтруистік, аномиялық және фаталистік.

Егер индивидтің эгоистік күйі, яғни жеке «мені» әлеуметтік «менге» қарама-қайшы болса, ол өзінің жеке тұлғасын шамадан тыс асырады. Ұжымдық байланыс, қоғамның біртұтастығы адамды өзін-өзі өлтіруден сақтап қалады. Қоғам тұтастығы әлсіреген уақытта индивид өзінің жеке мақсаттарын барлығынан биік қояды. Эгоистік өз-өзіне қол жұмсау көп жағдайда ақыл-ой еңбегімен шұғылданып отырған адамдар арасында жиі кездеседі.

*Альтруистік өзін-өзі өлтіру.*

Альтруизм – адамның «мені» өзіне тән емес, ал оның іс-әрекеті оның тәнінде емес ол тиесілі топқа жататын күйді айтамыз (ол өзін жоғалтып, белгілі бір қоғамға тәуелді болған шақта). Оның мәні – бұл әрекеттің борыштық сезіммен тікелей байланыстылығында. Индивидуализмнің шектен тыс дамуы өзіне қол жұмсауға алып келетін болса, оның дұрыс дамымауының нәтижесі де солай болмақ. Адам қоғамнан алшақтаған сәтте өзіне қол жұмсау ойы туындайтын болса, тура сол ой қоғам оның жеке тұлғалығын жойып-жаулап алған сәтте де туындайды. Мысалы, мұндай суицидтің түрі әскерде жиі кездеседі, себебі онда индивидтің жеке тұлғалық «мені» көп ескерілмейді. Бірдей жастағы әскери адам мен азаматтық тұлғаларды салыстырғанда әскердегілер суицидке өте бейім келетіні еуропа ғалымдарының зерттеулерінде анықталып отыр.

*Аномиялық өзін-өзі өлтіру.* Қоғам өмірдің барлық саласы да индивидке әсер етеді, оны басқарады. Экономикалық кризис адамдардың суицидке бейімділігін арттыра түсіреді. Елдің экономикалық күйі мен өзін-өзі өлтірудің пайыздық көрсеткішінің арақатынасы жалпы заңдылық болып табылады. Бірақ қоғамдық күйзелістердің барлығы суицидке алып келеді деген сөз емес, мысалы, соғыс кезінде халық барлығына ортақ мақсаттар мен міндеттерді алға қояды, сол арқылы олар біріге түседі.

*Фаталистік өзін-өзі өлтіру.* Суицидтің бұл түрі топ тарапынан бақылаудың күшеюінен туындайды, ол өзін топта күшті, тұрақты етіп көрсеткісі келеді.

Суицид девиантты мінез-құлықтың бір формасы болып табылады. Ал девиантты мінез-құлық ғалымдардың пайымдауынша көп жағдайда дұрыс әлеуметтенбеудің салдарынан туындайды. Әлеуметтену барысында бала түрлі сәтсіздіктерге ұшырайды. Әлеуметтенудің жетіспеушілігінің көрінісі мінез-құлықтың ауытқуы болып табылады, яғни, тұлғаның кері мінез көрсетуі, өз ұстанымдарынан бас тартуы, құқық және мораль нормаларынан ауытқуы. Мінез-құлықтағы өзгерістерге негізінен – құқық бұзушылық, алкогольдік ішімдіктерді қолдану, нашақорлық, жезөкшелік, өзін-өзі өлтіру жатқызылады.

Суицид түрткілеріне, яғни сол әрекетке итермелейтін жағдаяттық факторларға жататын – ауру, экономикалық тұрақсыздық, жақын адамдардың қайтыс болуы немесе отбасылық мәселелер секілді

киын стресстік жағдайлар адамның қорғаушы механизмін басып-жоюға жиі алып келеді. Күйзелістің нәтижесінде уайым мен көмекке зәру күйі туындайды. Мұндай суицидтік факторлардың келесі түрлерін бөліп қаратыруға болады:


1. Жақын арада өзінің *созылмалы ауруға* ұшырағанын білген адамдар суицидтік мінеқұлық қаупіне ұшырайды, мысалы, ұмытшақтық немесе рак аурулары. Аурудың күн сайынғы ушығуы адамды күннен күнге әлсіретеді, ол өзіне деген сенімділікті жоғалта бастайды. Сонда адам өзін ауруға жеңдіргенше оны өлтіремін деген шешімге жиі келеді.

2. *Экономикалық тұрақсыздық*. Адам мұндай мәселеге кезіккенде ол тек әмиянына ғана келіп тірелетін жағдайдан да күрделірек күйге түседі. Соның нәтижесінде тамақ, киім және тұрғылықты мекен-жай мәселесі пайда болады. Олар көбінесе өздерін жолы болмайтын, өмірде ешқандай жетістікке жетпеген адам ретінде сезінеді. Болашағы бұлыңғырланып, ал өзін-өзі өлтіру бұл мәселенің барлығына шешім болатындай көрінеді.

3. *Жақын адамның қайтыс болуы* енді өмір ешқашан бұрынғыдай болмайды деген сөз. Отбасылық өмірдің қалыптасқан стереотиптері құлдырайды. Суицидке аса қатты қайғыру нәтижесінде жетеді. Қайтыс болғаннан кейінгі бірнеше айда адам бойында шынайылықты қабылдай алмау, соматикалық дисфункция, үдей түскен кінәлілік сезімі, апатия және көмектескісі келген достары мен туыстарына жауларындай көзқарас таныту сезімдері, үрей сынды сезімдер белең алады.

4. *Ажырасу мен отбасылық жанжалдар* өлімнен де күшті жағдай ретінде қабылданады. Ажырасу барысында ата-аналарымен бірге олардың балалары да үлкен күйзеліс үстінде болады, олар ұзақ уақыт бойы бұл мәселенің шешімін күтуі мүмкін және тәрбие мәселесі немесе асырап алушыларды тағайындау тез арада шешіле қоймайтыны белгілі. Көп зерттеулер көрсеткендей суицидке барған адамдардың басым бөлігі толық емес отбасында тәрбиеленген азаматтар болып шықты.

Осылайша суицидтің туындау себептерін біз былайша жіктей аламыз:



Суицидке баратын адамдардың жыныстық ерекшелігіне тоқталар болсақ, әйелдер арасында өлім саны көп болғанымен суицид ерлердің де арасында жиі кездеседі. Қазіргі уақытта олардың қатынасы 4:1 тең. Әйелдер 15-40 жас аралығында өзін өзі өлтіруге көбірек бейім келеді, сонымен бірге әйел адамдар өлімнен кейін өзінің денесі қалай болатынын уайымдайтыны да мазалайды. Ер адамдардың басым бөлігі суицид жасауда арқан, қару және көпірден секіру әдістерін пайдаланады, ал әйел адамдар енжар түрлерін қолданады, олар: ұйықтататын дәрілер, у немесе газ. Польшада соңғы 10 жыл ішінде 12-20 жас арасындағы суицидтен өлген балалар саны 4 есеге көтерілген, ал оның 21%-ын қыздар құраса, қалған 79%-ы ұлдарға тиесілі.

Адам өліміне әлеуметтік жағдайлар, жалғыздық та үлкен әсерін тигізеді. Бірақ кейбіреулер жақын, туыстарымен кикілжіңдер нәтижесінде өзін-өзі өлтіретін болса, енді біреулер түрмеде отырып бостандықты аңсайды. Сондықтан қоғамда өмір сүру деңгейі нашарлаған сайын суицид те көбейе түсетіні заңдылыққа айналып отыр.

1. Есенбаева А. Суицид және жаөспірім. «Жетісу» газеті, №55, 2011.
2. Амбрумова А.Г. // Комплексные исследования в суицидологии. – М., 1986. – С. 7-25.
3. Антохин Г.А. // Актуальные проблемы суицидологии. – М., 1981. – С. 168-177.
4. Дюркгейм Э. Самоубийство. Социологический этюд: перевод с франц. 2-е издание. – М., 1994.
5. Кузнецов В.Е. // Комплексные исследования в суицидологии. – М., 1986. – с. 84-93.
6. Постовалова Л.И. // Сравнительно-возрастные исследования в суицидологии. – М., 1989. – с. 24-34.
7. Трегубов Л.З., Вагин Ю.Р. Эстетика самоубийства. – Пермь, 1993.
8. Фрейд З. “Я” и “Оно”. Труды разных лет: Перевод с нем. – Тбилиси, 1991, Т. 1-2.
9. Shneidman E. // Suicidology: contemporary development. – N.Y., 1976. – P. 5-28.

ЖОК 796/799:378

## ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ПРОЦЕСТЕРІН БЕЛСЕНДІРУДЕГІ МОТИВАЦИЯНЫҢ РОЛІ

**С.К. Юмашева** – б.э.к., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ,  
**Р.Ж. Нарибай** – б.э.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ,  
**Ж.А. Юмашева** – п.э.к., оқытушы, ҚазҰТУ

Қазіргі таңда жоғарғы оқу орындарында білім берудің аса өзекті мәселесінің бірі, ағарту үрдісінің сапалылығын арттыру. Сапаны жоғарылату мақсатында университеттің барлық қызметтік құрылымына ғана емес, сонымен қатар студенттерге де қатысты тұрақты мониторинг қажет. Заманауи білім беру жағдайында оқу үрдісін жетілдіру көптеген факторлерге негізделген, соның ішінде айтарлықтай назар аудартатыны, студенттер мотивациясы. Әлеуметтік зерттеу [1, 2, 3] нәтижелері көрсеткендей студенттер мотивациясы біркелкі емес, ол сандаған факторлерге: студенттің жеке даралық ерекшеліктеріне, жақын референттік топ сипатына, студенттік ұжым дамуының деңгейіне байланысты. Бір жағынан адамның мінез-құлық мотивациясы (біз қарастырып отырған жағдайда – студенттің), көзқарас, бағдарлау бағамдылығы, оның әлеуметтік қатарын қалыптастыру (топтың, ұжымның) көрінісі болып табылады. Сондықтан, студенттердің танымдық, ғылыми, ұжымдық белсенділіктерінің көзі және жағдайы, олардың жоғарғы оқу орнындағы әрқандай іс-әрекеттерін ықпалдау себептері болып, күрделі мотив құрылымдары саналады. Мәселен, студенттердің оқу мотивациясы, нақты – оқу іс-әрекетін қамтитын, жеке мотивация түрі ретінде қарастырылады. Ол бірқатар арнайы факторлармен анықталынады:

- білім беру жүйесімен, ағарту орындарымен;
- білім беру үрдісін ұйымдастырумен;
- білім алушылардың субъективті ерекшеліктерімен;
- педагогтің ерекшеліктері, әсіресе, оның студенттерге деген қарым-қатынасымен;
- оқу пәнінің арнайылығымен.

Оқу пәндерін сөз еткенде, дене мәдениеті, біраз себептерге байланысты студенттер тарапынан өз дәрежесіне лайықты көңіл аударылмай отырған міндетті пән болып саналады. Көбінесе мұндай көзқарас, дене мәдениеті және өз ағзаларының физикалық жағдайлары туралы қажетті білімнің жоқтығынан туындайды.

Әдетте, дене мәдениеті бойынша сабақтар шұғылданушылардың жалпы дамытушы дене жаттығуларын орындауға дәстүрлі негізделінген. Алайда, кейде оқытушы берілген жаттығудың орындау техникасын, оның функционалдық бағытын, нәтижесін, ағзаға әсер ету ерекшеліктерін жеткілікті түсіндірмейді. Сондықтан, студент кез-келген дене жаттығуларының мағыналық мазмұны жайында қажетті ақпаратты меңгере алмайды, сөйтіп оны жете қабылдамай, орындау техникасы мен бұлшықет жұмысына онша мән бермей атқарады, соның салдарынан күтілген нәтиже, әрине оқу мотивациясы жокқа келіп тіреледі.

Дене шынықтыру, спортпен шұғылдану қызығушылығын тудыратын құрал-жабдықтар мен әдістерді сараптап анықтау және білім алушы жастармен жүргізілетін үгіт-насихат, педагогикалық жұмыстар деңгейін жоғарылату мақсатында, физикалық статус пен өмір сүру салтына әсер ететін нақты қозғалыс белсенділігінің формасын, және физикалық статусың студенттер контингентінің әлеуметтік-кәсіби жинақтылығына ықпалын оқытып үйрету қажеттілігі туындайды.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда дене мәдениетінің маңыздылығы, дене шынықтыру құралдарының және спорттың салауатты өмір сүрудегі ролі мен орны, сонымен қатар зиянды әдеттерден арылуда өте маңызды аспекті болып табылады. Ұйымдастыру аспектісінде ең тиімді және үнемділікке негізделген сабақ жүргізу формасын белгілеп алу қажет, ол үшін дене жұмыскерлік қабылеті жалпы қабылданған әдіс бойынша анықталынады.

Жүргізілген педагогикалық экспериментте, студенттерге (шұғылданушыларға) дәрістер оқылып және жекелей әңгіме өткізу арқылы белсенді әсер ету, яғни дене жаттығуларымен тыңғылықты айналысуға шақыру мақсаты қойылды. Зерттеу жұмысы, техникалық жоғарғы оқу мекемесінде дене тәрбие сабағын өткізу мезетінде 15 адамнан жинақталған екі оқу топтарында (бақылау және эксперименттік) жүргізілді. Сабақ оқу жоспарына сәйкес өткізілді. Бақылау тобындағы оқу сабақтары дәстүрлі жолмен, яғни студенттер оқытушының бақылауында болып, барлық талап етілген тапсырмаларды орындады. Эксперименттік топқа сабақ жүргізу барысында оқытушы, студенттерге, орындалып жатқан әрбір жаттығудың ағза саулығы үшін қаншалықты пайдасы барлығын, организм функциясын жақсартуға, атап айтқанда жүрек-тамыр, тыныс жүйесіне, күштілік, шапшаңдық, төзімділік сапаларына, жалпы тұтас алғанда олардың соматотипологиялық статусына ұтымды әсерлігін белсенді түрде түсіндіріп отырды.

PWC<sub>170</sub> функционалдық сынамасы екі топта оқу жылының басында және соңында жүргізілді.

PWC<sub>170</sub> тесті бойынша дене жұмыскерлік қабылеті туралы мәліметтерді стандарттау үшін, сынама зерттелушілердің алдын-ала бой жазуынсыз өткізілді.

Егер I және II жүктемелер арасындағы анықталынған айырмашылық онша көп болмаса, онда, сол зерттелушінің PWC<sub>170</sub> анықтау дәлдігі төмендейді. Ең бастысы, бұл қан айналысын бақылаушы аппарат жүйесінің айырмашылық шамасы аз қуат бойынша дәл мөлшерлей алмау қабылетіне байланысты.

Сондықтан, PWC<sub>170</sub> сынамасын жүргізу практикасында екінші жүктеме қуаты, алғашқысынан әжептеурім айырмашылықта болуы тиіс. Бірінші және екінші жүктемелер қарқындылығының критерийі болып, осы жүктемелер соңындағы жүрек соғысы қызмет ете алуы мүмкін. Алғашқы жүктемеден кейін жүрек соғысы минөтіне 100-120 ретке, ал екінші жүктеме соңында минөтіне 140-160 ретке жетеді. Егер бұндай жағдай сақталынса, дене жұмыскерлік қабылет шамасын анықтаудағы қателіктер практика жүзінде болмашы ғана болады.

Оқу жылының басында жүргізілген Алғашқы зерттеу нәтижесі бойынша, оқу жылының басында жүргізілген PWC<sub>170</sub> тесті бойынша дене жұмыскерлік қабылетінің орташа көрсеткіші эксперименттік топта – 1172 кгм/мин, ал бақылау тобында – 1291 кгм/мин құрады. Әдебиеттерден алынған мәліметтер бойынша, машықтанбаған 17-45 жастағы ер адамдардың дене жұмыскерлік қабылеті 850-1200 кгм/мин құрайды. Машықтанбаған адамдардың PWC<sub>170</sub> шамасындағы ауытқу диапазоны, дене тұрқы белгілеріндегі және салмағындағы айырмашылыққа байланысты. Sjostrand [4] бойынша машықтанбаған ересек адамдардың PWC<sub>170</sub> шамасы 1185 кгм/мин құрайды. Біздің зерттеулерден алынған PWC<sub>170</sub> шамасы жоғарыда көрсетілген көрсеткішке, және де 1135,1 кгм/мин [5] көрсеткішіне жақынырақ.

Оқу жылының соңына таман жүргізілген PWC<sub>170</sub> тестілеу нәтижелері, эксперименттік топтағы студенттердің дене жұмыскерлік қабылетінің абсолюттік көрсеткіші – 1227,4 кгм/мин тең болып, алғашқы көрсеткішпен салыстырғанда 55,7 кгм/мин өскен, ал, PWC<sub>170</sub> салыстырмалы көрсеткіші 19,7 кгм/мин/кг тең, яғни 1,0%-ға артқан, бұл дегеніміз төзімділік сапасының өсуімен білінген дене жаттығулары белсенділігінің ағзаға оң әсер факторы болып саналады.

Бақылау тобындағы дене жұмыскерлік қабылетінің көрсеткіші 1225,7 кгм/мин тең болып, салыстырмалы көрсеткіш – 19,0 кгм/мин/кг секілді болмашы өзгеріспен қалған, тіпті аз ғана төмендеу жағына ығысқан.

Қорытындылай келе, дене жаттығуларын саналы түрде орындау, олардың мазмұны жөніндегі, бағыты мен ағзаға әсер ету жайлы білімділік, нәтижені айтарлықтай жақсартады. Студенттер мотивациясының маңыздылығы, оларды ағзаның физикалық жағдайы, дене дайындығы туралы ақпараттандыру жолымен, тек оқу кезеңінде олардың көңіл күйлерін жақсартуға мүмкіндік беріп қоймай, сонымен бірге тыңғылықты өздігінше дене жаттығуларымен шұғылдануға тарта түседі. Ал, жасөспірімдік кезеңдегі белсенді дене жаттығулары, кейінгі өмірде, тіпті адамдар содан соң мүлдем тастап кеткеннің өзінде де ұзақ уақыт жақсы денсаулықты сақтап тұруға кепіл бола алады.

1. Багдасарьян Н.Г., Немцов А.А., Кансузян Л.В. *ПослеВУЗовские ожидания студенческой молодежи // Социол. исслед. 2003. №2.*

### Резюме

В данной статье обсуждаются одна из актуальных проблем сегодняшнего дня, качество образовательного учебного процесса.

### Summary

Importance of student motivation by informing them about physical state of their organism and their physical fitness. Conscious implementation of physical exercises, knowledge about their content, orientation and propitious influence on organism can guarantee long-term health preservation.

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

**Р.К. Бекмагамбетова** – д.п.н., профессор КазНПУ им. Абая

Дошкольный возраст является наиболее благоприятным периодом для интеллектуального развития ребенка.

Период от рождения до поступления в школу является возрастом наиболее стремительного физического и психического развития ребенка.

Интеллектуальное развитие идет параллельно с физическим развитием ребенка.

В дошкольном возрасте наблюдаются высокие темпы умственного развития, чем в последующие возрастные периоды, поэтому очень важно в это время не упустить возможности для интеллектуального развития ребенка.

В дошкольном возрасте в большей или меньшей степени проявляются такие свойства ума, как быстрота, критичность, гибкость мыслительных процессов, глубина, креативность, самостоятельность.

Для каждой возрастной ступени присуща своя готовность к развитию тех или иных сторон интеллекта.

В содержание интеллектуального развития дошкольника входит развитие интеллектуальных умений и навыков, воображения, восприятия, памяти, мышления.

Основой интеллектуального развития детей дошкольного возраста является сенсорное развитие, которое направлено на развитие ощущений и восприятий. Ребенок познает окружающий мир через ощущения и восприятие. Уровень развития ощущений и восприятия определяет успешность познавательной деятельности ребенка.

При помощи восприятия ребенок познает внешние свойства предметов в их совокупности (цвет, форму, величину), пространственное соотношение частей друг с другом (слева, справа, над, сверху), вычленение мелких деталей.

Следует заметить, что именно в этот период важно развивать у детей звуковую культуру речи, учить их анализировать звуковую структуру слова, отражать в речи свои ощущения, понимание эмоциональной ситуации при изложении и пересказе событий из жизни сказочных героев.

В дошкольном возрасте устанавливаются пространственные и временные представления, которыми дети руководствуются в общении со взрослыми и сверстниками, особенно в разговорной речи.

Между восприятием и мышлением существует тесная связь. Восприятие формируется в первые месяцы жизни ребенка, а начало развития мышления начинается в два года.

В основе развития мышления лежит восприятие, которое предоставляет для углубленного познания чувственный (сенсорный) опыт.

На протяжении дошкольного возраста восприятие готовит мышление, дает ему «пищу» для анализа, сравнения, обобщения, выводов.

Мышление положительно влияет на развитие и совершенствование восприятия.

В дошкольном возрасте развиваются различные формы мышления:

– наглядно-действенное;

- наглядно-образное;
- словесно-логическое.

Внутри всех форм мышления осуществляется развитие основных мыслительных операций.

Именно в этот период учить детей мыслить – основная задача взрослых.

В дошкольном возрасте следует учить анализировать, сравнивать, сопоставлять, обобщать, подводить его к квалификации, побуждать к высказыванию собственных предположений.

В этот период важно развивать память и воображение.

Особенно важно развивать творческое воображение, а для этого надо детей подталкивать к открытиям, учить фантазировать.

В связи с этим уже с первых лет жизни ребенка необходимо заботиться о развитии его восприятия и мышления.

Мыслительная деятельность невозможна без речи. На этапах раннего и дошкольного возраста решаются важнейшие задачи речевого развития: обогащение словарного запаса, воспитание звуковой культуры речи, формирование грамматического строя, развитие связной речи.

Результатом познавательной деятельности независимо от того, в какой форме познания она осуществлялась (с помощью мышления или восприятия) являются знания.

В этом возрасте происходит интенсивное развитие мышления. Ребенок усваивает ряд новых знаний об окружающей действительности и вместе с тем овладевает простейшими способами мышления, учится анализировать, сравнивать, обобщать свои наблюдения.

Таким образом, для полноценного интеллектуального развития ребенка необходимо заботиться о развитии восприятия и мышления.

Следует отметить, важнейшими задачами интеллектуального развития детей дошкольного возраста является:

- сенсорное развитие;
- развитие мыслительной деятельности (овладение мыслительными операциями, познавательными процессами);
- развитие речи.

Интенсивное развитие интеллекта в дошкольном возрасте повышает обучаемость детей в школе и играет большую роль в образованности взрослого человека.

Интеллектуальное развитие дошкольника осуществляется в семье и в дошкольных организациях.

Полноценное интеллектуальное развитие детей дошкольного возраста происходит только в педагогически правильной организованной деятельности.

Решающее значение в интеллектуальном развитии ребенка имеет целенаправленная работа в этом направлении.

Таким образом, интеллектуальное развитие детей раннего и дошкольного возраста – это систематическое и целенаправленное педагогическое воздействие на ребенка с целью развития ума.

Это воздействие осуществляется взрослыми и включает систему разнообразных средств, методов и форм, создание условий, обеспечивающих интеллектуальное развитие детей.

В качестве основных условий реализации концепции выступают:

- осуществление интеллектуального развития детей раннего и дошкольного возраста совместными усилиями родителей и воспитателей;
- расширение сферы участия родителей в организации педагогического процесса в дошкольных организациях;
- подготовка родителей и воспитателей к интеллектуальному развитию детей раннего и дошкольного возраста;
- проведение психолого-педагогических консультации для родителей и воспитателей по осуществлению интеллектуального развития ребенка;
- установление партнерских отношений между семьей и дошкольными организациями в осуществлении интеллектуального развития детей раннего и дошкольного возраста;
- наличие четко обоснованных целей и содержания, направленных на интеллектуальное развитие ребенка в семье и в дошкольных организациях;
- создание в семье и в дошкольных организациях условий, обеспечивающих интеллектуальное развитие детей раннего и дошкольного возраста;
- в работе с детьми необходимо создавать такие ситуации, чтобы ребенок всегда находился в зоне

ближайшего развития;

– интеллектуальное развитие детей раннего и дошкольного возраста осуществляется в игровой деятельности;

– общаясь с ребенком, следует предоставлять ему свободу в выборе деятельности, создавать эмоциональный подъем, атмосферу фантазии, романтики, сказки;

– широкое использование в работе с детьми познавательных сказок, реалистических рассказов, введение сказочных персонажей, игровых упражнений, конструирование из разнообразных элементов с использованием различных способов их соединения и возможного расположения частей;

– постепенное наполнение предметно-развивающей среды.

**Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың интеллектуалды жетілу мәселелері қарастырылады. Автордың ойы бойынша мектепке дейінгі кезең балалардың интеллектуалды дамуына ең қолайлы кезең, сондықтан бұл уақытты жіберіп алмау маңызды.**

#### **Резюме**

В данной статье рассматриваются проблема интеллектуального развития детей дошкольного возраста. По мнению автора, благоприятным периодом для интеллектуального развития ребенка является дошкольный период, поэтому важно не упустить это время.

#### **Summary**

In this article the problem of intellectual development of children of preschool age is considered. On – to opinion, the author the favorable period for intellectual development of the child is the preschool period therefore it is important not to miss this time.

## **ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ФОРМЫ СОТРУДНИЧЕСТВА СЕМЬИ И ШКОЛЫ**

*А.С. Тотанова – к.п.н., профессор КазНПУ им. Абая*

Значительная роль в процессе воспитания подрастающего поколения отводится сотрудничеству семьи и школы. Семья занимает центральное место в воспитании ребенка, играет основную роль в формировании мировоззрения и нравственных норм поведения ребенка. Семья является первичной социальной группой, в которой практически начинается и протекает социальная жизнь человека. Она представляет собой комплексное социальное явление, в котором сплелись воедино многообразные формы общественных отношений и процессов и которому присущи многочисленные социальные функции [1]. Семья является главным институтом воспитания. Именно в семье ребенок получает первый жизненный опыт, делает первые наблюдения и учится как себя вести в различных ситуациях. Каждый из родителей видит в детях свое продолжение, реализацию определенных установок или идеалов. Состояние и основные тенденции развития семьи как воспитательного института является объектом семейной педагогики [2; 3]. В каждой семье, как подчеркивает А.В. Петровский, складывается своя, индивидуальная воспитательная система [4]. Общеизвестно, что у значительной части современных семей воспитательная система не столь научна, как в школе, она в большей степени базируется на бытовых представлениях о ребенке, средствах и методах воздействия на него. Воспитательная система семьи формируется эмпирическим путем: она постоянно апробируется в опыте, содержит много педагогических «находок», хотя зачастую не лишена просчетов и серьезных ошибок. В семьях, где озабочены воспитанием детей, их будущим, система воспитания подвергается анализу, оценке, что делает ее выстраданной, эмоционально окрашенной. Система семейного воспитания может быть стройной и упорядоченной, но это при условии, что родители имеют определенную цель воспитания, проводят ее в жизнь, используя методы и средства воспитания, учитывающие особенности ребенка и перспективы его развития.

Проблема сотрудничества, взаимодействия школы и семьи выросла из традиционной педагогической идеи, обозначенной в научной литературе как связь с родителями, работа с родителями [5]. Но с течением времени и с исходом истории меняются мир, а вместе с ним и взаимоотношения всех социальных институтов. Современные подходы к организации взаимодействия школы и семьи обусловлены тенденциями развития системы образования Республики Казахстан, ее ориентации на

запросы учащихся, их родителей, потребности общества в формировании достойных граждан. Осуществление этого требует объединение усилий, интеграции интересов различных социальных институтов, в том числе школы и семьи. Организующим центром совместной воспитательной работы школы, семьи и общественности должна выступать школа.

Г.М. Коджаспирова под сотрудничеством понимает равноправное общение сторон, без привилегий указывать, контролировать, оценивать, а под взаимодействием – организация совместной деятельности в условиях открытости обеих сторон без ущемления чьей-либо свободы, вовлеченность родителей в учебно-воспитательный процесс. Сотрудничество и взаимодействие обеспечивают взаимодоверие и взаимоуважение между родителями и образовательным учреждением. В свою очередь, доверие и уважение родителей учителями, учителей родителями является основой установления открытых, дружеских, продуктивных контактов на основе сотрудничества и взаимодействия [6, с. 409].

Педагогика сотрудничества является одной из наиболее всеобъемлющих педагогических обобщений 80-х годов, вызвавших к жизни многочисленные инновационные процессы в образовании. Позднее данное направление было переименовано в технологию [7; 8]. Педагогика сотрудничества основывается не на классическом принципе «делай, как я сказал», а на – «делай, как я». Педагогику сотрудничества рассматривают как особого типа «проникающую» технологию, являющуюся воплощением нового педагогического мышления, источником прогрессивных идей и в той или иной мере входящей во многие современные педагогические технологии как их часть. Целевыми ориентациями педагогики сотрудничества являются, во-первых, переход от педагогики требований к педагогике отношений, во-вторых, гуманно-личностный подход к ребенку, в-третьих, единство обучения и воспитания. Концепция сотрудничества трактуется как идея совместной развивающей деятельности взрослых и детей, скрепленной взаимопониманием, проникновением в духовный мир друг друга, совместным анализом хода и результатов этой деятельности. В рамках общешкольного коллектива отношения сотрудничества устанавливаются между учителями, администрацией, ученическими и учительскими организациями; принцип сотрудничества распространяется и на все виды отношений учеников, учителей и руководителей с окружающей социальной средой (родителями, семьей, общественными и трудовыми организациями).

Новая образовательная парадигма провозгласила родителей субъектами образовательного процесса. Значит и на родителей возложена ответственность за качество образования своих детей. Эффективность воспитания ребенка сильно зависит от того, насколько тесно взаимодействуют школа и семья. Ведущую роль в организации сотрудничества школы и семьи играют классные руководители. Именно от их работы зависит то, насколько семьи понимают политику, проводимую школой по отношению к воспитанию, обучению детей, и участвуют в ее реализации. При этом семья должна рассматриваться как главный заказчик и союзник в воспитании детей, а объединение усилий родителей и педагог создаст благоприятные условия для развития ребенка. В основе сотрудничества семьи и школы должны лежать принципы взаимного доверия и уважения, поддержки и помощи, терпения и терпимости по отношению друг к другу.

Организующим центром совместной воспитательной работы школы, семьи и общественности должна выступать школа. Это связано с рядом факторов. Во-первых, в настоящее время только школа обеспечивает необходимый уровень образования учащихся, который обуславливается требованиями современного производства и все ускоряющимся научно-техническим прогрессом. Во-вторых, школа располагает специально подготовленными кадрами квалифицированных педагогов, большинство же родителей не имеет надлежащей педагогической подготовки. В-третьих, значительную часть своего времени учащиеся проводят в школе, ее влияние сказывается также на их деятельности в семье, поскольку они продолжают свою учебную работу дома, выполняя учебные задания.

Продуманная и четко организованная система сотрудничества школы с семьей осуществляется по следующим основным направлениям: психолого-педагогическое просвещение родителей; вовлечение родителей в учебно-воспитательный процесс; участие семей учащихся в управлении учебно-воспитательным процессом в школе. Главным направлением сотрудничества является просвещение по вопросам педагогики и психологии. Для психолого-педагогического просвещения и всеобща родителей приглашают разных специалистов: медики, психологи, психотерапевты, психиатры, представители общественных организаций, юристы, работники инспекций по делам несовершеннолетних, социальные педагоги, учителя-предметники. Тематика психолого-педагогического просвещения родителей должно носить ярко выраженный опережающий характер.

Отсутствие культуры организации взаимодействия в системе семья-школа приводит иногда к обоюдной антипатии и различного рода конфликтным ситуациям между ними. В каждой школе должна быть разработана стратегия формирования у родителей и учащихся культуры принадлежности к образовательно-воспитательному пространству школы. Вхождение родителей в единое школьное пространство начинается с ежегодной, традиционной экскурсии по школьному зданию. Такая встреча поможет родителям оценить изменения в оформлении школы, узнать о достигнутых школой успехах за учебный год, познакомиться с проблемами, которые требуют решения с участием родителей. Создание ситуации эффективного взаимодействия школы и семьи невозможно, если педагог не будет знакомить родителей своих учащихся с теми требованиями, которые предъявляет школа к своим ученикам с первых дней пребывания в ней. В первую очередь, это знакомство с Уставом учебного заведения, с правилами поведения в классе, спортивном зале, библиотеке, столовой и т.д.

Основные направления сотрудничества будут эффективными тогда, когда школа, в лице отдельных педагогов, будет использовать активные формы взаимодействия с семьями своих учеников. Психолого-педагогическое просвещение родителей организовывается и проводится с помощью таких форм работы с семьей, как индивидуальные и тематические консультации, родительские собрания, родительские чтения, тренинги, конференции и т.д. Вовлечение родителей в учебно-воспитательный процесс осуществляется через дни творчества детей и их родителей, открытые уроки и внеклассные мероприятия, помощь в организации и проведении внеклассных дел и укрепление материально-технической базы школы и класса, шефская помощь. Третье направления сотрудничества школы и семьи осуществляется через участие родителей класса в работе Совета школы, родительского коллектива.

Одной из важнейших форм сотрудничества школы с семьей является консультация, которые бывают индивидуальными и групповыми. Готовясь к проведению консультации, педагог должен подготовить ряд вопросов, на которые он хотел бы получить ответы. Индивидуальная консультация носить изучающий характер и способствует созданию хорошего контакта между родителями и учителем. Групповая консультация проводится потому же принципу, но на нее приглашаются родители, которых объединяют общие проблемы. Каждая консультация заканчивается рекомендациями родителям по воспитанию ребенка, которые могут быть устными и письменными. Если в коллективе есть проблемы, касающиеся нескольких семей, то проводится тематическая консультация. Последняя требует серьезной подготовки со стороны педагога, специалистов. Темы для подобных консультаций тщательно отбираются. Подобная консультация будет полезна только в том случае, если родители осознают проблему, из-за которой их пригласили.

Одной из важных форм установления контактов педагогов с семьями учащихся является родительское собрание. Главное его предназначение – согласование, координация и интеграция усилий школы и семьи в создании условий для развития духовно богатой, нравственно чистой и физически здоровой личности ребенка. Нередко родительские собрания используются и для того, чтобы повысить педагогическую культуру родителей, их активность в жизни класса, ответственность за воспитание учащихся. Родительское собрание будет эффективным тогда, когда педагог планирует собрание, пишет его своеобразный сценарий. Для того чтобы родительское собрание было полезным родителям и им хотелось в нем участвовать, каждый из пришедших на него родителей должен получить то, что для него особенно актуально. Для этого в содержание родительского собрания можно вести такие рубрики, которые позволили сделать родительское собрание необычным. Рейтинг родительских собраний повысится, и будет способствовать изменению взаимоотношений в лучшую сторону в системе «учитель-ученик-родитель».

Очень полезной формой сотрудничества семьи и школы являются родительские чтения. Родительские чтения – очень интересная форма работы с родителями, которая даст возможность родителям не только слушать лекции педагогов, но и изучать литературу по проблеме и участвовать в ее обсуждении. Родительские чтения можно организовать следующим образом: на первом собрании в начале учебного года родители определяют вопросы педагогики и психологии, которые их наиболее волнуют. Учитель собирает информацию и анализирует ее. С помощью школьного библиотекаря и других специалистов определяются книги, с помощью которых можно получить ответ на поставленный вопрос. Родители читают книги, а затем используют рекомендованную литературу в родительских чтениях. Особенностью родительских чтений является то, что, анализируя книгу, родители должны изложить собственное понимание вопроса и изменение подходов к его решению после прочтения книги. Такая форма помогает пересмотреть свои взгляды на воспитание, познакомиться с традициями

воспитания в других семьях. Родительские чтения – прекрасная возможность знакомства родителей с интересной детской литературой, новыми именами, которые на слуху у детей, но неизвестны их родителям.

В последнее время достаточно эффективной формой формирования культуры быть родителем стали родительские тренинги. Родительские тренинги это активная форма работы с теми родителями, которые осознают проблемные ситуации в семье, хотят изменить свое взаимодействие с собственным ребенком, сделать его более открытым и доверительным и понимают необходимость приобретения новых знаний и умений в воспитании собственного ребенка. В родительских тренингах должны участвовать по возможности оба родителя. От этого эффективность тренинга возрастает, и результаты не заставят себя ждать. Такой тренинг называется тренингом родительской эффективности. По результатам участия в тренинге школьный психолог проводит собеседование с классным руководителем и дает ему рекомендации по организации взаимодействия с каждым ребенком и с каждой семьей. В групповые тренинги нужно привлекать не только детей, которые являются трудными, но и одаренных, а также детей, тяжело переживающих семейные драмы и часто болеющих. Родительские тренинги являются активной формой работы школы с родителями, которые хотят изменить свое взаимодействие с собственным ребенком, сделать его более открытым и доверительным. В родительских тренингах должны участвовать оба родителя.

Родительские ринги одна из дискуссионных форм общения родителей и формирования родительского коллектива. Родительский ринг проводится с той целью, чтобы многие родители могли утвердиться в правоте своих методов воспитания или провести ревизию своего педагогического арсенала, задуматься над тем, что в воспитании своего ребенка они делают правильно, а что не совсем так. Родительский ринг готовится в виде ответов на самые актуальные вопросы педагогической и психологической науки. Вопросы выбирают сами родители. Они могут сделать выбор тем уже в самом начале учебного года. Перечень проблемных вопросов для участия в ринге родители получают на первом родительском собрании. В ходе проведения ринга по одному и тому же вопросу ведут полемику две или более семей. У них могут быть разные позиции, разные мнения. Остальная часть аудитории в полемику не вступает, а лишь поддерживает мнение семей аплодисментами. Экспертами в родительских рингах могут выступать молодые педагоги, работающие в школе, и даже ребята-старшеклассники, у которых уже не за горами приобретение родительского опыта. Последнее слово в ходе ринга остается за специалистами, которых необходимо приглашать для участия во встрече, или за классным руководителем, который может привести веские доводы из жизни классного коллектива в защиту определенной позиции. Полезность таких встреч состоит еще и в том, что они позволяют снять всякие закулисные разговоры среди родителей по вопросам организации образовательного пространства их детей, содержания учебного и воспитательного процесса.

Заранее продуманная и четко организованная система сотрудничества имеет огромное значение в работе школы с семьей. Смысл педагогического взаимодействия семьи и школы заключается в создании условий для комфортной, радостной, счастливой, т.е. нормальной жизни ребенка для развития его индивидуальности в общем доме «школа-семья». Взаимодействие школы и семьи в воспитании необходимо, поскольку родители хотят видеть своих детей достойными гражданами нашего общества. Без помощи семьи школа не может обеспечить высоких результатов воспитания.

1. Голод С.И. *Историко-социологический анализ семьи.* – М., 1998.
2. Куликова Т.А. *Семейная педагогика и домашнее воспитание.* – М., 1999.
3. Азаров Ю.П. *Семейная педагогика: Педагогика Любви и Свободы.* – М., 1993.
4. Петровский А.В. *Дети и тактика семейного воспитания.* – М., 1981.
5. Урбанская О.Н. *Работа с родителями младших школьников.* – М., 1986.
6. Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии.* – М., 1998.
7. Тимченко И.Н. *Педагогика сотрудничества.* – Новосибирск. 1989.
8. Коджаспирова Г.М. *Педагогика.* – М., 2004.

#### **Түйін**

Бұл мақала отбасы мен мектептің ынтымақтастық мәселесіне арналған. Қазіргі кезеңде отбасы мен мектептің ынтымақтастығы нақты бағыттар бойынша және белсенді формалардың көмегімен жүзеге асырылады

**Summary**

Article is devoted to a problem of cooperation of a family and school. At the present stage cooperation of a family and school is carried out on concrete the directions and by means of active forms.

**ЕЛІМІЗДІҢ ЕГЕМЕНДІГІ – СТУДЕНТ-ЖАСТАР БОЛАШАҒЫНЫҢ ҮЛГІСІ**

**Б.Т. Умаргазинова** – *п.ғ.к., доцент, Мектепке дейінгі, бастауыш білім беру және педагогика кафедрасы*

Тәрбие — жеке адамды мақсатқа сай қалыптастыру болғандықтан, ол мемлекеттің экономикалық жағдайына байланысты ізденісті, толғанысты қажет етеді. Егер сол экономиканы болашақта дамытатын жастар екенін ескерсек, сөз жоқ оларға білім ғана емес, тәрбие де беру керек. Сонда тәрбие мазмұны қандай болмақ? Әрине тәрбие мәселесі қолдан жасалатын нәрсе емес, ол халықтың этникалық өміріне, яғни ата-баба дәстүрі мен салтына, әдет-ғұрпына және күнделікті өмірдің талабынан туындайды.

Әрбір халық, әрбір адам өз ұрпағының болашағына жанашырлық жасап, өмірдің талабына сай тәлім-тәрбие беруі – міндетті іс. Егер санасыз торғайдың тіршілігіне қарасаңыз, құлқын сәріден ымыртқа дейін дамылсыз жем іздеп, балапаны шыр етсе, қасында болып қашан ұядан ұшқанша қамқорлық жасайтыны белгілі. Ал саналы адамның өз ұрпағына деген қамқорлығы одан әлде қайда жоғары болса керек. Мұны қинала айтып отырған себебіміз соңғы кезде нарықтық қатынасқа байланысты тәрбие мәселесі назардан тыс қалып бара жатқанға ұқсайды. Бұлай дейтініміз жастардың әр түрлі сипаттағы қылмысты әрекетінің саны көбеюде, оған үйелменнің, мектеп пен басқа да оқу орындарының тәрбиелік ықпалы төмендеуде. Әрине тәрбие ісі мүлдем ойландырмайды деп айту артықтау болар.

Қазақстан Республикасының Конституциясы жобасында, білім беру тұжырымдамасында бұл мәселеге тиісті орын берілген. Соған сәйкес ұлттық тәлім-тәрбиеге сай оқу жоспары, бағдарламасы, оқулықтар, арнаулы дәрістер жасалуда, ұлттық тәлім-тәрбие беретін лицейлер мен гимназиялар және жоғары оқу орындарында қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбие кафедралары ашылуда. Алайда, осы жұмыстардың ықпалды әсері төмен, өйткені арамызда ұлттық тәлім-тәрбие беру ұлтшылдық емес пе деп қорқатындар, болмаса болған іске қанағат тұтып ізденбей тоқыраушылыққа түсетіндер, өзінің қызмет бабын пайдаланып істі тежеушілер және ұлттық сезімі мен намысы төмен адамдар да жоқ емес. Тіпті кейбір мамандар мен іс басында отырғандар жастарға болашақ мамандығына сай білім берсек жеткілікті емес пе деген пікірді де айтып жүр. Бұл – қауіпті пікір, себебі адам баласының ғасырлар бойы жинақтаған өнегелік мұрасын жеке пәндердің мазмұнынан алып тастау, білім беру болып саналмайды, қайта білімді жоққа шығару болып табылады.

Мұнымен келісуге болар, бірақ ұрпаққа адам баласы жасаған ғылымды ұғым, түсінік, ой қорытындысы түрінде бере отырып, тәрбиелеу ісі жүргізіледі. Демек білім беру, тәрбиелеу – өмір шындығы.

Ата-бабаларымыз «Әкеге қарап ұл, шешеге қарап қыз өседі», «Ұл туса елдің, қорғаны, қыз туса елдің көркі», «Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол» деген мақалдары бекер айтылмаған. Мұның түп төркіні әке мен шешенің баланы тәрбиелеу міндеттілігін көрсетеді. Біз жұмыс бастылыққа салынып бұған мән бермейміз, тіпті кейбір ата-аналар тарапынан баланы бұзу жағдайлары да байқалады. Мысалы, ата-аналардың өзіне ерік беріп, бала алдында түрлі қылықтар жасауы, боқтық сөз айтуы, баланың есейгендігін аңғармауы, оларды құрметтемеуі, үйелменнің шырқын бұзуы, баланың иманжүзділігін жойып, теріс қылықтардың орын алуына ықпал етеді. Міне, сондықтан ата-аналар үйелмен өмірінің ұсақ-түйегіне дейін ескеріп, баланы тәрбиелейді. Егер тарих бетіне жүгінсек, көшіп-қонып өмір кешкен қазақ үйелменінде есімі әлемге әйгілі Қорқыт-Ата, Төле би, қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, туған жерін жаудан қорғау борыштылығын түсінген Қабанбай, Бөгенбай Жанқожа, Сырым, Тоғанас сияқты батырлар тәрбиеленген. Бұл қазақ үйелмені тәрбиесінің өзіндік құдіретінің барлығын оған сай жастарды тәрбиелеу қажеттілігін көрсетеді. Демек, қазақ отбасы тәрбиесінің мазмұны халқымыздың мақтанышы болған ұл, қыздарының өмір жолын оқып, олардан өнеге алуға, қазақ отбасының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарының артықшылығын білуге, оған сай өзін-өзі тәрбиелеуге, әке мен шешеден өнеге алуға, иманжүзділікке, жақсыны үйреніп, жаманнан жиренуге және жастардың бойында ұлттық, ссзім мен намысты қалыптастыруға бағытталуы керек. Осы тұста кеңестік құрылыстың әсерінен баланы жеке ананың, болмаса жеке әкенің тәрбиелеуін және тастанды, балалардың барлығын айтпай кетуге болмайды. Әдетте мұндай балалардың мінез-құлқында өзін жалғыз сезіну, жасқаншақтық, өзгеге сенбестік, қайсарлық, өжеттік сияқты белгілер дамиды. Мұның бәрі жас жұбайлардың некеге жауапкершілігінің болуы, болмауынан.

Біздің пікірімізше, теріс жағдайды болдырмаудың басты жолының бірі – ата-аналардың жас жұбайлар отауын құруға араласуы, оған бағыт-бағдар беруі.

Ата-бабамыз «Құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық» деп айтқан. Бұл сөздің түпкі мағынасы – құдалар бір-бірін сыйлайтын, сөздерін екі етпейтін «қан құйысып» туысқан болған адамдар. Олар осы қасиетін қарым-қатынас жасау (құда шақыру, құдаға сый-құрмет көрсету т.б.) арқылы жас жұбайлардың отбасына өнеге болған. Егер жас жұбайлардың үйелменінде келіспеушілік бола қалса құдалар өзара келісіп, келеңсіз жағдайларды тоқтатқан. Мұның өзі құдалардың арасын жақындата түсіп, өнегелік қасиетін жоғарылатқан. Ата-бабадан қалған құдалар арасындағы осындай дәстүрлі қасиеттер өшкесін, жастар да жалған «сүйдім-күйдім» деген сөздерге әуес болып жүр. Бұл – адамның эрекетін жақсартатын қасиет емес, керісінше, азғындататын қасиет.

Жастардың бірін-бірі құрметтеп жақсы үйелмен құруға себепші болатын ата-бабамыздан қалған дәстүрлер баршылық. Мысалы, баланы жас кезінен атастыру, құда түсу, қалыңдық көру, келін алуға арнап отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізу, қашан жас жұбайлар «өзіне-өзі келгенше» ата-анамен бірге тұру, яғни бойында ізеттік, мейірдандық, туыскандық, отбасын құрметтеу қасиеттері байқалғанға дейін еншісін бермеу т.б.

Біз соңғы кезде баланың тәрбиесіне «еркіндік берейік» деген сөзді жиі айтып жүрміз. Бұны дұрыс түсіну керек. Біздің пікірімізше, баланың еркіндігі ойында, бейімділігінде қабілетінде, қызығуында және оқуында болады. Ал тәрбиеде қандай еркіндік болмақ? Егер тәрбиеде еркіндік болса, бала өміріне қажетті өнеге болатын қасиеттерді өз бетінше үйренбейді. Оны ересектердің ықпал көмегімен меңгереді. Бала «мен ғалым болайын, болмаса есімім елге тараған ата-ана болайын» деп алдына мақсат қоймайды. Оған бейімдейтін біз, яғни ата-аналар мен мұғалімдер. Демек, балаға тәрбие беру – өмірдің қажеттілігі. Оның мәнін еш төмендетуге болмайды. Осы тұста айта кететін бір мәселе – жастардың эротикалық, сексуалдық сипаттағы бейне фильмдерді көруге әуес болуы. Мұндай фильмдерді көрсету біреулер үшін пайдалы болуы мүмкін, бірақ бала тәрбиесінде пайдасы жоқ, қайта зиянды.

Өйткені бала жас кезінен жыныстық қатынасқа бой ұрып «бетінің қытығы», біртіндеп кетеді. Нәтижесінде өзгеден ұялмайтын болып, қалағанын жасау «еркіндігі» пайда болады. Мұндай жастар үйелменді болуды керек етпейді немесе қайраты кетіп қажыған қариялар сияқты үйелмен құруға шаршап кетеді. Сөз жоқ мұндай үйелмен ұзақ өмір сүрмейді. Өйткені бойындағы «қытығы» кетіп тозғандардың, көңілі тез арада өзгеге ауып, отбасында тұрақсыздық көрсетеді. Міне, сондықтан кешіктірмей шетелдік эротикалық, сексуалдық сипаттағы бейне фильмдерді мектеп жасындағы балалардың көруіне тыйым салу керек. Әрине тәрбие тұрақты емес. Ол заманның талабына сай өзгеріп жаңаратыны белгілі. Бірақ ата-баба дәстүрі мен салты ғасырлар, бойы екшеліп талай түзетулерден өткендіктен ескірмейді. Сондықтан ол әр уақытта тәрбиеге арқау болады.

Ол бірінші, екінші курста оқушыны, оқушылар ұжымын зерттеп тану, олармен қарым-қатынас жасау, мұғалімдік мамандықтың (сынып жетекшіліктің) ерекшеліктерін білуге, ал үшінші (төртінші), төртінші (бесінші) курстарда мамандығы бойынша пәнді оқыту, сынып жетекшісі ретінде оқушылармен тәрбие жұмыстарын жүргізу мақсатын көздейді. Бірінші, екінші курстағы практика оқудан қол үзбей 4-5 апта (аптасына бір рет), үшінші, төртінші курстағы практика оқудан қол үзіп, 8 апта мерзімдеріне ұйымдастырылса жеткілікті болар еді.

Педагогикалық практиканы мәнді өткізу студентті бекітілген сыныбындағы пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің тәжірибесін үйренумен шектелмей, мектептегі озық ой-пікірі бар мұғалімдердің іс-тәжірибесін үйренуге, жаңашыл мұғалімдердің педагогикалық тиімді нұсқауларын өз ісіне қолдануға және жоғары педагогикалық оқу орнының қарауында жұмыс жүргізетін мектептерді құруға байланысты. Мұндай мектептер – тірек мектебі ретінде жабдықталып жыл бойына үздіксіз практика өткізуге бейімделеді.

Жастар болашағының жарқын болуының тетігі өз қолымызда екенін ұмытпайық.

## **БОЛАШАҚ ТӘРБИЕШІ-ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТІЛДІК-МӘДЕНИ ДЕНГЕЙІН КӨТЕРУДЕГІ «БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ» ПІНІНІҢ РОЛІ**

**Г.З. Таубаева – доценті, п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ**

Қазақ халқының рухани қайта өркендеуі жағдайында келешек ұрпақты өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен тәрбиелейтін, халық педагоги-

және негізгі мектептердің қысқарып, орта мектептердің көбейіп келе жатқанын байқатады. Соңғы 15 жылдың ішінде ШЖМ екі есе көбейді. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: Қазақстандық білім беру жүйесінің ерекшелігі – мектептердің жалпы санының 56,5%-ын құрайтын (2005 жылы – 52%) ШЖМ болуы. Оның ішінде, ауылдық жерлерде – 68,6%. Іс жүзінде әрбір төртінші мұғалім ШЖМ-да жұмыс істеп, әрбір алтыншы қазақстандық оқушы ШЖМ-да оқитыны» атап көрсетілген /2/.

Қазіргі жаһандану заманында өркениетті елдердің білім беру саласындағы алдыңғы қатарлы озық педагогикалық идеяларын және олардың тәжірибесіндегі оқытудың инновациялық технологияларын қолданбау мүмкін емес. Өйткені, ортақ білім жетістігін түзуге және ықпалдаса жұмыс жасауға талпыну өмір талабынан, қоғам дамуының жаңа сатысының талаптарынан туындап отыр. Ендеше, педагогика ғылымы мен тәжірибесінде белгілі әр алуан оқыту технологиялары ішінен тиімділігін таңдап алу немесе қандай да бір оның түріне тән әдіс-тәсілдер жиынтығын қолдану мүмкіндігін анықтауға тура келеді. Мұның барлығы болашақ ұстазды осындай іс-әрекетке дайындау қажеттігін аңғартады.


Қазіргі заманғы қоғамның болашағы – өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуы мұғалімнің қандай болуына байланысты. Сондықтан білім берудің қазіргі жайы мұғалімнен әлдеқайда жоғары деңгейдегі кәсіби іс-әрекетті талап етеді. Ол өз кезегінде жоғары мектептегі оқу пәндерін оқыту мәселесіне ерекше көңіл бөлу керектігін көздейді. Оның үстіне соңғы жылдары жоғары оқу орындарында кредиттік оқыту жүйесіне көшумен байланысты маман дайындау мәселесі тәжірибеге ендіріле бастады. Осыған орай, қазіргі заман талаптарына сай бакалавриат деңгейінде мұғалімді кәсіби дайындау мазмұнын құру қажеттігі туындайды.

Білім беру жүйесінде көрініс табатын инновациялық үдерістер өзіндік механизм ролін атқарады. Осының әсерінен оқытудың мақсаттары, мазмұны, әдістері мен технологиялары сияқты жекелеген құраушылары, соның ішінде, алдымен мұғалімнің өзі де өзгеріске ұшырайды. Қазіргі таңда қазақстандық мектептегі білім берудегі инновациялық қозғалыстың өзіндік ерекшелігін оқып үйренбеген, білім беру жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттің мән-мағынасын түсінбеген, инновациялық білім беру технологияларын игермеген мұғалім педагогикалық сауатты, құзыретті маман болып есептелмейді.

Инновациялық іс-әрекет қалыптастыру проблемасына мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетіне дайындығы жайлы зерттеулер мазмұны жағынан жақын, олар түрлі ғылыми әдебиеттерде кең түрде көрініс тапқан (Гребенюк Т.Б., Дурай-Новаков К.М., Лазарев В.С., Щербаков А.И., Кузьмин Н.В., Марков А.К., Гोनоболин Ф.Н.).

Қазақстан Республикасы жағдайында мұғалімдер дайындаудың әр түрлі мәселелері (Ш.Әлжанов, Қ.Бержанов, М.Нұғманов, К.Құнантаева, Б.И. Құдайқұлов, Т.С. Сабиров, А.П. Сейтешев, А.И. Сембаев, А.И. Ситдыков, Г.К. Нұрғалиева, Г.А. Уманов, Г.Т. Хайруллин, Н.Д. Хмель және т.б.); жоғары оқу орнына дейінгі, жоғары оқу орны жағдайында және оны бітіргеннен кейінгі кезеңдердегі мұғалімнің жеке тұлғасының қалыптасуы (Б.В. Друзина, Н.К. Закирьянов, Л.Н. Маркина, Г.А. Критинина және т.б.); арнайы орта оқу орындарындағы студенттердің кәсіби дайындығы (А.Ж. Абдукаликова, Л.И. Лапочкина, Р.Р. Масырова және т.б.) жан-жақты талқыланған, сондай-ақ нақты кезеңдерде зерттеліп, өзіндік шешімін тапқан.

Жоғары оқу орнына арналған ресми-құқықтық, ресми-нормативтік құжаттардан, арнайы бағдарламалар мен тұжырымдамалардан, ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерінен, кредиттік технологияларға көшуден, инновациялық оқыту технологияларының жасалуы, қолданылуы және таралуынан, Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттарынан, типтік оқу жоспарларынан, педагогикалық кадрларды дайындаудың қазіргі кездегі үдерістен туындайтын алғышарт – бүгінгі күннің талаптары тұрғысынан мұғалімдер дайындаудың жаңа концепциясы жасалуы тиіс. Болашақ бастауыш сыныптар мұғалімдері жоғары оқу орны қабырғасында педагогикалық, психологиялық дайындықтан ғана өтіп қоймай, бастауыш мектепте оқытылатын барлық пәндердің теориясы мен технологиясынан қажетті білім, білік және дағдылардың, құзіреттіліктердің белгілі бір көлемін игеруі тиіс. Біздің ойымызша, болашақ маман дайындаудың концепциясы мыналарды қамтуы тиіс: әдіснамалық, психологиялық, педагогикалық, пәндік-теориялық, пәндік-әдістемелік.



Әдіснамалық дайындық философиялық категорияларға, диалектика заңдарына, адам-тұлға, таным, қоғам сияқты мәселелерді игертумен, дүниені, қоғамдық өмірдің құбылыстарын танумен байланысты болады.


Психологиялық дайындық болашақ мамандарды «жалпы психология», «жас ерекшелік психологиясы» курстарынан адам, жеке тұлға, оның қалыптасуы мен даму заңдылықтары, таным процестері, жас кезеңдерге бөліну мен мектеп жасындағы, әсіресе кіші мектеп жасындағы балалардың өзіндік ерекшеліктерін, олардың әр кезеңдегі даму ерекшеліктерін білу, соған сәйкес түрлі іс-әрекеттер ұйымдастыра алуы барысында жүзеге асады.

Педагогикалық дайындық жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің бойында болуға тиісті білім, білік, дағдылар мен күзiреттiлiктердiң қалыптасуын жүзеге асыратын негiзiн дайындық екенi белгiлi. Математиканы оқыту әдiстемесi – «математиканы оқытудың заңдылықтарын зерттейтiн педагогиканың бiр бөлiмi немесе тармағы». Болашақ мамандар математиканы оқыту барысында «дидактикалық принциптердi, оқыту мен тәрбиелеу барысын құрудың әр түрлi тәсiлдерiнде көрiнiс табатын заңдылықтарды» бiлуi тиiс /3/.

Пәндік-теориялық дайындық болашақ бастауыш сыныптар мұғалімдері математикалық пәндердің жоғары оқу орнында оқытылатын пән ретіндегі әдіснамасын, пәні мен нысанын, мақсаты мен міндеттерін, зерттеу әдістерін біліп қана қоймай, математиканың бастауыш мектептегі оқу пәні ретінде бастауыш математика курсының құрайтын аса маңызды ұғымдар мен оларды оқытудың амал-тәсілдерін игеруді көздейді.

Пәндік-әдістемелік дайындық болашақ бастауыш сыныптар мұғалімінің жеке тұлға ретінде қалыптасуына бірден-бір септігін тигізетін негізгі дайындықтар жүйесін құрайды. Мұнда болашақ мамандар кәсіби іс-ірекетіне қажетті оқу-тәрбие үдерісі, оны ұйымдастыру, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы ретінде әлі күнге өзектілігін жоймаған сабақ, математика сабағының ерекшелігі және оны оқытудың мақсаты мен міндеттерін, әдіс-тәсілдерін, көрнекілігін анықтау, кезеңдерін анықтай алу және соған сәйкес өзінің және алдындағы «белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әртүрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа түсетін автор және жас ерекшелігіне сәйкес өз жасын қалыптастыруға күш жұмсап, еңбектенетін баланың» – әрекетін ұйымдастыра, басқара алатын күзiреттi тұлға ретiнде қалыптасады.

Болашақ бастауыш сыныптар мұғалімдерін инновациялық іс-әрекетке дайындау оларды жаңалықты қабылдау, түсіну, қабылдау және қолдану мен онымен байланысты әрекеттерді басқару жайлы білімі мен білігі және дағдыларының болуын қажет етеді. Болашақ маман алдымен «инновациялық іс-әрекет» ұғымының мазмұнын түсінуі тиіс. Қазіргі заман бастауыш мектептерінде болып жатқан жаңалықтар, олардың мазмұны, заман талабына сай екендігі, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық технологиялар, олардың мазмұны жайлы білімі болғаны дұрыс. Сонымен бірге, инновациялық іс-әрекеттің дәстүрлі әрекеттен айырмашылығы, яғни аталмыш ұғымның мәнді белгілері жайлы білімі болуы да талап етіледі.



Біздің міндетіміздің педагог-кадрларды жаңалыққа жақын болуға, жаңа мен «ескіні» үндестікте шығармашылықпен пайдалануға, жаңадан, новациядан қорықпай, қазіргі заман талаптарына сай өз кәсіби іс-әрекетінде қолдана алуға, бір сөзбен айтқанда, иновациялық іс-әрекетке, иновациялық технологияларды тиімді пайдалануға дайындау болып табылатындығын баса айту еді..

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: Болашаққа интеллектуалдық секіріс. – Ана тілі. №41 (982), 15-21 қазан, 2009.

2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана: Ақорда, 2010.

3. Типтік бағдарлама. Бакалавриат. – Алматы, 2007.

### Резюме

В статье рассматриваются проблемы подготовки будущих специалистов к инновационной деятельности в малокомплектных школах РК.

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН САҚТАНАЙЫҚ!

**С.Т. Кокенов** – Сауықтандыру дене мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы

Төрекожа Ханқожаұлы өзінің шығармашылық еңбектерінің бірінде:

*«Жігітке дәулет те көп, байлық та көп,  
Қызығы дүниенің есен-саулық»* – дейді

Не дегенмен, орынды айтылған сөз. Байлығың да, барың да тек, деніңнің саулығы емес пе? Әрине адам баласы үшін денсаулықтан артық бағалы зат жоқ.

Жиырмаға енді толған дархан даламыздың, айбынды еліміздің болашағы жалынды жастар екені баршаға мәлім болса, ал жастардың өз елін дамыған мемлекеттің қатарынан көрінуге атсалысу үшін, әрине, ең бастысы – білім және денсаулық керек. Қазіргі мемлекетіміздің жастарға қойып отырған талаптарының бірі де сол – сапалы білім алып, салауатты өмір салтын сақтау болып табылады [1].

«Ауру – сырқаудан сау дене дұрыс рухтың жемісі болып табылады» – деген орыстың атақты ғалымы И.П. Павлов. Ал осы дұрыс рухтың жемісіне айналдыру үшін ауру-сырқаудан сау денені қалай қалыптастырамыз? – деген сұрақ көкейіңді тесіп өтеді. Бұл сұрақтың жауабы барлығына да аян, яғни денеміздің дұрыс рухтың жемісіне айналуына әкеп соқтыратын, сауықтандыратын, салауаттандыратын өмір жаршысы – спорт дер едім.

Салауатылыққа тәрбиелеу ұстаздар қауымына қойылған міндет болса, қазіргі жастардың біршама-сы осы міндеттерді орындап, саулықтың байлық негізі екенін естен мүлде шығармайды. Мәселен, Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университеті студенттерінің спортты сүюіндегі құлшыныстарын байқауға болады. Ал осы білім ордасының «Сауықтандыру және дене мәдениеті» кафедрасының жастардың құлшыныстарына серпін беріп, салауаттылыққа тәрбиелеу ісінде атқарып жатқан іс-әрекеттері жетіп-артылады. Әрине, әр студенттің, әр адам баласының салауатты, ауру-сырқауды сезбей өмір сүруіне біз өз көмегімізді беріп, сол жолда аянбай еңбек етеміз. Жалынды жастырдың сау жүздерін көру біздер үшін үлкен бақыт десем қателеспеймін. Себебі жастар мықты болған сайын мемлекетіміз де нығайып, дамыған үстіне дами түспек.

Кафедра ұжымы ең алдымен қазіргі заманында жастарымыздың түзу жолдан адасып, шылым шегіп, ішімдік ішіп, нашақорлыққа әуестеніп жаман жолға түсіп кетпей, денсаулығын ойлап, салауаттылықты сақтауы, салауатты өмірге бейімделу жолында тер төгіп жүргенін көріп қуанамыз, және біздің ұжым жоғарыда аталған жаман әдеттерге бет бұруынан жастарымызды қорғап қалуға іс-әрекеттерді ұйымдастырып жүргізіп жатыр.

Мәселен, кафедра оқытушылар арнайы сабақтармен қоса түрлі спорттық ойын түрлерімен шұғылдандырып, қосымша сабақ түрлері, жаттығу жұмыстарын, көптеген сайыстарды өткізе отырып жастарды өздеріне баурап алып, спортпен шұғылданып, салауатылыққа негіздейді.

Биылғы жаңа оқу жылы бастала салысымен-ақ студенттер өздерінің сабақтарына атсалысып, түрлі спорт түрлерінен ұйымдастырылған жарыстарға қатысуға өз ұсыныстарын білдірді.

Атап айтсақ, қыркүйек айынан бері түрлі спорт түрлерінен сайыстар өткізілді. Спорттың футбол, волейбол, баскетбол сияқты тағыда басқа ойын түрлерінен факультет аралық сайыстар өткізіліп, студенттер қарқынды жұмыс атқарды. Осы сайыстарда жүлделі орын алғандар оқу орнының арнайы дипломдары мен бағалы сыйлықтарға ие болды. Сонымен қоса қараша айында «Студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтары» қоғамдық бірлестігінің Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерей тойына байланысты волейболдан өткен қыздар арасындағы қалалық оқу орындары арасындағы тартыста біздің Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің факультетаралық студенттер арасынан құрылған қыздар 1-орынға ие болып, арнайы диплом мен сыйлыққа иелік етті. Және біз бұны мақтанышпен айтамыз.

Сондай-ақ Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арнап «Спартак» стадионында 11-қараша күні жастар арасында ұлттық спортымыздың бір түрі – тоғызқұмалақтан сайыс ұйымдастырдық. Бұл тартысқа да біздің жастарымыз қарқынды атсалысты. Және алдағы уақытта стол теннисінен факультет аралық сайыс ұйымдастырылады деп жоспарлануда. Жалпы алғанда жастардың қарқындылығы өте керемет.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» – деген қазаққа бір сөз бар. Негізінен біздің оқу ордамызда алғаш рет Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінде әлемде кең тараған және қарқынды дамыған спорттың «черлидинг» атты бір түрі енгізілді. Әрине, бұл біздің қара шаңырағымыздағы қуанышпен айтатын басты жаңалық болып табылады. Яғни ауырмайтын жол іздеуде алдыңнан табылатын салауаттылықтың жаршысының бірі осы спорт түрі деп білеміз. Бұл спорт түрі биылғы жаңа оқу жылынан бастап енгізіліп, студенттердің сүйікті спорт түрлеріне (әсіресе қыздарда) айналып бара жатыр десем артық емес шығар. Ал осы спорт түрінің жай-жапсарын айта кетсек:

Черлидинг – бұл көптеген қимылдарға – би, гимнастика, акробатика, аэробика элементтеріне толы спорттың жаңа түрі [2].

Черлидинг – XIX ғасырда Америкада пайда болған. Өздерінің командаларын футбол матчтарында қарқынды қорғаған бозбалалар ойлап тапқан. Алғашында балалар керілген плакаттармен тұрып алып, айқай-шу көтеріп, көпшіліктің назарын өздеріне аударған. Кейінірек бұл додаға қыздар қосылды, сөйтіп біртіндеп жанкүйерлердің өжеттік рухын көтеру үшін ойын алаңдарында қолдау көрсететін жеке топтар құрылды.

Черлидинг – бүгінгі күні негізгі екі бағыты бар «cheer» (акробатикалық) и «dance» (билейтін) дербес, тәуелсіз спорттың түрі.

Қазақстанда черлидинг алғаш рет 50-ге жуық командалар қатысқан дербес чемпионаттар мен фестивальдардың деңгейіне жетті. Соңғы үш жылда черлидингтің көптеген білім мекемелерінде белсенді

түрде дамуына қарағанда, спорттың бұл түріне деген қызығушылық өте жоғары.

Черлидинг – бүгінгі күні әлемде ең кең тараған және қарқынды дамыған спорттың түрі болғандықтан, спорттың бұл түріне студенттерді көбірек тарту басты міндет. Себебі, би мен акробатика элементтері үйлесім тапқан өте әдемі шоуа студенттер топ болып жұмыс істеуге, бос уақыттарын пайдалы әрі қызықты өткізуге дағдыланады, сондай-ақ бой жетіп келе жатқан қыздардың дене бітімінің әдемі болып қалыптасуына тигізер пайдасы зор. Черлидинг сияқты әдемі көрініске бай жаңа спорт түрін дамыту арқылы жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мен оны насихаттау қажеттігі туралы Елбасының алға қойған халық денсаулығын жақсартуға арналған маңызды міндеттерінің бірін жүзеге асыру болып табылады [2].

Черлидинг ойының жеке ерекшеліктеріне қатысты мәнерлеп өлең айтудан басқа: секіру, би, шапалақтау, гимнастикалық және акробатикалық жаттығулар, таяныштар мен пирамида сияқты ойын түрлері бар. Черлидингтің пайда болуы мен дамуы ХІХ ғасырдың аяғында АҚШ университеттерінде бастау алған американдық футболмен тікелей байланысты. Ресейде алғашқы черлидерлік топтар 1990 жылдардың аяғында пайда болса, Қазақстандық Черлидинг Федерациясы өзінің іс қимылын 2007 жылдың сәуірінде бастады.

Ал осы спорт түрін жақсы көруді біздің студенттеріміз одан әрі жалғастыру үшін біздің тарапымыздан ең алғаш осы спорт түрінен түрлі іс-шаралар, сайыстар ұйымдастырса онда жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорт пен дене тәрбиесін барынша дамыту жоғарғы деңгейге жетеді деп сенемін.

Және де осы басқада спорт түрлерімен жастарымызды қамтып солардың денінің саулығына біз бар күшімізді саламыз. Сондай-ақ сайыстардың өту шарасы әліде алда демекпін. Сондықтан жастарға, бүкіл адамзат баласына салауатты өмір салтын сақтанайық! Себебі салауаттылық біздің өміріміздің айнасы. Және де спорпен шұғылданып, ауырмайтын жол іздейік демекпін.

1. *ФК және спорт. – Алматы, 1998.*

2. *www.cherliding.ru.*

3. *Сауықтандыру дене мәдениеті кафедрасының тәжірибиесінен.*

#### **Резюме**

В этой статье рассматриваются вопрос о здоровом образе жизни молодежи-студентов на базе кафедры оздоровительной физической культуры.

#### **Summary**

In this article, are considered eligible question about a healthy way of life of young people-students on the basis of the department of health-enhancing physical culture.

### **БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІН ОҚЫТУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**А.О. Абдықадыров – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ**

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында: 2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс, – деп көрсетті. Мемлекет деңгейінде көтеріліп отырған білім беру мәселесі бүгінгі күні әлемдік білім беру кеңістігіне енудің алғышарты болып табылады.

Еліміздегі білім берудің жаңа жүйесі, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Осы себепті 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу тұсында мұғалімнің кәсіптік жетілуі мен дамуы тұрғысында көп мәселелер қарастырылуы да заңды.

12 жылдық мектептің басты мақсаты: жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, қоғам талабына сай өзін көрсете білетін жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойында қалыптастырған, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Осы мақсаттан келесі

міндеттер туындайды: тәрбиелеу және дамытушылық іс-әрекетін ұйымдастыру; құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамыту; оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен шығармашылық қабілетінің байқалуы мен қалыптасуына жағдай жасау.

Осындай ауқымды міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған 12 жылдық мектептегі қызметке болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы даярлығын қалыптастыру мақсатында біршама базалық және кәсіптендіру пәндерінің мазмұнына 12 жылдық мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің мазмұндық ерекшеліктеріне сәйкес өзгерістер енгізілген. 12 жылдық білім беру жүйесіндегі бастауыш мектептің оқу жоспарына енгізілген сабақтарды оқыту әдістемесін қарастыратын пәндердің бірі – «Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі» пәні. Бұл пән «Технология» білім беру саласы бойынша бастауыш мектепте оқытылатын «Көркем еңбек» пәнін оқытуға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мақсатында жүргізіледі.

«Көркем еңбек» – бейнелеу өнері мен еңбектің негізгі түрлерін, барлық қажетті материалдарды мазмұнына қарай біріктіріп енгізген кіріктірілген курс. Шығармашылық іс-әрекет барысында қоршаған ортадағы объектілерді бір бейнеде көрсету үшін өнер түріндегі көркемдік тіл (түс, сызық, штрих, көлемді пластика, стилдеу, көлем, кеңістік, конструкция, композиция т.б.) және материалдың физикалық қасиеттерінің (ерігіштігі, жабысуы, иілуі, бүктелуі т.б.) мүмкіндігі пән мазмұнында кіріктіріліп берілген.

Бұрынғы оқытылған екі пәннің біріктірілуі жоғары деңгейлі белгілі бір нәтижеге жетуге, шығармашылыққа баулуға жағдай жасайды.

Пәннің мақсаты: баланың өзінің пәндік шығармашылық іс-әрекеті арқылы әлемді тану үрдісінде өзін-өзі дамытуға ұмтылатын тұлғаны дамыту.

Міндеттері: жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, шығармашыл тұлғаны дамыту, оның сапалық та біліктілік қасиетін қалыптастыру, алдына мақсат қоя білетін, мұғалім қойған не туындаған проблемаларды табатын және шешетін, өзінің ойын іске асыру үшін тиісті құралдарды таңдай алатын, өзінің тәжірибесін түсінетін және бағалайтын, өзінің сөйлеу мәнері мен эстетикалық талғамын үйлестіре білетін, адамның материалдық бейнесіндегі әлеуметтік-эстетикалық арман-мұратының жетістігі ретінде өнер туындыларымен жалпы таныстыру, эстетикалық тәжірибесі мен технологиялық білімін, білігі негіздерін баланың түпкі ойының практикалық түрде іске асыру негізінде қалыптастыру. Бұл міндеттер баланың көркем шығармашылық іс-әрекеті арқылы өз бетінше дамуын және жеке тұлға ретінде дамуын қамтамасыз ететін жалпы мәдени білімін іске асырады.

Сондықтан «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы үшін оқытылатын «Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі» пәні – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың педагогикалық жалпы жүйесінің ең бір маңызды бөлігі. Ол студенттердің пән бойынша теориялық білімді, практикалық білігі мен дағдысын меңгеруін, оны кәсіби іс-әрекетінде пайдалануды қарастырады. Бұл пән бәсекеге қабілетті маман даярлауда қазіргі қоғамның әлеуметтік сұранысын қанағаттандыратындай сапалық деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған пән болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-әдістемелік дайындау мақсатында пән бойынша теориялық материалдар, оны игертудің амалдары мен оқыту әдістерін қамтиды. Пәннің ерекшелігі бастауыш сынып оқушыларын Отандық және шетел, халықтық сәнді-қолданбалы өнер туындыларымен таныстыру әдістемесімен қатар студенттерге бейнелеу құралдарын еңбек іс-әрекетімен кіріктіре отырып, оқушылардың сурет салу, мүсіндеу мен жапсырмалау, әр түрлі конструктор құрастыру бойынша практикалық іс-әрекеттерін қалыптастыру әдістемесін оқытуды көздейді. Осыған сәйкес студенттерді ғылыми-әдістемелік біліммен қаруландырып (пәннің ғылым ретіндегі және оқу пәні ретіндегі ерекшелігін, «көркем еңбекті» оқытудың мақсаты мен маңызын, одан берілетін білім көлемін, оны жеткізу әдістерін, білім беруді ұйымдастыру формаларын, олардың түрлері мен типтерін, қажетті құрал-жабдықтарын т.б.), өз бетімен кәсіби әрекетін іске асыруға мүмкіндік жасайтын бірден-бір әдістемелік пән болып табылады. Сол себепті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындауда «Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі» пәнінің маңызы зор, яғни бұл курс – бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарындағы негізгі пәндердің бірі.

12 жылдық білім берудің басты мақсаты: жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, өзін-өзі дамытуға, өз ойын еркін айта білуге, қоғам талабына сай өзін көрсете білетін жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойында қалыптастырған, бәсекеге қабілетті, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Осы мақсат-

тан келесі міндеттер туындайды: тәрбиелеу және дамытушылық іс-әрекетін ұйымдастыру; құзыреттіліктерді қалыптастыру және дамыту; оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен шығармашылық қабілетінің байқалуы мен қалыптасуына жағдай жасау. Бұл мақсат-міндеттерді іске асыру оқытудың құралдары мен әдістерін жаңартуды, жаңа технологияларды пайдалануды талап етеді.

Бастауыш мектепте «Көркем еңбек» пәнін жеке тұлғаға бағдарлап оқыту жоғарыда айтылған 12 жылдық білім берудің басты талаптарына сай екенін байқауға болады. Өйткені жеке тұлғаға бағдарланған оқыту парадигмасының негізінде әрбір оқушының оқу өрісінің даралығын тану ниеті жатыр. Мұғалімнің рөлі білім беруде құзыреттіліктер, біліктіліктер мен дағдыларды қалыптастыру ғана емес, оқушы өзінің жеке әлеуетіне сүйенетін және оқытудың жаңа технологиясын пайдаланатын тиісті білім беру ортасын құруда болып отыр.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту үрдісінде оқушының өзін іс жүзінде көрсетуіне және оқытылатын пәндерді меңгеру барысында өзінің жеке қасиеттерін дамытуға арналған оқушы мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекеті түрінде көрінеді. Ынтымақтастықтағы оқыту үрдісі әрбір оқушының өзінің даму деңгейіне сәйкес оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұғалім өзінің іс-әрекеті арқылы педагогикалық үрдісті шығармашылықпен түрлендіре алады. Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту үрдісінде мұғалім жетекші, қуат беруші, жігерлендіруші рөл атқарады.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың басты мақсаттарының бірі оқушылар білімінің дербес модельдерін іске асырудың бір мезгілде жүргізілуі, бұл кезде әрбір оқушыға барлық оқу пәндерін меңгеруде өзіндік білім алу өрісін жасау мүмкіндігі беріледі.

Бастауыш мектепте жеке тұлғаға және нәтижеге бағдарланған оқытуды ұйымдастыру мұғалімдердің төмендегідей міндеттерді іске асыруын көздейді:

- пән бойынша тақырыпты, мақсатты нақты таңдай білу;
- әр сыныпта меңгерілетін ұғымдар мен түсініктерді жете білуі;
- білім берудегі міндеттерді шешуде әдістерді, рефлексия тәсілдерін, өзінің іс-әрекетін шығармашылықпен ұйымдастыру;
- әр сынып бойынша ізденімпаздық, шығармашылық жұмыстарды жүйелеп пайдалана білуі, үлгі бойынша немесе еркін тақырыпта әртүрлі шығармашылық жұмыстарды жасай алуға машықтандыру;
- бағдарламадағы оқыту нәтижелері бойынша «көркем еңбек» пәнінен білімді меңгертуі.

Қорыта келгенде, бастауыш мектепте оқушыларға «Көркем еңбекті» оқытуда бірқатар педагогикалық талаптарды орындау қажет деп санаймыз:

- педагогтар мен оқушылардың өзара әрекеттерінің жеке тұлғаға бағдарлануы;
- әрбір оқушыға іс-әрекет түрлерін және оған сәйкес құрал-жабдықтарды таңдау мүмкіндігін беру;
- оқушының тұлғалық, жеке бастық, эмоционалды-сезімдік, эстетикалық дамуында оның даралығын сақтауға ықпал ететін білім алу ортасын құру;
- дайын үлгіні жаңғырту және зерттеушілік шығармашылық іс-әрекеттің, белсенділіктің бірлескен және дербес түрін пайдалану.

Осындай педагогикалық талаптарды орындай білетін болашақ бастауыш сынып мұғалімдері бастауыш мектепте 12 жылдық білім беру жүйесіне сәйкес оқытылатын пәндердің бағдарламалық материалдарын еркін игерте алатын, оқу әрекетін оқушының қызығушылығы мен бейімділігіне қарай шығармашылық іс-әрекет тұрғысынан ұйымдастыра білетін, оқушылардың білімі мен қабілет деңгейін бағалай алатын, баланың жеке тұлғасын іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптастыра алатын болады деп ойлаймыз.

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы // Айқын, 30 қаңтар, 2010 жыл.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. Ресми басылым, – Астана, 2009. <http://www.portal.edu.kz>.

3. Жұмабаева Ә.Е. Шағын жинақты бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2010.

4. Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2008.

#### Резюме

В статье рассматриваются некоторые проблемы подготовки будущих учителей начальных классов, учитыва-

### Summary

The problem of this article are considered the preparing Future primary teachers at the subject of «Art work» in the 12-th years school education.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ СӨЗДІ ДЫБЫСТАУ МӘДЕНИЕТІНЕ ТӘРБИЕЛЕУ: МӘНІ, МАЗМҰНЫ

Г.Ж. Омарова

Бала тілін сәби кезінен бастап дамыту олардың ойын өрбіту, сол арқылы жеке басының қалыпта-суына жағдай жасау – оқу-тәрбие мәселесіндегі негізгі мақсаттардың бірі. Бала өз ойын тіл арқылы жеткізеді. Ал бала тілінің дамуы, оның сөйлеу мүмкіндігінің қалыптасуы бірден пайда болмайтын күрделі психологиялық процесс. Ол жүйелі жүргізілетін жұмыс түрлерінің негізінде жүзеге асады. Жас бүлдіршіндердің сауатты да мәдениетті сөйлеуі мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарына тікелей байланысты екені белгілі. Бала тілін дамытуда жүзеге асырылатын міндеттердің бірі тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу дегеніміз – сөйлеу барысында барлық тілдік құралдарды (дыбыстарды дұрыс айту, мәнерлеп сөйлеу тәсілдерін, есту қабілеттерін жетілдіру, дұрыс тыныс алу) орынды пайдалана білуге тәрбиелеу.

Балаларға ана тілін үйрету тәжірибесінен белгілі болғанындай, балаға ең қиыны жекелеген дыбыс-тардың артикуляциясын үйрену болып табылады. Егер баланың сөйлеуіндегі кемшілік дыбыс жағын-да болса, логопедтер мұндай кемшіліктің себебі, ең алдымен, баланын тілмен, аса маңызды артикуля-циялық органмен, дұрыс «жұмыс істеуді» үйрене алмауынан деп санайды. Балаларға көбірек қиын болатыны – таңдай ортасы дыбыстарын [р], [л], [ш], [ж]; кейде таңдай арты дыбыстарын [г], [к], [х] артикуляциялау.

Фонетикада фонемаларды дыбыстаған кездегі барлық артикуляциялық мүшелердің (тілдің, ерін-нің, тістің, дауыс шымылдығының және т.б.) жұмысы егжей-тегжейлі жазылған [1].

Мысалы, [ш] тілдің ұшымен айтылатын дыбыс (тілдің ұшы тістің етіне тиеді), ызың дыбыс (тіл тістің етіне толық тимейді, аздаған саңлау қалады), қатаң дыбыс (көмей жұмыс істемейді) болып келетіндігі мәлім. Осылайша барлық 37 дыбыс жіктелген.

Тек логопедтер ғана емес, әрбір тіл мәдениетін сақтаған тәрбиеші фонетикаға жүгінеді, сөз дыбыс-тарының «анатомиясын» білу балалардың оларды үйрену үдерісін тездетуіне көмектеседі. Дегенмен, дыбыстың артикуляциясын менгеру қиын әрі ұзаққа созылады; ол бес, кейде жеті жылға созылады: тез дегеннің өзінде балалар бестен алтыға аяқ басқанда ғана таза сөйлейді. Балалар бақшасындағы тәрбиелеу мен оқыту бағдарламалары баланы оқуға және жазуға үйрету басталған кезде – алты-жеті жасқа қарай барлық дыбыстардың артикуляциясын толық үйрену міндетін қояды.

Логопедтер сөз дыбыстарын олардың айтылуын қамтамасыз ететін артикуляциялық (дыбыс шыға-рушы) органдардың жұмыс істеу сипатына қарай былайша бөледі:

а) «ерте онтогенез» дыбыстары (онтогенез дегеніміз бала организмнің жеке дамуы): дауысты дыбыстар және дауыссыз [м], [п], [б], [т'], [д'], [н] дыбыстар;

б) «орташа онтогенез» дыбыстары: дауысты [ы]; меңгерілген дауыссыз дыбыстарды ұндығы және қатаңдығы бойынша жіктеу; [л]; барлық дауыссыз дыбыстарды үндендіру;

в) «кейінгі онтогенез» дыбыстары: тілдің алдының көтерілуін қажет ететін [р], [р'], [ш], [ж], [щ] дыбыстары, [л], [ц]' дыбыстары.

Сөз дыбыстарын бұлайша бөлу баланың белгілі бір артикуляцияны менгере алатын жас мөлшерін де көрсетеді. Сөз дыбыстарының осылайша бөлінуіне орай түрлі жастағы балаларға арнап дыбыс жаттығуларын жүргізу белгіленеді [2].

Сөйлеу қабілеті ойдағыдай дамып келе жатқан (сөйлеу әрекетінің дамуына логопедтердің арала-суы қажет емес) балаларға арналған артикуляциялық жаттығулар баланы дұрыс айтуға үйрететін дыбысты қамтитын сөздер мен сөйлемдерді олардың дауыстап айтуынан тұрады. Жаңылтпаштар мен белгілі бірыңғай дауыссыз дыбыстар қайталанып келіп отыратын өлеңдер бұл жерде дидактикалық материал қызметін атқарады.

Егер балалар орфоэпиялық жағынан дұрыс айтатын адамдардың арасында өссе, онда дұрыс айтуды үйрену міндеті оларда оңай шешілуі мүмкін, егер олар ересек адамдардың аузынан диалектілік немесе сөздің қате айтылуын естісе, үйренуі қиын (дәлірек айтқанда – ешқандай мүмкін емес).

Дауыс нақышын («эмоциялық мәнерлілік» мағынасында алғанда – дауыспен қуанышты, қайғыны, таң қалуды, ашулануды, шаттануды және т.б. білдіру) суреттеу қиынға түседі, тәрбиеші бар болғаны оны дауыстап айта алады және балаларға өз айтқанын қайталауға ұсыныс жасайды. Мысалы, дидактикалық ойын өткізіп, онда бір сөзді (сөйлемді) – «Ұшақ!» (немесе «Ұшып келеді») өзгермелі жағдайға қарай:

1) үрейлі сезіммен: жау ұшағы ұшып келеді;

2) қуанышты сезіммен: балаларға сыйлық әкеле жатқан ұшақ ұшып келеді, – деп айтуға болады.

Балалар ерекше жігер жұмсамай-ақ барлық тілдік құралдарды, әсіресе, дауыс нақышын жеңіл меңгеретіндігін тәжірибе дәлелдеп отыр (балалар сәби кезінің өзінде-ақ ересектердің дауыс интонациясынан мейірімді, қорқытуды, тыныштандырғысы келгендігін және т.б. айыра білетіндігі белгілі), көптеген балалар ешбір үйретусіз-ақ тілдік құралдарды қабылдайды, мектепке дейінгі жастағы балаларды интонация элементтеріне оқытудың әдістемелік құралдары туралы мәселенің қойылмауы да сондықтан болса керек. Бірақ үйретушілер (ата-аналар, тәрбиешілер, тіпті мектептегі мұғалімдер) өздері ана тілі интонациясын тамаша білгендіктен (сөз ырғақсыз жеке өмір сүре алмайды ғой) оны аңғармайды (ауадағы оттегінің мөлшерін аңғармаған секілді, ол жетіспегенде ғана адам оның керек екенін сезінеді). Егер сәби бірқатар тілдік құралдарды «өз бетімен» үйренбесе (мұндай балалар аз, бірақ қалай дегенде де кездеседі), әдетте ересектер сөйлеудің мұндай кемшіліктеріне жуық арада назар аудармайды, балаға көмектеспейді, бала сол кемшілікпен мектепке келеді, онда сөз дыбыстарының артикуляциясының кемшілігіне қарағанда, интонация кемшілігін қалпына келтіру әлдеқайда қиынға түседі.

Жоғарыда аталған және басқа да кейбір интонация элементтерін балалар сөйлемнің тұтас дауыс интонациясынан жеке бөліп алуды үйренеді және оларды, сондай-ақ жеке дара емес, сөйлемнің ішінде орындайды. Сөйлемнің өзін (ойдың аяқталғандығын) балалар интонация бойынша түсінуді үйренеді. Олар аяқталған ойдың екі интонациясын: хабарлы («Бір қасқыр тамақ іздеп келе жатып, құрулы тұрған қақпанға түсіп қалады», «Қасқырды егінші қапқа салып алады») және сұраулы («Қашып бара жатқан қасқыр көрмедің бе?») интонацияны ұғынады.

Аяқталған интонация негізінде балаларға логикалық екпінді көрсетеді және оларды аяқталмаған интонацияны – кең тараған сөйлемдердің мағыналы бөлігін орындауға жаттықтырады. Мұндай интонация алтау екендігі (А.Н. Гвоздевтің жұмысынан) белгілі: 1) тізіп айту интонациясы («Ханымға тұп-тура толған, піскен, алтын алма ұшып келеді», «Ол ханымды және ұлын, қызын құшақтап, бәрі дастарханға отырды»), бұл интонацияны орындау үшін логикалық екпінді қоя білу керек; 2) қарама-қарсы қою интонациясы («Ол үшінші рет қармағын тастады – қармағына бір балық, балық болғанда жай емес, алтын балық ілікті.»); 3) сөзге шақыру (атау) интонациясы («Қартым, саған, не керек?»; «Күнім менің, жарығым! Бар шындықты айт, жайып сал...»); 4) ескерту интонациясы немесе қос нүкте интонациясы («Алтын балық: «Қайғырма, үйге қайта бер» – дейді»; «Шал таң қалып, қорқып қалды: ол отыз үш жыл балық аулады, бірақ балықтың сөйлегенін естіген емес еді»; «...бізді өлтірме, жылатпа: шығар бізді құрғаққа!», «Көріп тұр: боран соғып, қар жауып, даланы қар көмкерді»); 5) кіріспе интонациясы («Ол, міне, көк теңізге бет алды) теңіз буырқанып жатты, (ол алтын балықты шақыра бастады...»); 6) ерекшелену интонациясы («Дегенменен, жас ханым, мазасын алмай басқаның, тыныштықта өсті, өсті – айдарлы, қара қасты, (қолаң шашты жан боп өсті») [3].

Жоғарыда айтылған фонетикалық және фонологиялық дыбыстық құралдар байланыстыра сөйлесуде бір мезгілде пайдаланылады. Байланыстыра сөйлеуінің стилі, оның эмоционалдық бояуы баланың сөз дыбыстарын қалай айтатындығына (артикуляциясы жігерлі, айқын немесе енжар", түсініксіз), мүмкін болған тілдік құралдардың қайсысын таңдайтындығына (мейірбандық немесе қастық сезімін бәсең – қатты, тез – баяу дауыс тембрімен аңғартады) байланысты.

Артикуляциялық мүшелердің қозғалуының әсерінен сөйлеушінің бұлшық етінің түйсінуді – бұл субъективтік қабылдаудағы «тіл материясы» болып табылады, ауызекі тілде бұлшық еттің түнсінуге мұнан басқа елестету (образдарды) түрінде қатысатын есту сезімі және іштей сөйлеу де жатады.

Белгілі бір дыбыстардың кешенін сөз деп қабылдауды үйренген, яғни оны болмыстың белгілі бірі құбылысы деп түсінген бала сол сөзден есту және бұлшық ет түйсігін есінде сақтап қалады. Бала әлі ең алдымен сөзді (сөйлеуді) естуді, ал онан кейін ғана оны айтуды үйренеді. Алайда сөздің естілу образы мен оның «бұлшық еттік» образы балада бір мезгілде пайда болады: алғашқы кезде «бұлшық

еттік» образдың дәл болмайтындығы басқа мәселе.

Белгілі бір сөздерді дұрыс айта алмайтын үш, тіпті төрт жастағы балалар олардың дұрыс естілу образын білетіндігі және ересектер мұны бұзып айтқанда аңғаратындығы белгілі. Мысалы,

Айбар (3 жаста) деген бала өзінің атын «Айбал» деп атайды. Көрші әйел оны әрдайым қағытып қарсы алады:

– Сәлем, Айбал

Бала қабағы катуланып, жұдырығын түйіп, еш нәрсені түсінбейтін әйелді ақылға шақырғысы келеді:

– Мен Айбал емеспін, мен Айбаал, – деп дауыс көтереді.

Демек, әрбір адам үшін сөздің сезімдік негізі – бұл оның; есту және бұлшық еттің (сөйлеу қимылының) сезінуі. Физиологтардың мәліметтеріне қарағанда, миға «берілетін» нақ осы сөйлеу қимылы миды (оның белгілі бір учаскелерін) сөйлеу органы ретінде жұмыс істеуге мәжбүр етеді екен.

Тәрбиеші мына нәрсені білу қажет: баланы сөз дыбыстарын дұрыс артикуляциялауға, тілдік құралдарды пайдалануға үйрету керек, яғни оның «тілдің материясын» үйренуіне көмектесу керек, әйтпесе ол тілді үйрене алмайды. Бұл заңдылық.

1. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1999.

2. Федоренко Л.П., Фомичева Г.А., Лотарев В.К. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту методикасы. – Алматы, 1981.

3. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения речи. – М., 1961.

### Түйін

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіне қарай сөзді дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеудің мәні мен мазмұны сөз болады.

### Summary

In that article are shown role and meaning of education speech culture pre-school age children with circulation of age.

## ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ СОЦИАЛЬНЫХ ПЕРЕМЕН

**Н.Н. Сакатова** – преподаватель, КазГосЖенПУ

В нынешнем Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» был обозначен пункт «о важности усиления воспитательного компонента процесса обучения молодежи патриотизму, нормам морали и нравственности, межнациональному согласию и толерантности, физическому и духовному развитию, законопослушанию». Отмечая, что в стране нет учебников, преподавателей, которые работают с молодежью именно по этим вопросам, Глава государства поручил Правительству РК разработать типовой Комплексный план по обеспечению знаний молодежью этих ценностей во всех образовательных учреждениях. В этом контексте построение демократического общества с социально ориентированной экономикой невозможно без нравственного и духовного развития молодежи, формирования у молодого поколения казахстанцев таких качеств, как патриотизм, профессионализм, ответственность, освоение молодежью социокультурного опыта прошлых поколений, достижений мировой цивилизации и Казахстан как молодая суверенная республика объективно нуждается в гражданах, безгранично преданных делу служения нации, укрепления Независимости – самого драгоценного достижения развития нашей государственности.

Решение ряда проблем в жизни страны во многом зависит от уровня развития гражданского общества, формирования высокого патриотического сознания, чувства гордости за свою страну, воспитания готовности к выполнению гражданского долга по защите интересов Родины. Молодежь особенно должна осознавать всю полноту ответственности за наш народ и будущее страны. Первоочередная задача молодежи сохранить и приумножить все, то самое ценное, что было «нажито» старшими поколениями.

Молодежь во все времена была и остается наиболее прогрессивной частью населения. Она всегда находилась на переднем краю всех положительных сдвигов и изменений в обществе. По сути, молодежь – это стратегический ресурс государства, который способен сгенерировать созидательную энер-

гию развития и национальную мощь. Очевидно, что необходимо и дальше прививать молодежи основные ценности казахстанского общества – прочное национальное единство, динамичное экономическое процветание, неуклонное стремление получать новые знания и ответственность за будущее нашей общей Родины.

Поскольку наша республика является многонациональной, политика ее направлена на поддержание дружбы между народами. Интернационализм – это хорошая почва для воспитания казахстанского патриотизма.

Многие мыслители и педагоги прошлого, раскрывая роль патриотизма в процессе личностного становления человека, указывали на их многостороннее формирующее влияние. Так, например, К.Д. Ушинский считал, что патриотизм является не только важной задачей воспитания, но и могучим педагогическим средством: «Как нет человека без самолюбия, так нет человека без любви к отечеству, и эта любовь дает воспитанию верный ключ к сердцу человека и могущественную опору для борьбы с его дурными природными, личными, семейными и родовыми наклонностями» [8, т. 2, с. 160].

Патриотизм является элементом как общественного, так и индивидуального сознания. На уровне общественного сознания под патриотизмом подразумевается национальная и государственная идея единства и неповторимости данного народа, которая формируется на основе традиций, стереотипов, нравов, истории и культуры каждой конкретной нации. На уровне индивидуального сознания патриотизм переживается как любовь к Родине, гордость за свою страну, стремление узнать, понять и улучшить ее. Таким образом, патриотизм представляет собой одну из составных элементов структуры общественного сознания, в которой отражено: отношение личности к Отечеству, к Родине, к народу.

Остановимся на трех бесспорных основных компонентах, выделяемых учеными в понятии «патриотизм».

Первый. Почитание места своего рождения и места постоянного проживания как своей Родины, любовь и забота о данном территориальном формировании, уважение местных традиций, преданность до конца своей жизни данной территориальной области. В зависимости от широты восприятия места своего рождения, зависящего от глубины сознания данного индивида, границы его родины могут простираются от площади собственного дома, двора, улицы, поселка, города до районных, областных и краевых масштабов. Для обладателей высших уровней патриотизма (жиждущегося на более высоких уровнях сознания) широта их эмоций совпадает с границами всего данного государственного образования, именуемого Отечеством. Низшими его уровнями, граничащими с антипатриотизмом, являются мещанско-обывательские понятия, отраженные в поговорке: «Моя хата с краю, ничего не знаю».

Второй. Уважение к своим предкам, любовь и проявление терпимости к своим землякам, проживающим на данной территории, желание помогать им, отучать от всего дурного. Высший показатель данного параметра – благожелательность по отношению ко всем своим соотечественникам, являющимся гражданами данного государства, т.е. осознание общественного организма, называемого во всем мире «нацией по гражданству».

Третий. Направленность на конкретные каждодневные дела для улучшения состояния своей родины, ее обустройства, на помощь и взаимовыручку своих земляков и соотечественников (начиная от поддержания опрятности, порядка проживания и упрочения дружеских отношений с соседями в подъезде, доме, дворе до достойного развития своего города, района, государства в целом).

Истинный патриотизм по своей сущности гуманистичен, включает в себя уважение к другим народам и странам, к их национальным обычаям и традициям и неразрывно связан с культурой межнациональных отношений. В этом смысле патриотизм и культура межнациональных отношений теснейшим образом связаны между собой, выступают в органическом единстве и определяются в педагогике как «такое нравственное качество, которое включает в себя потребность преданно служить своей родине, проявление к ней любви и верности, осознание и переживание ее величия и славы, своей духовной связи с ней, стремление беречь ее честь и достоинство, практическими делами укреплять могущество и независимость» [9].

В статье министра образования и науки РК Б.Жумагулова, опубликованной в "Казахстанская правда", от 15 июня 2011г. четко определены основы патриотического воспитания молодежи. В частности им было сказано «Любовь к Родине, преданность своему Отечеству не должны быть просто красивыми словами. Настоящий патриотизм должен быть деятельным. Главой государства делается очень многое для развития молодежи, ее воспитания и образования, наращивания человеческого капитала

Казахстана. А от молодежи мы ждем новых инициатив, которые будут расширять возможности самовыражения каждого молодого человека как личности, гражданина и патриота, деятельно участвующего в жизни страны. И будем такие инициативы всемерно поддерживать».

Итак, при определении основных направлений коренного улучшения патриотического воспитания в современных условиях следует учитывать необходимость преодоления деформированных и негативных сторон патриотического воспитания как социально значимой деятельности, испытывающей воздействие самых различных, в том числе весьма неблагоприятных и даже противодействующих, факторов. Патриотическое воспитание молодежи должно осуществляться на основе не только дифференцированного, но и индивидуального подхода, т.е. в интересах каждой личности, развития у нее индивидуально проявляемых качеств гражданина и патриота Республики Казахстан. Субъекты патриотического воспитания должны располагать всеми необходимыми средствами и эффективно использовать качественно новые методы и формы в своей деятельности. В этом контексте большое внимание патриотическому воспитанию уделено в новой Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы.

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что в решении проблем гражданско-патриотического воспитания современного поколения должна в первую очередь принимать участие сама молодежь, осознавая всю важность своего участия в жизни Родины, любить, знать и уважать ее культуру, традиции и историю. Однако направлять действия молодежи в нужное русло должно как государство, так семья, школа и вуз. И их основная задача заключается во взаимодействии с целью формирования национального самосознания, гражданственности и патриотизма у современной молодежи.

Еще раз хочу обратить внимание на цитаты из статьи министра образования и науки РК Б.Жумагулова «Патриотизм закладывается в наших сердцах с детских лет и проходит красной нитью через всю сознательную жизнь, определяет наш вклад в развитие родного государства. В 2008 году на съезде молодежного крыла "Жас Отан" Президент страны Нурсултан Назарбаев сказал замечательные слова: "Я часто спрашиваю себя, каким он будет "казахстанец будущего". Сегодня, глядя на вас, я вижу его. Его глаза должны гореть жаждой новых знаний. Его ум должен быть отточен для решения самых сложных задач. Его сердце должно пылать беззаветной любовью к Родине". Эти слова Главы государства лучше всего характеризуют сущность казахстанского патриотизма, вектор его устремленности в будущее. И я абсолютно уверен – именно так и будет».

1. *Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана». 27 января 2012 года.*

2. *Государственной программе развития образования на 2011-2020 годы.*

3. *Бакытжан ЖУМАГУЛОВ, министр образования и науки РК, "Казахстанская правда", 15 июня, 2011.*

4. *Лушиков А.М. История педагогики: Учеб. пособие для студентов педагогических высших учебных заведений. 2-е изд. – Екатеринбург: Урал. гос. пед. ун-т, 1994. – 368 с.*

### **Түйін**

Мақалада әлеуметтік өзгерістердің шарттарындағы оқу орындарында жастардың патриоттық тәрбиесі қалай жүргізілуі болатындығы туралы айтылған.

## **ПРОБЛЕМА ПОДГОТОВКИ КАДРОВ ДЛЯ МАЛОКОМПЛЕКТНОЙ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ**

**А.Х. Сулейменова** – *ст.преподаватель КазНПУ имени Абая*

Как отмечается в Государственной программе развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы: «Характерной чертой казахстанской системы образования является наличие малокомплектных школ (далее – МКШ). Из 7576 общеобразовательных организаций Казахстана 4288 являются МКШ, что составляет 56,5% от общего числа. В сельской местности – 4139 (68,6%) – МКШ. За последние 15 лет количество основных МКШ увеличилось в 2 раза. Практически каждый четвертый учитель работает, и каждый шестой казахстанский школьник учится в условиях МКШ».

Задачи создания современной системы образования, внедрение инновационных форм и методов обучения предъявляют все более высокие требования к личности и профессиональной компетентности педагогических работников. Особое значение приобретает предметно-методическая подготовка

педагогов, так как, существует необходимость реструктурировать учебное содержание для индивидуальных образовательных программ учащихся, разработать качественные дидактические средства для их самостоятельной и коллективной учебной деятельности. Это возможно при владении предметной областью в целом и наличии системного мышления у педагога.

Педагогу малокомплектных школ приходится работать в разновозрастных учебных группах. Содействием деятельности на этом этапе становится: осознание руководителями школ и учителями принципов включённости каждого ученика в коллективный учебный процесс отказ от фронтальной работы, включение в учебный процесс разных видов и приёмов парного взаимодействия учащихся, сочетание различных организационных форм обучения. Чтобы ученики могли консультировать друг друга, обучать друг друга, проверять, что-то совместно изучать, а учитель в это время мог работать с отдельными школьниками, разным школьникам даётся различный учебный материал из одного раздела.

В современной школьной практике наиболее предпочитаемыми идеями, используемыми при организации образовательного процесса, являются идеи педагогики сотрудничества, которые заключаются в установлении партнерских отношений учителя с учениками и учеников друг с другом.

В процессе сотрудничества появляется возможность для реализации таких идей, как: учение без принуждения; трудной цели; свободного выбора; опережения; крупных блоков; соответствующей формы; самоанализа; создания благоприятного интеллектуального фона учебной группы; личностного подхода; идея взаимообучения; идея продвижения в индивидуальном темпе; идея самоконтроля и взаимоконтроля.

Эффективное использование положений педагогики сотрудничества возможно при использовании диалогических форм обучения, так как диалогическая форма – это отношение творчества, обмен творческой деятельностью. Кроме того, реализация педагогического диалога в учебном процессе позволяет в ходе учебно-познавательной деятельности детей развивать их творческий потенциал.

В современной психологии и педагогике считается, что только в процессе деятельности человек может развиваться.

Общение – это специфическая форма взаимодействия человека с другими людьми, и в процессе его происходит взаимный обмен деятельностью, их способами и результатами, идеями и установками. В результате взаимодействия членов группы в процессе общения возникают некие устойчивые отношения: отношения друг к другу, отношения к окружающей действительности, отношения к событиям и фактам. Эти отношения могут существенно повлиять на способы взаимодействия (общения) индивидов, совершенствуя их. По этой причине можно считать, что общение может выступать как способ организации совместной деятельности.

Бұндай нәтижеге жету үшін болашақ мұғалімдерді дайындау жоғары оқу орындарында біртіндеп жүргізілу қажет, тұлға болып сатылап қалыптасу үшін оған жағдай жасау керек: *біріншіден*, алынған білім негізінде тұлғаның бағытын айқындалған сала бойынша кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру. Болашақ мұғалімдер тәжірибеде жинақталған теориялық білімдерін практикада қолдану арқылы олардың кәсіби әдісі жинақталады. Сонымен кәсіби іс-әрекеттің технологиясы және кәсіби өзіндік санасы қалыптасады. Мамандықты меңгерген әрбір адам оның үш аспектісімен кездеседі: тұлғалық, мазмұндық, процессуалдық (технологиялық) көрсетілген аспектілер бойынша мұғалімнің кәсіби дайындығы өзіне жалпы педагогтерге тән (профилге байланысты емес) пәндердің жеке ерекшеліктер іс-әрекетінде бейнеленді. Сондай-ақ кәсіби білім беруді, құрылымы мен мазмұнына өзгеріс енгізу (мазмұндық аспектісі) мінез-құлқын өзіндік реттеу арқылы оқыту және кәсіби міндеттерді шығармашылықпен шешуде практикалық іс-әрекет қолдану (технологиялық аспект).

*Екіншіден*, болашақ мұғалімдер «адам-адам» жүйесінде әсер ете білуі керек. Бұл мұғалімнен кәсіби сапалықты талап етеді, оның іс-әрекетінің мақсатына жауап бере алатындай және педагогикалық процесте оқушы ролінің өзгергендігін сапалы түсінуін, қазіргі теориялық зерттеулерде тірек етеді: оқушы объектілік іс-әрекеттен, субъектілікке айналуы қажет.

*Үшіншіден*, болашақ мұғалімдерді өндірістік іс-әрекет жағдайына бейімдеуде оқу орындарының педагогикалық процесіне қатысушылардың өзара әрекеті қажет. Бұл психологиялық бейімделу педагогикалық процесте субъектілердің психологиялық жағдайын түсінуге икемделуі, ал технологиялық бейімделу ол-оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістерін меңгеру. Сонымен қатар, жоғарғы оқу орындарының көлденең және тігінен үйлестірілген педагогикалық әкімшілік іс-әрекеті жүйесіне болашақ мұғалімдерді бейімдеу қажет.

*Төртіншіден*, болашақ жаңа формация мұғалімін қалыптастыруда басты бағдары болып инновациялық, шығармашылық ойлары бар тәрбие идеясы жатыр, іс-әрекет нәтижесінде әлеуметтік мәнді сипаты, қарым-қатынасы, түрткісі және қалыптасқан құзырлық тірегі бар оқушының жаңа тұлғасы қалыптасады.

*Бесіншіден*, педагогикалық жоғары оқу орнында білім беру мазмұнын жаңартудың маңызды бағыты халық тарихы мен рухани мәдениетінің басқа халықтардың тарихи және мәдениетімен өзара байланысты пайдалану.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке даярлығының тұтас жүйесін құрудың қажеттілігін жоғары педагогикалық білім беру бағдарламасын бағдарланған даярлығын жоғарыдағы талаптар айқындайды.

Үздіксіз педагогикалық білім жүйесінің әрбір сатысы нақты өзіндік мақсатқа бағдарлануы қажет. Бұл мақсаттардың бірлігі мұғалімдер дайындаудың толық үрдісін білдіреді.

Жоғарыда аталғандардың негізінде: кәсіби педагогикалық білім берудің құрылымын реформалау және оның мазмұнын өңдеу оның негізгі көзі болып табылады; тұлғалық бағытталық сипаттағы кәсіби педагогикалық дайындықтың үздіксіздігі; кәсіби іс-әрекет объектісінің теориясының басымдылығы; теория мен практиканың бірлігі; теориялық білімді мұғалімнің практикалық іс-әрекетіне ауыстыруды үйрету (педагогикалық технологияларды меңгеру); мұғалімнің стандартты және стандартты емес кәсіби міндеттерді шешудің тәсілдерін үйренуі; педагогикалық үрдіс жағдайындағы зерттеудің диагностикасын оқыту және сол диагностиканың нәтижесін оқу-тәрбие жұмысында пайдалану.

Соңғы жылдардағы нормативті құжаттар мәліметтеріне назар аударсақ, Қазақстанда педагогикалық кадрларды сапалы дайындаудың, мемлекет тарапынан қолдауды күшейтудің және мұғалімнің еңбегін ынталандырудың ауқымды шаралары Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анықталып отыр.

Білім берудің сапасын арттыру мақсатында 2012 жылдан бастап педагогтардың біліктілігін жетілдірудің форматы өзгертілмек. Қазіргі таңда республика мұғалімдері 3 санатқа ие, келешекте оларға тағы 3 біліктілік деңгейі қосылады. Осылайша, Қазақстан көптеген дамыған елдерге қабылданған 6 деңгейлік біліктілік санатына ауысады.

Біліктіліктің бірінші деңгейі бойынша «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» жанынан Педагогикалық шеберлік орталықтар (Center of Excellence) жұмыс істей бастады. 2012-2016 жылдар аралығында жоғары және бірінші санатты 21 950 мұғалім осы орталықтарда білімдерін жетілдіреді деп жоспарлануда. Оған қоса, университеттердің жандарынан 10 Біліктілікті жетілдіру орталықтары

құрылады, олардың 8 педагогикалық жоғары оқу орны кіреді. Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындары 5 жылдан кейін жаңа стандарттар бойынша білім алған педагогтар бітіреді.

Педагогикалық кадрларды дайындаудың жаңа жүйесі Қазақстанның орта білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін негізгі тірек болмақ.

Мемлекетте жоғарғы кәсіби білімді 50 мемлекеттік ЖОО-дары қамтамасыз етуде. Ондағы профессорлық-оқытушылық құрам 38 мың адамға сәйкес, оның ішінде 14 мыңы докторлар мен кандидаттар.

Әлемдік ЖОО-ның жетекші жүйесінің үлгісіне жақындастыру мақсатында Қазақстанда 3 сатылы мамандарды даярлау жүйесі енгізіліп, нәтижесін көрсетуде: бакалавриат-магистратура-докторантура /PhD/.

Білім беру жүйесіндегі реформаны қалыпты шешу және перспективті дамыту мақсатында Қазақстанның білім беру жүйелерінде Республика бойынша оқу-әдістемелік кеңестері құрылуда, ал ЖОО-дар ішіндегі жетекшілері бойынша 30 астамы оқу-әдістемелік орталықтары қалған барлық негізгі мамандық бойынша жұмыс істейді.

Білім беру саласында қайта құрудың ең басты кезеңі жалпы орта білім жүйесін ақпараттандыру. «Қазақстанның ауылдық мектептеріне арналған қашықтық оқыту» және «Қашықтан оқытудың спутниктік каналы» атты ұшақтық жобалар жұмыс істеуде, ол әртүрлі аймақтағы мұғалімдер мен оқушыларды өзара жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған. Электрондық оқулықтармен мультимедиялық оқу бағдарламалары жалпы білім беру саласындағы жиырмадан асық пәндер бойынша жасалған. Электрондық оқу залдары мен кітапханалар жасалуда.

Қазақстан Республикасының Евразиялық аймаққа кіруі, ХХІ ғасырға аяқ басуы ел Президентінің «Қазақстан-2030» атты стратегиялық бағдарламасына сәйкес жаңа техника мен технология үрдістерінің дамуы келешекте білім беру қандай бағытта өрбуі керек деген өзекті мәселе туғызды.

Қазақстандық қоғамның қазіргі жағдайы жоғары оқу орындарында интеллектуальды және шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мәселесін жаңа тұрғыдан қарастырудың қажеттілігін көрсетеді. Бүгінгі таңда өзін-өзі іс жүзінде көрсете алатын, мәдени деңгейі жоғары, кәсіби құзыретті маманның қажеттілігіне сұраныс туындауда. Осы сипаттама Қазақстандағы педагогикалық ЖОО-да бастауыш мектеп мұғалімдерін дайындау жүйесін қарастыруды талап етеді.

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қойылатын талаптары өзгеріп күрделенді.

Осы бағытта бүгінде мұғалімнің мәртебесін көтеру, оған мүмкіндіктер жасау жұмыстары жүргізіліп келеді.

Сондықтан қорыта келгенде, **педагогикалық жоғары оқу орындарында** бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке дайындау жүйесінің негізгі қағидалары:

- дүниетанымдық, білімдік және кәсіби бағытты анықтайтын *педагогикалық мәдениетті* қалыптастыру;
- тұлғалық білімді жүзеге асыруда *ойлау* компоненттерін дамыту;
- білім жүйесін, іс-әрекетті, шығармашылық тұлғаның табиғи бағытын басынан қалыптастыруға танымның жалпыдан дараға бағытталған *дедукция ұстанымын ұстану*;
- біртұтастық, даму, сәйкестік және сақтау ұстанымы ойдың бір-бірімен байланысты, жалпыдан дараға және керісінше, *екі үрдістің қозғалысын* қамтамасыз ету;
- кәсіби-педагогикалық іс-әрекетті игеру механизмі танымның бастапқыда жабық құрылымын, кейініректе оны маңыздырақ элементтер арқылы *құрылымдар мен жаңа пайымдауларды* құруды болжау;
- педагогтің қалыптасуының тұтастағы дифференциалды білім беру барысында пәнаралық байланыстар және теория мен тәжірибенің бірлігі арқылы *ойды жүзеге асыру* болып табылады.

1. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы* – Астана, 2010.

2. *Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Монография.* – Алматы: Ғылым, 1998. – 225 с.

3. *Краевский В. Введение в научное исследование по педагогике.* – М., 1999.

4. *Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века.* – М., 1998. – 528 с.

5. *Хуторской А.В. Современная дидактика: Учебник для ВУЗов.* – СПб., 2001.

6. *Узакпаева С.А., Кожяхметова К.Ж. Концепция этнопедагогического образования студентов высшей школы.* – Алматы: Өнер, 1996.

7. *Жарикбаев К.Б. Концепция этнопсихологического образования студентов высшей школы.* – Алматы:

### Резюме

Данная статья рассматривают проблему системы подготовки учителя начальных классов в педагогическом ВУЗ-е Казахстана, а также модернизация педагогического образования и система развития образования в современном Казахстане.

### Summary

This paper considers the problem of training primary school teachers in the pedagogical university Kazakhstan and upgrade teacher education and development system of education in modern Kazakhstan.

## СПОРТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

**Е.У. Сабденбеков** – *Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты*

Қазіргі заманға сай спорттағы әлеуметтік-педагогикалық негізі түсінігіне сәйкес көптеген ғалымдар қоғамға және адамға өзіне тән қасиет ықпал етуден белгілі [1, 2]. Оның әсер ету айырмашылығы жеткілікті көп қырлылығымен және әр түрлілігімен ерекшеленеді. Олардың ішінде ең бастысы қоғамның әлеуметтік мәні бар проблемеларын шешуге ықпал ететін, жаңа адам тәрбиелеу ісінде қолғабыс тигізетін және сондай-ақ, спорттың арнайы тапсырмаларын шешудеге әсері. Осы тұста спортты әлеуметтік негізге жалпы педагогикалық және арнайы педагогикалық спорт негізінің пайда болу деңгейіндегі бөлінуін қамтитын спорттың негізін білдіретін классификациясы (1, 2, 3, 4, 5).

Біріншіден спорттың *әлеуметтік негізі* тобы мемлекеттің жалпы әлеуметтік мәселесі болып табылатын, *педагогикалық* – жаңа адам тәрбиелеу жүйесі мәселелері және *арнайы педагогикалық* – адамның дене күші жағынан жетілу мәселелерін қарастыруға бағытталған.


Спорттың әлеуметтік мәні 6 қызметті бейнелейді. Олар: дайындық-еңбек, дайындық-қорғаныс, эталонды, эвристикалық (ізденушілік), мәдени танымдық және мәртебелік қызмет болып табылады.

*Екіншіден спорттың дайындық – еңбек негізі.* Еңбек кез-келген қоғамның тіршілік әрекетінің негізін қамтамасыз етеді. Онымен елдің күш деңгейі сипатталады. Аталған қызмет спорттық әрекетте жеке адамның жемісті еңбек етуге қажетті барлық қасиет сапаның епті даму жолымен жүзеге асады.

*Үшіншіден спорттың дайындық – қорғаныс негізі.* Әлемде қоғамның мәдени дамуының әртүрлі деңгейі қолданылғандықтан қорғаныста әрқашан проблема және қажеттілік болып тұрады. Осыған байланысты әскери қорғаныс жағдайында қажет болатын арнайы қозғалмалы ептілік, дағды және білімді адамдарға телуге мемлекеттік деңгейде спорттың қолданбалы-қорғаныс түрінің жұмыс істеуінің шаралары қолдануда. Спорттың әскери-қолданбалы түрі емес сабақтарына келетін болсақ, онда сөзсіз, дене еңбегінің жетілуінің жалпы деңгейінің өсуі, дайындығы, халық денсулығының жақсаруы стратегиялық маңызға ие.

*Спорттың эталонды негізі.* Спорттық әрекетте өз кезінде әрқашан белгіленген көрсеткіштерді жақсарту үшін сайыс жаттығуларын орындау барысында көрсетілген салыстыру, талаптану, теңеу бірге жүреді. Ойған байланысты барлық мүмкін болатын спорттық нәтеже және спортшылардың жетістігі өз кезегінде адамның дене еңбегінің жетілуінің белгісі және жетілуі болып табылады. Арнайы дайындалған бағалау кестеі, біріңғай спорттық классификация, дене шынықтыру – спорт кешені және басқа да нормативті құжаттарға келетін болсақ, онда олар толығымен спорттық эталондық қызметінің орындалуына септігін тигізеді.

*Эвристикалық(ізденуші) спорт негізі.* Спорттық әрекеттің өзіне тән тұрақты ізденуші мінезі бар. Әркім, кім рекордтық жетістікке жеткісі келсе, пайдалы жаңа әдіс және ағзаны мобилизациялау амалын іздеуге міндетті және мәжбір, спортшы дайындаудың рекордтық нәтеженің орындалуына септігін тигізетін ойластырылған және анықталған жоспар құру және пайдалану керек. Осыған байланысты спорт табиғатына ізденуші мінез тән.



5-сурет. Спорттың әлеуметтік негізі.

*Спорттың мәдени-танымдық негізі.* Адамзаттың мәдени сұраныстары белгілі мақсатта сабақ және спортпен айналысуға қанағаттанады, спорттың эстетикалық ұстанымдарын кең көлемде қолдануда, оның көріністігі, сондай-ақ спорт тілінің саналуандығы және қол жетерлігі адамзаттың рухани жағынан қанағаттануының негізі болып табылады. Бұл сұраныстар коммуникацияның техникалық құралдарының арқасында кең көлемде қанағаттандырылады, әсіресе көгілдір экранда, соның нәтижесінде көптеген спорттық сайыстар және көріністер спорт сүйер қауымға тамашалауға мүмкіндік береді.

*Спорттың мәртебелік негізі.* Көптеген табынушылар мен көрермендер болғандықтан мемлекеттің, соның ішінде халықтың жеке құндылығын көрсету спорт арқылы да жүзеге асады. Осы мақсатта Олимпиядалық ойындарда, әлем және континент чемпионаттарындағы, басқа да халықаралық сайыстарындағы жеңістер кез-келген халық және мемлекет үшін үлкен жетістік және мақтаныш болып табылады. Сондықтан, кез-келген қоғам өмірінің спорттағы жетістігіне куә болатын жоғары дәрежелі спортшы дайындау жүйесі құрылады.

Жаңа адам тәрбиелеу мақсатында жалпыпедагогика бойынша спорттың 4 функциясын атап көрсетуге болады ақыл-ой тәрбиелік, өнеге-тәрбиелік, эстетикалық-тәрбиелік, және тәрбиелі-еңбектік.

*Спорттық ақыл-ой тәрбиелік негізі.* Спорттық қызмет спортшының ой-өрісінің үздіксіз кеңеюін қамтып қана қоймайды, сондай-ақ әлеуметтік, медико-биологиялық, арнайы педагогикалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік түрдегі білімнің өзгеше жүйесін жүйелі түрде меңгеруді талап етеді. Ис-әрекетті үздіксіз ұғыну қажеттілігі антикалық қабілеттілік және ақыл-естің басқа қасиеттердің дамуына септігін тигізеді, ол спортпен айналысушының ойшылдық деңгейіне оң әсер береді. Адамзат дамуының тарихы терең ақыл-ой мен дене еңбегінің үйлестірген көптеген жарқын тұлғаларды біледі (мысалы, Ресейдің ұлы реформаторы – бірінші Петр, математик Пифагор, ағылшын ақыны Байрон және тағы басқалар).



6-сурет. Спорттың жалпы педагогикалық қызметі.

*Спорттың өнегелі-тәрбиелік қызметі.* Спортпен айналысу барысында басқа адамдармен, команда мүшелерімен, оның табынушыларымен қарым-қатынас және бет алысы ережелері мен мөлшерін ұсыну жүйесінің айрықша жүйесі, Отанға деген ерекше қарым-қатынас, елді халықаралық аренада көрсетуге байланысты үнемі бақталастық үшін патриоттық сезім, достық сезім, команда ішіндегі ұжым

үшін жауапкершілік және достастық қалыптасады. Осыған байланысты спорт өсіп келе жатқан ұрпақтың өнегелі тәрбиесінің берік құралы болып табылады.

*Спорттың эстетикалық-тәрбиелік негізі.* Спорттың қызметінің және сайыстың айрықша әдемілігі мен көрінісі үйлесімді тартымдылығымен ерекшеленеді және өнер қозғалысы мүмкіндіктерін, музыка құралдарын дұрыс және ұқыпты қолдану туралы терең ойлауды талап етеді. Тйісті мінез-құлық үлгісін қалыптастырады, спорттың таңдаулы дәмін сезінуге мүмкіндік береді. Осы және басқа да мүмкіндіктер Олимпиядалық ойын, Универсиадалар, Әлем және континент чемпионаттары сияқты ірі сайыстар, ереже бойынша салтанатты спорттық-мәдени, театрландырылған көріністерімен, әдемілікті жинақтаған, адам денсаулығы және дененің жетілуін, әдемілік және үйлесімділік туралы оның көзқарасын қалыптастыру, эмоционалды күйгелектену және соңында оның эстетикалық дәмін сезінуге әкелді.

*Спорттық тәрбиелі-еңбектің негізі.* Еңбекке деген тиісті қатынасты қалыптастыру мақсатында спорттық қызметте, әсіресе оның мекемелерінде элементарлы, ақыл-ой және қоғамдық-пайдалы еңбек мүмкіндіктерін жүйелі түрде қолдану керек. Еңбекке деген, әсіресе, оның қоғамдық-пайдалы түріне қатынастан адамның тәрбиелік деңгейі айқындалады. Өзі үшін, ұжым үшін еңбектену білу кез-келген адамның және мемлекетінің тіршілік әрекетінің дамуының негізі болып табылады. Спортпен айналысқанда ең бастысы өмірге қажетті дағды мен әдет қалыптасады, дене еңбегі қалыптасады, дене еңбегі дамиды, жоғарғы қол еңбегін көтеру және еңбеке байланысты болдыруға қарсы тұруға бейімделеді. Спортпен айналысатындар, өз шығармашылығындағы осы және басқа да ерекшеліктерге байланысты еңбектің әр түрін меңгеруге және оңай игеруге біршама жақын.

Спорттың арнайы педагогикалық қызметін үшке бөледі – денсаулықты нығайту, дене мәдениеті білімін қамтамасыз ету және мәдениеті тәрбиесін өсіру.

*Спорттың денсаулықты нығайту негізі.* Денсаулықты нығайту үшін дене шынықтыру жатығулармен айналысу – бұл маңызды мәселе. Дене шынықтыру жаттығуларын біліп қолдану адам денсаулығын жақсартады, ал дұрыс қолданбау зиянын тигізеді. Осы мақсатта дене шынықтыру-сауығу дивансерлер жүйесі істейді, спортшылар денсаулығы бойынша сұрақтарға мамандандырылған, спорттық жаттығу үшін әдіс пен құралды дұрыс таңдау, спортшы ағзасын қалпына келтіру мекемесі және спортшыларды дайындауда сауатты жоспарлау мен басқару жүйесі үшін орын керек.



**7-сурет. Арнайы-педагогикалық негізі.**

*Дене мәдениеті білімін қамтамасыз ету негізі.* Спорттық қызметтің арнайы білімді, дағдыны, әдетті кеңейту және меңгеруге бағыты толығымен білім тапсырмасын қамтамасыз етеді. Ол қозғалмалы дағдымен байланысты және ерекше мамандандырылған білім жүйесі болғандықтан спортпен айналысатындардың дене шынықтыру білімі бойынша әңгіме жүргізу керек және осы негізде спорттың ерекше қызметіне мән берілуі тиіс.

*Дене мәдениеті тәрбиесін өсіру.* Негізгі дене мәдениетінің белгілерінің дамуы толығымен спорттық кез-келген түріне сай келеді, ал жекелегенде олардың ішінде ерекше спорт сайыстары пәндері болады. Спортпен айналысу адамды сөзсіз шапшаң, күшті, епті, шыдамды, басқа сөзбен айтқанда, дене мәдениеті бойынша тәрбиелеп шығарады. Спорттық қызметте осы жағынан алғанда спорттың тиісті қызметінің пайда болғандығын атап көрсетуге болады. Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген спорттың қызметтері оның ерекше әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерін және қоғамның

мемлекеттік маңызы бар істерін көрсетеді.

1. *Теория спорта. Учебное пособие под ред Платонова В.Н. – Киев: «Вища школа», 1987, – с. 45-65.*
2. *Основы спортивной тренировки, Учебное пособие под ред. Матвеева Л.П., – М.: ФиС, 1977. – С. 12-19.*
3. *Сулейманов И.И. Предмет теории и социальные функции физической культуры и спорта. – Омск. 1980. – С. 10-42.*
4. *Пономарев Н.Н. Социальные функции физической культуры и спорта. – М.: ФиС, 1974.*
5. *Адамбеков.Е.К. Система управления подготовки высококвалифицированных футболистов. Методическое пособие. – Алматы, 2007.*

#### **Резюме**

В данном статье предоставлены материалы исследования социально-педагогических проблем в спорте.

#### **Summary**

In this article were appeared the materials of investigations of social-educational problems in sport.

### **ҚАЗІРГІ ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

**С.А. Солтекова** – Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушысы,

**А.Ж. Тастанова** – педагог-психолог,

**М.Ж. Тастанов** – Аршалы бастауыш мектебінің мұғалімі,

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. ХХІ ғасыр білімділер ғасыры болмақ. Жаңа кезеңге бет бұру оңай емес. Ол үшін болашақ ұрпағын тәрбиелеу керек.

Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, өз кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі менен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар қажет. Осы айтылған міндеттер – маман дайындайтын кәсіптік оқу орындарының алдында тұрған негізгі мәселелер. Өйткені халыққа білім беру реформасы ғылыми негізге сүйенген пәнді оқытудың жоғары деңгеймен қамтамасыз етуді міндеттеп отыр.

Сондықтан білім беру жүйесі жоғары технологиялық деңгейге көтерілуде. Білім беру саласында қазіргі кезде 50-ден астам жаңа технология қолданылады.

Бұл жаңа технологияларды іздестіру үрдісі бұрынғы дәстүрлі технологияны ығыстырумен, педагогикалық тұтас үрдіс, яғни оны жалпы адамзаттық, субъект-субъекті қарым-қатынастың басымдық танытуымен байланысты туындауда.

Осыған орай соңғы он жылдықта алуан түрлі педагогикалық жүйелер ұсынылып нәтижесінде түрлі инновациялық типтегі мектептер мен оқу орындары пайда болуда. Олардың ерекшелігі онда оқу тәрбие үрдісін ұйымдастыруға өзіндік амалдар мен тәсілдер, оқыту мен тәрбиенің соңғы технологиялары дүниеге келуде және оны көптеген тәжірибеде сынауда.

Педагогика және психология ғылымында «педагогикалық технология», «білім беру технологиясы», «оқыту технологиясы», «Тәрбие технологиясы», «тұлғаны дамыту технологиясы» және тағы басқа ұғымдар кеңінен қолдануда.

«Технология» ұғымын түсіндірудегі көзқарастарды түрліше. «Технология» сөзі грек тілінен аударғанда «өнер, шеберлік, ілім» дегенді білдіреді.

Демек, ол дайындау, өңдеу, күйін өзгерту әдістерінің жиынтығын білдіреді екен. Бұл термин әдетте өндірістік үрдісті сипаттауды кеңінен қолданылып келген. Ал педагогика ғылымы тұрғысынан қарастырғанда шеберлікпен ілім қосындысын білдірмек.

Т.К. Сымыковская, Т.Б. Рудинколардың пікірінше «Әдістеме тек бір ғана оқыту үрдісіне көңіл бөлсе, технология бір мезетте оқу мен оқыту үрдісімен қатар жұмыс істейді.

Жаңа технология алға қойған мақсаттың нақты соңғы нәтижесіне кепілдік береді», Ежелгі философтардың өзі педагогикалық шеберліктерді тарату туралы айтқан, ал бұл осы күнгі технологияға жақын. Сондықтан, К.Д. Ушинский, А.С. Макаренко да технологиялық рәсімдерді анық көрсете білген.

Педагогикалық технология дегенге В.П. Бесполько: «Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба», деп анықтама береді. Мұнда ғылым педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсаты, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырады.

Ал белгілі педагог ғылым В.М. Манахов болса «Педагогикалық технологиялар дегеніміз – оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі деп түсіндіреді.

В.Ф. Шаталов дәстүрлі сынып-сабақ тәсілімен оқытудың әлі де болса ашылмай жатқан орасан қорын көрсетіп оқытудың интенсифтендіру технологиясын жасап, практикаға енгізді.

В.Ф. Шаталовтың әдістемелік жүйесі әрбір оқушыны оқу іс-әрекетіндегі белсенділікке қатыстыруға, дербес ерікті, танымдықты тәрбиелеуге, әрбір жеке оқушыда өзінің адамгершілік сезімін өзінің күш қабілеттерінің сенімділікті нығайта түсуге мүмкіндік береді.

Ал И.П. Волков шығармашылық әрекетті дамытатын оқытудың технологиясын жасап жүзеге асырады, осыған сай тұлғаның шығармашылық қабілеттері баланың оқудан тыс іс-әрекетін тандап алу кезеңінде бір ізді қалыптасады. Дайындық жасаушы балалардың заңдылықтарын ескеріп қолданады, индивид деңгейі мен ерекшелігіне бейімделеді, тұлғаның мұралық нышандарының дамуына ықпал етеді, бағыттайды және тездетеді, баланы толық қанды іс-әрекеттің субъектісі ретінде бағалайды.

Н.А. Зайцев сауаттылыққа ерте оқыту және қарқынды оқыту технологиясының авторы болды. Бұл технология өте жоғары нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін сауаттылыққа оқытудағы жаңа бағытқа негізделген. Бұл технологияның негізінде – диагностика және өзін-өзі диагностикалау, сабақтастық пен білім дамуында жеткен деңгейде тұрақты қолдау көрсету.

Компьютерлік оқыту технологиясы қазіргі замандағы білім беру технологияларына жатады.

Дистанциялық (қашықтықтан оқыту) – білім беру жүйесі университеттердің ғылыми және білім беру мүмкіндіктерін үлкен аудитория үшін толық қолдануға жиналған тәжірибесін информациялық оқыту технологияларды жүзеге асыру мен қолдану үшін мүмкіндік береді.

Дистанциялық оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің білім формасы болып табылады. Ол әртүрлі оқушылар категориясына бірдей мүмкіншілік беруге жағдай жасайды. Инновациялық мектептер дәстүрлі және сонымен қатар жаңа міндеттерді қазіргі деңгейге сай шеше алатындығын дәлелдейді бала тұлғасының мәдени, адамгершілік дамуының кепілі болатындығын көрсетуге болады.

Республикамызда соңғы жылдары оқыту үрдісін ізгілендіру оның практикалық бағыттылығын күшейту мақсатында біраз шаралар жасалады.

Оларды «инновациялық процесс» немесе педогогикалық жаңалықтарды енгізу деп жүрміз.

«Инноватика» ұғымының мәні латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан. «жаңарту өзгерту» мағынасын береді. Педогогикада жаңа әдістер, тәсілдер, құралдар оқулықтар бағдарламаларды пайдалануды білдіреді. Яғни оқыту мен тәрбиелеуге өзгерістер енгізу, олардың сапасын арттыру болып табылады.

Білім беру саласындағы жаңалықтарды үш топқа бөлуге болады:

1. Ұйымдастырудағы жаңалықтар;
2. Технологиялардағы жаңалықтар;
3. Оқулықтар мен бағдарламалардың өзгеруіндегі жаңалықтар.

Педогогикалық технология тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуы ретінде қалыптасады, олардың сапасы мен мазмұны мұғалімдердің, оқу мекемелері мен бүкіл білім жүйесі жұмысында маңызы зор.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу, тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі деп көрсетеді. Педогогикалық технологиялар теориялық негізінде құрылады: оқыту әдістемесі дамыту теориясына негізделсе, ол өзінің ұстанымын содан іздеп табады.

Педогогикалық технологияның генетикалық педогогикасындағы озық идеялар болып табылады. Кез-келген қазіргі педогогикалық технологиялар педогогика ғылымы мен практикасының жемістері дәстүрлі тәжірибедегі құнды дүниені әлеуметтік прогрестің жетістіктерін, қоғамдағы гуманизация мен демократия жемісін жинақтаушы болады.

Бір технологияның өзі әр орындаушыда әртүрлі сипатта болуы мүмкін, өйткені шебердің тұлғалық құзиреттілігі, балалардың контингентті әр топтағы психологиялық ахуал, көңіл күй әртүрлі болуы мүмкін.

Педогогикалық технология: педогогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланатын барлық, дара, инструменталдық және әдіснамалық құралдарды қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді.

«Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педогогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі».

Педогогикалық технология білім алу іс-әрекетіндегі амалдардың негізгі таңдалған кәсіптік қызметтің, тәсілдің, қабылдаушылардың танымдық іс-әрекеті деген анықтама береді.

Қортындылай келе айтарымыз білім саласындағы педагог ғалымдарымыздың ұсынған анықтама-ларын зерделей келе, педогогикалық әрекетті әлеуметтік тәжірибие мен мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін әрекеттің дербес түрі деп, ал педогогикалық технологияны-педогогикалық мақсаттарға жетуге кепілдік беретін, атап айтсақ оқыту құралының, әдіс тәсілінің жиынын жаңаландыру, жетілді-ру процессін және алдын-ала жобаланған оқу-тәрбие үрдісі бірізді жүзеге асыратын жүйе деп түсінге-німіз жөн.

Осы мақсатқа жүзеге асыруға жаңа инновациялық тәсілдерді қолдану тиімді. Өйткені бүкіл әлемде үздіксіз өзгеріс болып жатқанда инноватциялар біздің келешегіміз үшін өте қажетті:

Қазіргі таңда инновациялық педогогикалық қызмет кез-келген жоғары оқу орнының білім беру қызметіндегі негізгі компонентердің бірі болып табылады.

1. *Иманбекова Б.И. Мектептегі ғылыми әдістемелік жұмыс. – Алматы, 2003, – 64-65 б.*

2. *Бұзаубақова К. Жаңа педогогикалық технологиялар. Бастауыш мектеп 2004 ж. №10 – 13-16 б.*

3. *Айтбекова М. Бағытты білу беруде жаңа технологияларды енгізуден жеке тұлға дамуына әсері. Қазақ тілі мен әдебиеті. 2005, №3.*

4. *Бекмуханбетова Р. Тіл сабағында қолданылатын жаңа әдістер. Қазақ тілі мен әдебиеті 2004 ж. №83.*

## **ВЛИЯНИЕ ОЗДОРОВИТЕЛЬНОЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ НА ОРГАНИЗМ ЧЕЛОВЕКА**

**А.С. Якупов, С.А. Погорелов** – *кафедра теории и методики физической культуры и спорта, КазНПУ имени Абая*

Физическая культура представляет собой общественное явление, тесно связанное с экономикой, культурой, общественно-политическим строем, состоянием здравоохранения, воспитанием людей.

Наш век – век значительных социальных, технических и биологических преобразований. Научно-техническая революция внесла в образ жизни человека наряду с прогрессивными явлениями и ряд неблагоприятных факторов, в первую очередь гиподинамию и гипокинезию, нервные и физические перегрузки, стрессы профессионального и бытового характера. Все это приводит к нарушению обмена веществ в организме, предрасположению к сердечно-сосудистым заболеваниям, избыточной массе тела. Влияние неблагоприятных факторов на состояние здоровья молодого организма настолько велико и объемно, что внутренние защитные функции организма не в состоянии с ними справиться. Опыт десятков тысяч людей, испытавших на себе воздействие такого рода неблагоприятных факто-ров, показывает, что лучшим противодействием им являются регулярные занятия физическими упражнениями, которые помогают восстановлению и укреплению здоровья, адаптации организма к условиям внешней среды.

Быть здоровым – естественное желание каждого человека. Здоровье – понятие не только биологи-ческое, но и социальное. Хорошее здоровье – это радостное восприятие жизни, высокая трудоспособ-ность. «Гимнастика, физические упражнения, ходьба должны прочно войти в повседневный быт каж-дого, кто хочет сохранить работоспособность, здоровье, полноценную и радостную жизнь». Древнее изречение Гиппократ в наш век проникновения во все сферы деятельности научно-технического прогресса становится в высшей степени актуальным.

По степени влияния на организм все виды оздоровительной физической культуры (в зависимости от структуры движений) можно разделить на две большие группы: упражнения циклического и аци-клического характера. Циклические упражнения – это такие двигательные акты, в которых длитель-ное время постоянно повторяется один и тот же законченный двигательный цикл. К ним относятся ходьба, бег, ходьба на лыжах, езда на велосипеде, плавание, гребля. В ациклических упражнениях структура движений не имеет стереотипного цикла и изменяется в ходе их выполнения. К ним отно-сятся гимнастические и силовые упражнения, прыжки, метания, спортивные игры, единоборства. Ациклические упражнения оказывают преимущественное влияние на функции опорно-двигательного аппарата, в результате чего повышаются сила мышц, быстрота реакции, гибкость и подвижность в суставах, лабильность нервно-мышечного аппарата. К видам с преимущественным использованием ациклических упражнений можно отнести гигиеническую и производственную гимнастику, занятия в группах здоровья и общей физической подготовки (ОФП), ритмическую и атлетическую гимнастику.

Для нормального функционирования человеческого организма и сохранения здоровья необходима

определенная «доза» двигательной активности. В этой связи возникает вопрос о так называемой привычной двигательной активности, т.е. деятельности, выполняемой в процессе повседневного профессионального труда и в быту. Наиболее адекватным выражением количества произведенной мышечной работы является величина энергозатрат.

Минимальная величина суточных энергозатрат, необходимых для нормальной жизнедеятельности организма, составляет 12-16 МДж (в зависимости от возраста, пола, и массы тела), что соответствует 2880-3840 ккал. Из них на мышечную деятельность должны расходоваться не менее 5,0-9,0 МДж (1200-1900 ккал); остальные энергозатраты обеспечивают поддержание жизнедеятельности организма в состоянии покоя, нормальную деятельность систем дыхания и кровообращения, обменные процессы и т.д. В связи с тем, что за последние 100 лет удельный вес мышечной работы как генератора энергии, используемой человеком, сократился почти в 200 раз, для компенсации недостатка энергозатрат в процессе трудовой деятельности современному человеку необходимо выполнять физические упражнения с расходом энергии не менее 350-500 ккал в сутки.

Различают общий и специальный эффект физических упражнений, а также их опосредованное влияние на факторы риска. Наиболее общий эффект тренировки заключается в расходе энергии, прямо пропорциональном длительности и интенсивности мышечной деятельности, что позволяет компенсировать дефицит энергозатрат. Важное значение имеет также повышение устойчивости организма к действию неблагоприятных факторов внешней среды: стрессовых ситуаций, высоких и низких температур, радиации, травм, гипоксии. В результате повышения неспецифического иммунитета повышается и устойчивость к простудным заболеваниям. Однако использование предельных тренировочных нагрузок при занятиях массовой физической культурой нередко приводит к противоположному эффекту – угнетению иммунитета и повышению восприимчивости к инфекционным заболеваниям.

Специальный эффект оздоровительной тренировки связан с повышением функциональных возможностей сердечно-сосудистой системы. Он заключается в экономизации работы сердца в состоянии покоя и повышении резервных возможностей аппарата кровообращения при мышечной деятельности. Один из важнейших эффектов физической тренировки – снижение частоты сердечных сокращений в покое.

Помимо увеличения резервных возможностей организма под влиянием оздоровительной тренировки чрезвычайно важен также ее профилактический эффект, связанный с влиянием на факторы риска сердечно-сосудистых заболеваний. С ростом тренированности (по мере повышения уровня физической работоспособности) наблюдается отчетливое снижение содержания холестерина в крови, артериального давления и массы тела.

Следует особо сказать о влиянии занятий оздоровительной физической культурой на стареющий организм. Физическая культура является основным средством, задерживающим возрастное ухудшение физических качеств и снижение адаптационных способностей организма в целом и сердечно-сосудистой системы в частности. Так, ударный объем сердца в покое в возрасте 25 лет к 85 годам уменьшается на 30%, развивается гипертрофия миокарда. С возрастом также происходят изменения в сосудистой системе: снижается эластичность крупных артерий, повышается общее периферическое сосудистое сопротивление, в результате к 60-70 годам систолическое давление повышается на 10-40 мм рт.ст. Все эти изменения в системе кровообращения, снижение производительности сердца влекут за собой выраженное уменьшение максимальных аэробных возможностей организма, снижение уровня физической работоспособности и выносливости. С возрастом ухудшаются и функциональные возможности дыхательной системы. Жизненная емкость легких, начиная с 35-летнего возраста за год снижается в среднем а 7,5 мл на 1 кв.м поверхности тела. Существенно изменяются и обменные процессы: уменьшается толерантность к глюкозе, повышается содержание общего холестерина. Ухудшается состояние опорно-двигательного аппарата: происходит разрежение костной ткани (остеопороз) вследствие потери солей кальция. Адекватная физическая тренировка, занятия оздоровительной физической культурой способны в значительной степени приостановить возрастные изменения различных функций. В любом возрасте с помощью тренировки можно повысить аэробные возможности и уровень выносливости – показатели биологического возраста организма и его жизнеспособности.

1. Холодов Ж.К., Кузнецов В.С. *Теория и методика физического воспитания и спорта.* – М.: «Академия», 2010.

2. *Теория и методика физической культуры: Учебник / Под ред. проф. Кураמיшина Ю.Ф.* – М.: Советский спорт, 2004.

### Түйін

Бұл мақалада адам ағзасына дене мәдениетінің денсаулыққа қалай жер ету мәселесі қарады.

### Summary

The question of the influence of the sanitary physical culture in article on organism of the person.

## ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

**Е.Е. Оспанкулов А.М. Байғалиев** – *Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушылары*

Әскери-спорттық ойындар арқылы жасөспірімдер бойында ұлттық патриоттық сезімдерді қалыптастыру.

Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының парызы мен міндеті екендігін түсіндіру. Жоғары дене дайындығына және Президенттік тестті орындауға ұмтылдыру. Алғашқы әскери дайындық пәнін жақсы оқып, меңгеруге дайындау. Халқымыздың ерлік, жауынгерлік тарихын қадірлеуге тәрбиелеу. Оқушыларға үйірме жұмыстары және әскери қолдану жарыстары кең көлемде айналысуына жағдай жасау. Халқымыздың және Қарулы күштеріміздің өткен өжет ерліктерін үнемі оқытып, насихаттап есте ұстау. Отаншылдық елжандылық, ерік-жігер тәртіптілік, ерлік сезімдерін қалыптастыру. Әскери-спорттық ойындар арқылы оқушыларды әскери сапта жүруге пәрмендерді орындауға әскери тәртіпке үйрету. Әскерге шақырылуға дейінгі жасөспірімдердің дене дайындығын жетілдіру.

Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді.

Әлем тарихында патриоттық тәрбие және әскери патриоттық туралы білім ғасырларға тамырымен терең кеткен. Әлемдегі өркениеттің дамуындағы ерекшеліктер дінмен, салт-дәстүрлермен, әртүрлі этникалық факторлармен өлшенген.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасының негізінде қарастыруды тиімді деп есептейміз. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс еуропалық және американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Сондықтан халықтық педагогика негізінде студенттердің бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің сара жолы болады деп есептейміз. Қазақстан әрі батыс, әрі шығыс елі ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет.

Әрбір қоғамның даму, өрлеу сәттері болады. Бұл ретте ХХ ғасырдың соңғы жетпіс бес жылы түрік ғасыры болды. Түрік тарихының терең болғанымен, оның гүлденген өркениетке жеткен тұсы осы ғасыр. Оның ең бастауы, түп қазығы түрік идеясы мен түрік патриотизмінде дер едік. Егер ғасыр басында түріктер бар болғаны он екі миллионға жетер жетпес болса, бұл күнде олар алпыс төрт миллионнан асып жығылады. Мұстафа Кемал Ататүрік Түрік Республикасын жария ете салып, ұлт алдында тұрған негізгі міндеттерді ұсынды. Оның ең бастысы – дүниеге адам баласы тең болып келеді, ендеше түрік ұланы жерге қарама, еңсенді көтер нәсілің түрік екеніне мақтан деген ұстамды әр жүрекке шырақ етіп жаға білді. Түрік мемлекеті еуропаға есігін ашып қана қоймай, өзі де батыс пен шығысқа жол салды. Әскери доктринасы күшейді, НАТО-ға кірді. Енді ол басқа бір елдің қабағына қарап қана қоймай, өзге бір елдерді өз қас-қабағына қарата бастады. Ал бұл тікелей тәуелсіздік идеясын тұтатты. Сөйтіп Ататүрік: «Түрік ұланы! Бірінші міндетің: Түрік тәуелсіздігің, Түрік тәуелсіздігін мәңгі сақтау және қорғау болып табылады» – деп айтып қана қоймай, оны көз көретін жерлердің бәріне тасқа ойып жаздырды. Ұлттың рухы асқақтаған халықтың тілегі тоғысқан сәті осы еді. Мұндай елді жеңу мүмкін бе?

Біздерге де ойлануға тура келетін кездер келді деп ойлаймыз. Кең байтақ жеріміз бар қазақстандықтардың асқақтап шарықтауға мүмкіншілігі мол.

Шығыс елдерінде патриоттық тәрбиеге әсіресе әскери-патриоттық тәрбиеге аса көңіл бөлген. Бұл тұрғыда жапондықтар үлгі көрсетеді. Орыс тарихшысы А.А. Строев «жапондыққа балалық шағынан

мемлекеттің идеологиясы үшін әр уақытта өзін құрбандыққа шалуға дайын болуын құлағына құяды» – деп жазған. Ал қытайда әскери патриоттық білім беру мемлекеттік идеологиямен бір қатарда.

Қазіргі кезеңде Америка Құрама Штаттары өз азаматтарының патриоттық сезімдерін балалық шағынан тәрбиелейді. Құрама штаттарда мектеп қабырғасынан бастап тәуелсіздік декларация дегеніміз не? деген мен қатар Американың негізін қалаушы президенттерінің аталы сөздерін оқып үйренеді.

Азаматтарды әскери қызметке дайындап патриоттық сезімін қалыптастыру қазіргі кезде батыс европаның барлық елдерінде қолға алынған. Мысалға, Германия, Ұлыбритания, Франция мектептерінде және жоғары оқу орындарында офицерлерді дайындауда арнайы пән ретінде әскери кәсіптік бағытын қалыптастыруда оқытылады.

Біз өз жұмысымызда қазіргі кезеңдегі жастардың отанының әскер қатарында көрінуіне деген талпынысын арттыруын ұлттық тәрбиенің маңызынан көрсетеміз.

Патриоттық тәрбие берудің үлгісін біз өзіміздің ғылыми жұмысымызда патриот студент үлгісін жасауда көреміз.

Этнопедагогиканы зерттемей және пайдаланбай жеке адамды толыққанды тәрбиелеу мүмкін емес. Қазіргі кезде қоғам алға қойып отырған тәрбие міндеттерін шешуде этнопедагогика дәстүрлері мен тәжірибесін педагогика ғылымының әдістемелік-теориялық қағидаларымен біріктіруді көкейкесті мәселе ретінде қарастырған.

Халық педагогикасындағы жауынгерлік дәстүрлерді кешенді түрде зерттей келе біз өз еңбегімізде студенттерге патриоттық тәрбие беруде қолданамыз. Студенттерге патриоттық тәрбие берудің тарихи-педагогикалық көздері қазақ халқы батырларының ерлік істерінің тарихи деректеріне талдау жасай келе, қазақ халқының басынан өткен тарихи жағдайларға байланысты патриотизмнің дамып қалыптасуының тарихи алғы шарттарын қарастырамыз.

Біз өз жұмысымызда студенттерге халықтық педагогика негізінде патриоттық тәрбие беруді қарастырамыз.

Халық мұрасындағы ірі тұлғалардың тәрбиелік мәнді істерін оқу-тәрбие процесінде және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануды қолдаймыз.

Біз ұлттық спорт ойындарында патриоттық тәрбие берудің студенттердің бойында патриоттық тәрбие қалыптастыратынын өзіміздің ғылыми еңбегімізде талқылап қарастырып тәжірибелік жұмыстарда қолданамыз.

Халықтық педагогикадағы атамекенге сүйіспеншілікті дамыта отырып біз студенттердің бойында патриоттық сезімді тәрбиелеуді ұсынамыз.

Ғылыми зерттеулерді оқып-үйреніп талдауда, педагогикалық тәлім-тәрбиеде, студенттерге патриоттық тәрбие беру ғылымының теориясын өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге мүмкіндік берді.

Біздің ойымызша патриотизмге негізделген тәрбие жұмысын жүргізуде жоғары оқу орындары студенттері проблемасы ерекше мәнге ие болады. Себебі студенттер болашақ маман ретінде қалыптасып, өмірлік ұстанымын айқындап, өркениетті елдер қатарына қосылуда өздерінің үлкен септігін тигізеді.

Өркендеудің құтты қасиеті іспеттес бір ұғым бар. Ол – патриотизм. әрине, мәселе көп шуылда емес, бүлкілдеген күре тамырды бойлап қуалап, санды-санаға бәтуаны-берекеге айналдыруға көмектесетін сиқырлы сезім жайлы. Ол томағы-тұйыққа емес, салмақты салиқалыққа бастайды, жансызға жан береді. Ортақ иманға айналса, алмайтын қамалы жоқ. Осының бәрін бір ғана «патриотизм» деген» ұлы ұғымға сиғызсақ, уақыттан алыс кетпес едік деп ойлаймыз. Өйткені ол өзін жаралған топырақпен өскен ортаға деген ізгі сезімді ғана білдірмейді. Аясы әлдеқайда кең ұғым. Тіршілікте төл табиғи орта ерекшеліктерін тиімді пайдалану, алғы ұрпақтар тәжірибиесі арқылы жинақталып, тарихи зерде кілтіне айналған патриотизмді өркениет мүддесіне қолдана білу де сол тектен. Ең бастысы елдің бірлік, халықтың қасиет-қазыналарын қастерлеу мен ертеңге деген сенім сияқты сезімдерді оятатын да осы патриотизм. Оның қоғам дамуына айрықша орын алатын құдіретті рухани факторға айналуының сыры да осында жатыр.

Отан дегеніміз – халық. Халық дегеніміз – адам. Адамды сүю оған жақсылық жасау, жанашыр болу – адамгершіліктің белгісі. Ендеше отаншылдық – сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеу-

ін қалыптастыру. Шынайы отансүйгіштікті нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезініп, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді» делінген.

Ата-бабаларымыз «Адал адам Отанын сүйеді». «Адал, ақ жүрекке Отан – анасындай». Отанға деген махабатты өлшеуге болмайды деген болатын. Осы айтылғандар халықтың асыл ойының түйіні мақал-мәтелдерден өзекті орын алған. Мәселен, жас ұрпаққа ел қадірін «Өз елің алтын бесігің», «Отан – оттан да ыстық» «Туған жерге туыңды тік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер» деген асыл сөздермен білдірген. Жастарды кіндік кесіп, кір жуған жері үшін, әлпештеп өсірген елі үшін қасық қаны қалғанша жаумен жағаласа білетін, Отанын шын сүйетін батыр етіп тәрбиелеуді көздеген халық өзінің өлең-жырларынан, аңыз әңгімелерін, мақал-мәтелдерін осы тақырыпқа арнаған. Сондықтан лиро-эпостық, батырлар жырларының басты кейіпкерлері ата-анасы, сүйген жары, туған жері, өскен елі үшін жаумен кескілесе күрес жүргізіп, ерлікпен даңқын шығарған халықтың сүйікті ұл-қыздары болып келеді «Отан үшін отқа түс, күймейсің, Арың үшін алыс, өлмейсің», «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», деп халық өз ұрпағын Отанын сүйуге шақырады.

Көп ұлтты Қазақстан Республикасы үшін патриоттық сезімнің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар.

Патриоттық рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкүндік беретін бірден-бір күш.

Патриоттық сезім өрге бастайтынын өз ұлтымыздың тарихы да талай дәлелдеп келеді. Кейде шіркін бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қалай аман сақтаған деп таңданамыз. Өз сауалымызға өзіміз жауап тауып «Найзаның ұшымен, білектің күшімен, ақылдың ісімен» – деп мақтанамыз. Ешбір қатесі жоқ. Тегеурінді күштің тетігі жүрек қуатынан нәр алғанда ғана қозғалысқа келмек. Ұлан майдан ұлы істе де жеке дара жекпе-жекте де рухы мықты ұтады. Жайшылықта әрқайсысы бір түйе айдап, жеке жайылатын жұртымыздың ел басына күн туғанда бір төбеге жиылып, бір ауылына ұюы, бір жағадан бас, бір жеңнен – қол шығарып, тастүйін тегеурінді күш болып аттануы осындайда бәрімізді танытар сүйеніш ретінде қарайды. Оның аясы әдеттегі тарихи ойланым зердесінен кеңірек. Қазақ қоғамының бүгінгі сипаты және оның алдында тұрған қазіргі тың тұрпатты міндеттерге сәйкес өріс алған.

Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы-сырнаының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, шешендік сөз, айтыс өнері, ою-өрнектері мен бостандық үшін жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи дастандарды ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар-ождан жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Олай болса тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ патриот ұрпағын тәрбиелеуде олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүйшілік секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде осы ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алсақ, ол өте ұтымды болар еді.

Н.Ә. Назарбаев ұсынған жаңа ұлттық идеяның мазмұны да қоғамдық дамуға басқаша, осы заманғы тұрғыдан қарау үрдісіне сай айқындалған. «Көп ұлтты Қазақстанда жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету» – деп жазды ол «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» – деген еңбегінде.

Біз бұл жерде екі мәселеге айрықша назар аударып қарастырамыз:

**Бірінші** – қоғамның көп ұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру. Яғни, сыртынан қарағанда, әрқилы алауыздықтардың негізгі себебі болуға тиіс осалдықтардың өзінен, алға басуға күштірек қарқын беретін артықшылық жасау ниеті.

**Екінші** – қазақ ұлтының қоғам өміріндегі біріктіруші рөлінің атап көрсетілуі. Яғни, оның мемлекеттің тағдыры үшін, ең алдымен өзі жауапты екендігінің ашық айтылуы. әрине біріктірушілік міндетін атқару – қоғамның әртүрлі элементтері арасында жай байланысшы болу дегеннен гөрі күрделілеу ұғым, ол үшін солардың қоғамдық ортақ тірлігінің ұйқасында жаңа қауымдастық шын мәніндегі негізгі ұлттық тірегіне айналу керек.

Елбасы өзінің теориялық еңбектерінде, мақалалары мен сөздерінде «қазақстандық патриотизм» деген ұғымда әр қырынан ашып көрсетіп келеді. Ол үшін өз отандастарының, ғылыми тілмен айтуында қоғам организміндегі өзінің саяси еркіндігін айқын сезінетін және өз Отанын саналы түрде таңда-

ған азаматтар болуы шарт.

Сонда ғана әрбір азамат өзін мемлекетінің өткеніне, бүгініне және ертеңіне тікелей қатысын сезініп, Отан тағдыры үшін өзіне жеке жауапкершілік жүктелетінін терең пайымдайтын болады. Ел өміріне қатысты сан алуан проблемалардың баршаға бірдей жақын әрі түсінікті болуы да осыған байланысты.

Әрине, Қазақстанды шын мәнінде өз Отаны деп санаған адам басқа елдерге жалтақтап солардың көмегімен өзіне әлдебір жеңілдіктер алуға, немесе болған артықшылықтарын сақтап қалуға ұмтылмас еді. Бірақ отандастармен тағдыры ортақ екендігін терең сезінген жан басқа түскен қиындықтарды да бірлесе күш жұмсап жеңуді ойлары анық. Өздерін казактардың көсеміміз, орыс тілділердің тілеуқырымыз деп кеуде қағатын, қазір тағы да бізде бірнеше мемлекеттік тіл мен қос азаматтық болмаса, республикадағы демократияның күні қараң қалады деп бай-балам салып жүрген кейбір саясатшылардың елге іріткі салатын ыландарының сыртында белгілі бір көзқарас жатқанын ұмытуға болмайды. Оларға тәуелсіздік деген сөз түрпідей келеді. Тіпті жан-жақты байланысты нығайту, кең араласу, келісім мен ынтымақтастықты нығайту деген ұғымдарға көбіне біржақты ғана қарайтыны байқалады.

Осы орайда қазақ ұлтының қоғамдағы біріктіруші рөлін күшейту деген қағидаға тағы бір орала кеткен жөн сияқты. Бұл процестің нәтижелі өрбуі тек қазақтарға ғана байланысты емес екендігін ашық айту керек.

Бұл ретте Ә.Нұршайықов «қазақстандық патриотизмді» қазақ ұлтының мүддесімен байланыстыра келіп басқа ұлттар мүддесін жоққа шығармайтын келелі пікір айтады. Ол азаматтардың құқықтық еркіндігі, басқа ұлттардың қазақ халқының дәстүрін сыйлауы, олардың қазақ мемлекетінің намысын қорғауы, қазақ елін жатсынбай, жүрегімен сүйе білуі, ұлттық тіл, діні, ділімізді сақтауға кедергі жасамай қолдау тауып жатса міне, осыларды қазақстандық патриотизмнің белгілері деп санайды.

«Патриотизм» ұғымын талдай келе ол: «патриотизм дегенде, әуел бастан ақ туған жерін, ана тілін, елдің әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрметтеп, қастерлеген. Бұл патриоттық сезім ерте заманнан-ақ қалыптасқан Мұның терең мағынасына ұлтжандылық жатады», – деп көрсетеді.

Жоғарыдағы ой түйіндерінен байқағанымыз, бүгінгі күні бейбітшілік заманда, демократиялық бағыт ұстанған Қазақстанда патриотизмге жаңа көзқарас қалыптастыру мәселесі туындап отыр. Мемлекетіміздің тәуелсіздік алған жылдары әскерден жаппай қашу бүгінде тоқталып Отанды қорғауға деген патриоттық сезім арта түсуде.

Патриоттық сезіммен, рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес мемлекеттің материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар.

Оны былай қойғанда әрбір ұлттық экономиканың өз табиғаты, өз даму заңдылықтары бар. Өз тамырынан өршітпесең бұтағын кесіп бұтарлап биіктетуге көне бермейді. Өркендеуге де өзегі қанша өркениетке сүйенгенмен өз тілін білетін өндіргіш күш керек. Бұл әлемдік тәжірибие әбден мойындатқан шындық өз керуенін түзеген мемлекет мұны қалай ескермессің! Ұлы Абай атамыз «Басқа тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» – деген ғой.

Қалайда төл теңгеміздің айналымға енуі, еліміздің ақ ниетті азаматтарының бәрінің патриоттық рухын бір көтеріп тастаған оқиға болғаны сөзсіз.

**Патриоттық рух** – қазақ елінің әлемдік өркениет көшіне қосылып, дүние жүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкүндік беретін бірден-бір күш. Көп ортасында көзге түсу үшін де кемел болмыс керек. Төл тарихы, мәдениеті мен өнері, экономикалық қуаты жоқ ел басқаларға да қызықсыз. Ал оларды кең таныту үшін алдымен қадыр-қасиетінді өзің жақсы білуің, мақтаныш ете алуың керек.

Отаныңды сүю дегеннің мән-мағынасы да осылай ашылады. Оған орынды мақтанышпен қоса кемшіліктің орнын толтыруға деген құлшыныс пен қиындыққа қайыспай төзе білу де қосылады. Елдікті ұлттық намысты бәрінен жоғары қою – отансүйгіштіктің ең басты белгісі.

Елдік қасиеттер аспаннан түспейді, жоқтан жаралмайды. Өзі туған топырақ тозаңы және ана сүтімен ұйыған ұлтжандылық сыртында, өскен ортасы мен азамат ретінде қалыптастырған қоғамы дарытар терең де текті дүниетаным негізінде ғана түзеледі: Президент **Н.Ә. Назарбаевтың** қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу ісін жаңа мемлекеттік идеологияның аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде алға тартуының сыры да осында жатыр. «**Ал оны елдің туын, елтаңбасын, әнұранын қастерлеуден, заңды өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек**» – деп жазды.

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауы. 28 ақпан. – Астана, 2007.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық

*референдумда қабылданды Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы №4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).*

3. *Студент жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу. Әдістемелік құрал. – Алматы: ӨКБ «Қазбілімжабдық», 2003. – 34 б.*

4. *Студент жастардың кісілік келбетін халық педагогикасы негізінде қалыптастыру. Оқу құралы. – Алматы, 2004. – 50 б.*

5. *Джанабаяева Р.А., Узақбаева С.А. Қазіргі қоғам және патриоттық тәрбие. // Оқу құралы. – Алматы: ӨКБ «Қазбілімжабдық», 2005. – 94 б.*

6. *Нұршайықов Ә. шығармаларының патриоттық тәрбие берудегі мәні. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2005. – 34 б.*

7. *Джанабаяева Р.А. Оқушылар мен жастарға патриоттық тәрбие беру түжырымдамасы. – Алматы: Абай атындағы Қазақ экспорттық педагогикалық университеті, 2005. – 20 б.*

### **Резюме**

Сформировать патриотическое воспитание у студентов с помощью дисциплины «Военно-спортивные игры».

### **Summary**

In this article is considered Form patriotic education beside student by means of discipline "Military-athletic plays".

## **БҮКІЛӘЛЕМДІК ТАЕКВОНДО ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ (WTF) ЖАРЫСТЫҢ САЙЫС ТҮРІНІҢ ӨТІЛУ ОРЫНЫ ЖӘНЕ ЖАРЫС ЕРЕЖЕСІ**

**С.Кунай** – *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Алғашқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы*

Бұл мақаланың мақсаты – Бүкіләлемдік Таеквондо Федерацияның (WTF) жарыстың сайыс (керуги – таеквондо терминімен айтқанда) түрінің өтілу орыны мен жарыс ережесінің негізгі шарттары мен қағидаларын көрсету.

Таеквондоның (WTF) жарыс өтілу алаңы жазық арнайы тегіс маттармен төселген 8м×8м өлшемдегі кең алаңқай болады. Жарыс алаңы негізі 1 м биіктіктегі платформаға орнатылады, сыртқы шекараның бір бөлігі 30 градустан кем емес көлбеу болуы керек, ол жарысқа қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді (1).

### **Жарыс орының шекарасының анықталуы.**

Сайыс алаңының шетіндегі сызықтар алаңның шекарасы болып саналады. Ілгерідегі шекараға, тіркеушінің үстелімен дәрігерлік комиссияның үстелі жапсарлас орналастырылған, ол 1-ші шекара болып есептеледі. 1-ші шекарадан сағат тілімен жүргізілген шекаралар 2, 3 және 4-ші шекаралар болып есептелінген.

Орын белгілері:

- реферидің орыны, 3-ші шекараға сайыс алаңнан 1.5 м қашықтықта орналасқан;
- төрешілердің орыны, 1-ші төрешінің орыны, 1-ші шекарамен 2-ші шекараның бұрышында орналастырылып, 2-ші төрешінің орыны 2-ші шекарамен 3-ші шекараның бұрышында, 3-ші төрешінің орыны, 3-ші шекарамен 4-ші шекараның бұрышында, ал 4-ші төрешінің орыны, 4-ші шекарамен 1-ші шекараның бұрышында тұрақтанады;
- тіркеу орыны, 1-ші шекарадан 2 м артта 1-ші шекарамен 2-ші шекараның қиылысуында орын тепкен;
- дәрігер орыны, сайыс алаңының оң жақ шекарасынан 3 м жерде тұрады;
- жарысқа қатысушылардың орыны, жарыс алаңынан 1 м оң жақ және сол жақ қашықтықта орнығады;
- жаттықтырушының орыны, жаттықтырушы алаң ортасынан 1м шектеулі сызықта отырады;
- жарысқа қатысушылардың алдындағы төрешінің орыны, спортшылардың қорғанысты жабдықтауын тексеру үшін сайыс алаңына кіруінің жанында орналасады.



регламентті Халықаралық Олимпиядалық Комитетінің таеквондо жарыстарында және Олимпиядалық ойындарын да басқада әртүрлі халықаралық спорттық ойындарын да қолданылады;

б) Бүкіләлемдік таеквондо федерациясы (WTF) қажет деп есептесе, кез келген дәрігерлік бақылау жүргізіп, спортшыны анықтау үшін, қойылған ереже талаптарды бұзды ма, жоқ па дегенді анықтап зерттей алады;

Егер кез келген жарыс жеңімпазы осындай зерттеуден бас тартса, әлде ұсынылған ережені бұзса, онда спортшының алған жүлделі орынын қайтарып алып, келесі орындағы спортшыға беруге құқығы бар.

в) Оргкомитет дәрігерлік бақылауды орындауға жауапты.

#### **Жарыстың классификациясы және әдістері.**

1. Жарыс бөлімі мынандай екі түріден тұрады:

а) Индивидуальдық жарыс;

б) Командалық жарыс;

2. Жарыс жүйесі келесі бөлімдерге бөлініп көрсетілген:

а) Индивидуальдық;

б) Айналмалы;

3. Олимпиядалық ойынында жүргізілетін таеквондоның сайыс түрі екі қарсыластың арасында индивидуальдық жүйеде өтіледі.

4. Бүкіләлемдік таеквондо федерациясы (WTF) рұқсат етілген қағида бойынша, барлық халықаралық жарыстарда кем дегенде 4 мемлекеттен, 4 салмақ дәрежесінде 4 спортшы қатысу керек. Егер бір салмақ дәрежесінде 4 қатысушыдан кем болса, ондай жарыста нәтиже көрсеткіші саналмайды (2).

#### **Жарыстың өтілу жағдайы:**

– жарысқа қатысушыларды шақыру-жарысқа қатысушының аты үш рет сайыс алаңына сайыс басталғанға дейін, үш минут ішінде шақырылып жариялану керек. Сайыс алаңына бір минут ішінде шақырылған қатысушы келмесе, жеңісті қарсыласына беруге рұқсат етіледі;

– физикалық және костюмнің тексерілуі, шақырудан кейін, қатысушылар қасында нақтылы инспекция үстеліне инспектордың WTF тағайындалған костюмымен физикалық тексеруден өтілуі қажет;

– сайыс алаңына кіру, тексеруден кейін, қатысушы бір секундант-жаттықтырушымен және команданың дәрігерімен кіруді күтіп тұруы шарт;

– сайыстың өтілуі және аяқталуы, рефери жарыс басталар алдында «Chung, Hong» – деген команданы береді. Екі қатысушы сол қолымен бас қорғаныш дулығы (шлем) сол жақ бүйіріне қысып сайыс алаңына шығады;

– қатысушылар «Чарёт» (Дайындалу) деген рефери команда бойынша тәжімен бір-бірімен сәлемдесуі «Кюнна» (Тәжім). Қатысушылар тәжімінен кейін қорғаныш дулығы (шлем) киеді;

– реферидің «Чунби» (Даярланды) және «Сижяк» (Бастады) деген командамен бастатылады;

– әрбір раундтағы сайыстың басталуы реферидің «Сижяк» командадан басталады және «Қыман» (Уақыттың аяқталуы) командасымен аяқталуы керек;

– қатысушылар соңғы раундтың аяқтаулынан кейін реферидің командасы бойынша бір-біріне тәжімдерін жасап, қорғаныш дулығаларын шешіп рефериден сайыстың шешімін күтеді;

– рефери жеңімпазға қарай қолын жоғары қарай нұсқап жеңген белгіні білдіреді.

#### **Командалық жарыстардың өтілуі:**

– екі команда бір сызықта бойында бір-біріне бетпе-бет тұрады;

1-ші шектеуші сызықтағы бағыты бойынша көрсетілген мәлімдемеде;

– екі команда бақталастарды сайыс алаңына қалдырып, жарыс алаңынан шектеулі сызықта уақытында қалады;

– екі команда жарыстың төңірегіндегі сызық бойымен дереу саппен тұру керек, жарыстың қорытынды кездесуден кейін;

– рефери жеңуші командаға қарай қолын көтеріп жариялайды.

#### **Ұпайларды есептеп шығару.**

1. Есепке алынатын аймақтар:

а) дененің орта бөлігі;

б) бас бөлігі.

2. Ұпай есептеліп қойылады нақты техникалық әдістер қолданылып рұқсат етілген денеге шабуыл соққы жасағанда.

3. Есепке алынатын ұпайлар бөлшектенеді:

- қорғайтын желеткеге шабуылға бір ұпай;
- қорғайтын желеткеге айналумен шабуылға екі ұпай;
- шабуылға үш ұпай бас мүшеге;
- сайыстың есебі – бұл үш раундтардағы ұпайлардың мөлшері;
- ұпайларды жою – егер бақталас көмегімен тыйым салынған әрекет шабуыл жасаса, қойылған ұпайлар жойылады.

Қорыта келе, Бүкіләлемдік Таеквондо Федерациясының (WTF) жарыс ережелерін сақтай отырып, көптеген жарыстарда әділ шешім шығару керек деп ой түйемін.

1. Йеон Хван Пак, Том Сибури. *Таеквондо: Тактика и техника*. – М., 2004. – 29 с.
2. *Путь таеквондо: Серия «Мастера боевых искусств»* – Ростов-на-дону: «Феникс», 2003. – 16 с.
3. Карамов С.К. *«Корейские боевые искусства» Астрель АСТ., 2003. – 115 с.*

### Резюме

В данной статье рассматриваются общее положение и ход проведения соревнований по таеквондо согласно Всемирной Федерации Таеквондо (WTF).

### Summary

In the article will be consider the common positions and will be hold competitions by the World Federation of Taekwondo (WTF).

УДК 796.012.1-053.66

## ИСТОРИЯ ВОЗРОЖДЕНИЕ ОЛИМПИЙСКИХ ИГР

**Е.Б. Бекмухамбетов, А.С. Кульжабаев** – ст. преподаватели кафедры ОФК

В современном мире Олимпиада является крупнейшим международным комплексным спортивным соревнованием, которые проводятся каждые четыре года.

Согласно хартии Олимпийских игр Древней Греции представляли собой религиозный и спортивный праздник, проводившийся в Олимпии. Исследования истории возникновения и развития Олимпийских игр сегодня является актуальным, т.к. ее можно рассматривать с новой точки зрения. Сведения о происхождении игр утеряны, но сохранилось несколько легенд, описывающих это событие. Первое документально подтвержденное празднование относится к 776 до н.э. они были учреждены Гераклом, хотя известно, что игры проводились и раньше. На время проведения игр объявлялось священное перемирие, в это время нельзя было вести войну, хотя это неоднократно нарушалось. Олимпийская идея и после запрета античных состязаний не исчезла на совсем. Например, в Англии в течение XVII века неоднократно проводились «олимпийские» соревнования и состязания. Позже похожие соревнования организовывались во Франции и Греции. Тем не менее, это были небольшие мероприятия, носившие, в лучшем случае, региональный характер. Первыми настоящими предшественниками современных Олимпийских игр являются «Олимпии», которые проводились регулярно в период 1859-1888 годов. Идея возрождения Олимпийских игр в Греции принадлежала поэту Панайотосу Суцосу, воплотил ее в жизнь общественный деятель Евангелис Заппас. Желание возродить олимпийское мышление и культуру распространилось довольно быстро по всей Европе. Французский барон Пьер де Кубертен сказал тогда: «Германия раскопала то, что осталось от древней Олимпии. Почему Франция не может восстановить старое величие?»

По мнению Кубертена, именно слабое физическое состояние французских солдат стало одной из причин поражения французов в войне 1870-1871, он стремился изменить положение с помощью улучшения физической культуры французов, одновременно с этим, он хотел преодолеть национальный эгоизм и сделать вклад в борьбу за мир и международное взаимопонимание. «Молодежь мира» должна была мериться силами в спортивных состязаниях, а не на полях битвы. Возрождение Олимпийских игр казалось в его глазах лучшим решением, чтобы достичь обеих целей.

На конгрессе, проведенном 16-23 июня 1894 года в Сорбонне (Парижский университет), он представил свои мысли и идеи международной публике. В последний день конгресса было принято реше-

ние о том, что первые Олимпийские игры современности должны состояться в 1896 году в Афинах, в стране-родоначальнице Игр – Греции. Чтобы организовать проведение игр, был основан Международный олимпийский комитет (МОК). Первым президентом до окончания I Олимпийских Игр 1896 года, генеральным секретарем стал барон Пьер де Кубертен. Первые игры современности прошли с большим успехом. Несмотря на то что участие в играх приняли всего 241 атлет (14 стран), игры стали крупнейшим спортивным событием, прошедшим когда-либо со времен Древней Греции.

Город, в котором будут проводиться Олимпийские игры, определяются на специальной сессии МОК, которая проводится за 7 лет до даты проведения соответствующих игр. Город выбирается из нескольких городов-кандидатов, подавших для этого официальные заявки. Определение происходит путем прямого тайного голосования членами МОК, кроме представителей стран-кандидатов и президента МОК. Как правило, на момент проведения окончательного голосования в списке кандидатов остается не более пяти городов, список которых определяется рейтинговым голосованием членов МОК, проводящемся годом ранее. Победитель должен набрать больше половины голосов. Если в первом туре не удастся выявить победителя, проводится второй и последующие туры. При этом после каждого тура из борьбы выбивают кандидаты, набравший наименьшее количество голосов. Тогда члены МОК от этой страны в следующих турах уже принимают участие. Право проведения игр является очень престижным и почетным. Прием заявок на проведение игр начинается за 10 лет до даты их проведения, заканчивается за 9 лет, список финалистов определяется за 8 лет. И наконец, за 7 лет определяется место проведения. С 1932 года организаторы строят «олимпийскую деревню» – комплекс жилых помещений для участников игр.

▪ Принципы, правила и положения Олимпийских игр определены олимпийской хартией, основаны которой утверждены международным спортивным конгрессом в Париже в 1894, принявшим по предложению французского педагога и общественного деятеля Пьера де Кубертена решение об организации игр по образцу античных и о создании Международного олимпийского комитета (МОК). Согласно хартии, Олимпийские игры «...объединяют спортсменов-любителей всех стран в честных и равноправных соревнованиях. По отношению к странам отдельным лицам не допускается никакой дискриминации по расовым, религиозным или политическим мотивам...» игры проводятся в первый год 4-летнего (Олимпийского) цикла. Счет олимпиадам ведется с 1896 года, когда состоялись первые Олимпийские игры (I Олимпиада – 1896-99). Олимпиада получает свой номер и в тех случаях, когда игры не проводятся (например, VI – в 1916-19, XII – 1940-43, XIII – 1944-47). Символы Олимпийских игр – пять скрепленных колец, символизирующих объединение пяти частей света в олимпийском движении, т.н. олимпийские кольца. Цвет колец в верхнем ряду – голубой для Европы, черный для Африки, красный для Америки, в нижнем ряду – желтый для Азии, зеленый для Австралии. Помимо олимпийских видов спорта, организационный комитет имеет право по своему выбору включить в программу показательные соревнования по 1-2 видам спорта, не признанным МОК. В том же году, что и Олимпиада, с 1924 года проводятся зимние Олимпийские игры, которые имеют свою нумерацию. Начиная, с 1994 года сроки проведения зимних Олимпийских игр были сдвинуты на 2 года относительно летних. Место проведения Олимпиады выбирает МОК, право их организации представляется городу, а не стране. Продолжительность игр в среднем 16-18 дней. С учетом климатических особенностей разных стран, летние игры могут быть проведены не только в «летние месяцы». Так XXVII Летние Олимпийские игры 2000 года в Сиднее (Австралия), из-за сильнейшей жары на этом континенте в летнее время, были проведены в сентябре. Олимпийское движение имеет свои эмблему и флаг, утвержденные МОК по предложению Кубертена в 1913 году, эмблема – олимпийские кольца. Девиз – «быстрее, выше, сильнее». Флаг – белое полотнище с олимпийскими кольцами, с 1920 года поднимается на всех играх. Среди традиционных ритуалов игр (в порядке их проведения):

- Грандиозные и красочные церемония открытия и закрытия игр. Церемония проходят на центральных стадионах с большой вместимостью, там же где проводятся соревнования по легкой атлетике.
- Открытие и закрытие начинаются с театрализованного представления, которое должно представить зрителям облик страны и города, познакомить с их историей и культурой.
- Торжественный проход спортсменов и членов делегаций по центральному стадиону. Спортсмены из каждой страны идут отдельной группой. Группы идут в порядке, соответствующем алфавитному порядку названий стран на языке страны-хозяйки игр. Или же на официальном языке МОК – французском или английском. Впереди каждой группы идет представитель принимающей страны, несущий табличку с названием соответствующей страны на языке страны-хозяйки на официальных

языках МОК. За ним во главе группы идет знаменосец – обычно спортсмен, участвующий в играх, несущий флаг своей страны. Право несения флага является весьма почетным для спортсменов. Как правило, это право доверяют самым титулованным и уважаемым спортсменам.

- Произнесение приветственных речей президентом МОК, главой или официальным представителем государства, в котором проходят игры, иногда мэром города или председателем оргкомитета.
- Поднятие флага как страны-хозяйки игр с исполнением ее национального гимна.
- Произнесение одним из выдающихся спортсменов страны, в которой происходит Олимпиада, олимпийской клятвы от имени всех участников игр о честной борьбе в соответствии с правилами и принципами спорта и олимпийским духом.
- Произнесение несколькими судьями от имени всех судей клятвы о беспристрастном судействе.
- Поднятие олимпийского флага с исполнением официального Олимпийского гимна.
- Венчает церемонию открытия зажжение Олимпийского огня. Огонь зажигается от солнечных лучей, а Олимпии (Греция). Из страны в страну огонь доставляется на самолетах, а в каждой стране спортсмен или иной деятель этой страны пробегает свою часть эстафеты, чтобы передать огонь дальше. Огонь поджигается в специальной чаше, дизайн которой является наиболее почетным. Чаша располагается высоко над стадионом. Огонь должен гореть в течение всей Олимпиады и гасится в конце церемонии закрытия.
- Вручение победителям и призерам соревнований медалей на специальном подиуме с поднятием государственных флагов и исполнением национального гимна в честь победителей.
- Во время церемонии закрытия также проходят театрализованное представление – прощание с Олимпиадой, проход участников, речь президента МОК и представителя страны-хозяйки.

Представитель страны-хозяйки торжественно передает олимпийский флаг президенту МОК, который в свою очередь передает его представителю оргкомитета следующей олимпиады. После этого следует небольшое представление следующего города, принимающего игры.

1. *Спортивная энциклопедия. – Алматы, 2008.*

2. *Республиканская газета «ProSport» №12 с 2-3, – Алматы, 2008.*

### **Түйін**

Бұл мақалада олимпиадалық ойындардың тарихы, негізін қалаушылары мен оның өткізілуі, ұйымдастырылуы туралы айтылған.

### **Summary**

This article is about the history of Olympic Games creation.

УДК: 794(045)

## **ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ – ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ**

**Ж.Ж. Сугуров** – *Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қай халықтың болсын оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді. Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алған рөлі және болашақ ұрпақты өсіруден қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Жалпы, қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтарының бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына – ұлт ойындары да жатады.

Бүгінгі замандастарымыз бен болашақ ұрпақтарымыздың оларды оқып үйреніп, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына, ата-бабаларының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салуларына, көздеген мақсаттарына саралап, жете білулеріне, дәстүрлер жалғасын өрістетіп, өткен мен бүгінгі байланыстыра білулеріне, сөйтіп, мәңгірттік атаулыға тосқауыл қоюларына ұлт ойындары септігін тигізеді.

Ұлт ойындары халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер

береді. Олай дейтіміз, ойындардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықталып, арнайы материалдық әзірліксіз ойнала беретіндігінде ғана емес, сонымен бірге халықтық психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстылығында. Ойын барысын бала өзінің назарын қимылды орындау әдісіне емес, мақсатқа жетуге аударады. Ол ойын шартына бейімделіп, ептілік көрсетіп, сол арқылы қимылды жетілдіріп, мақсатты әрекет етеді [1].

Сондықтан, ұлттық ойындарды тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасалған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған жөн. Өйткені ойын баланың дүниені танып білуге қадам жасар алғашқы өмір кезеңінде тікелей қоршаған ортамен байланысын, адамдармен, жолдастарымен қарым-қатынасын ескермей, өмір тәжірбиелерінен қол үзгізіп, бірден өзіне бейтаныс дүниеге көшуге мәжбүр етсек, олардың мінез-құлығының дамуына кері әсер етуі әбден мүмкін. Оның үстіне бұл тәрбие үрдісіне жақыннан алысқа, жай нәрседен күрделіге, жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге деген қағидаға да қайшы келмейді. Сонымен бірге, қазақ халқының ұлттық ойындары – жеке адамдарды тәрбиелеу құралы емес, ол бүкіл қоғамдық ортаны өз соңынан ертетін ұлттық азаматтың тәрбиелеп, үлгі берерліктей әлеуметтік құрал ретінде күрделі қызмет атқарған. Ұлттық ойындар арқылы жеке тұлғалар қалыптасып, шындалып халыққа таңылып, сол арқылы өмірге жолдама алып, ел ішінде танымал адамдарға айналған. Қазіргідей арнайы мамандық беретін оқу орындары халқымыздың өз ұрпағын тек ойын-сауықтарда бәсекеге түсіп жеңімпаз атанып, жүлде алып, өз жұртында бар өнерді игеріп, меңгеруге, шаруашылық жүргізу қолынан келетін, ел қорғауға жарайтын батыл да өжет, ұрпақтарды тәрбиелеудің өзіндік жүйесін өмірге әкелген. Жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу – ежелден-ақ халық арманы.

Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін өз қолына алған егеменді еліміз – Қазақстан мектептерінің, оқу орындарының алдына қояр басты талаптары да осы болмақ.

Ендеше, Республика мектептерінің ұлттық мектеп болып жариялануы – заңды құбылыс. Мектеп және жоғарғы оқу орындары ұлтқа тән қасиеттерді өз түлектерінің бойына сіңіре білгенде ғана, адам баласына ортақ мәселелерді анық сезінетін, адамгершілігі мол, нағыз интернационалист ұрпақты тәрбиелей алады. Мақсатымыз жан-жақты дамыған дара тұлғаларды тәрбиелеу болғандықтан, жалпыға тән жоғары сапа қол жеткізбей тұрып, жалпыға тән үздік қасиеттерді қалыптастыру мүмкін емес. Олай болса, еліміздің мектептері жастарға ендігі жерде өз халқының ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұраларын, бүгінгі ғылыми жетістіктер тұрғысынан саралай отырып, сабақтың барысында, жоспарлы түрде оқу-тәрбие жұмыстарында дидактикалық құрал ретінде пайдалану қажеттігін ұсынады. Біздің алға қойып отырған басты мақсатымыз, бұл жұмыстың көкейкестілігі де осыған келіп саяды. Өйткені, ойындарының бойына елмен елді, халықпен халықты бір-бірінен байланыссыз, оқшау тұрған еш құбылыс жоқ.

Басқаны танып білу үшін, ең алдымен өзіңді танып білу қажеттігі туындайды. «Жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру» деп М. Дулатов айтқандай, қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттымыздың жойылып кетпеуі үшін, ұрпағымыздың санасынан атадан балаға мұра болып келе жатқан әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді сіңіре отырып, тілін, дінін қастерлеуге, үлкенді құрметтеуге, елін сүюге тәрбиелеу қажет. Ұлттық ойындардың көпшілігі тұрмыс-салты, соған орай жануарлар әлемін, аңшылықты бейнелейтін болып келеді [2]. Онымен бірге жасөспірімдер ойын ойнаған кезде көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағыт алады.

Демек, қазіргі бізге жеткен өнердің, театрда қай-қайсысы болса да ойын үстінде көрсетіліп, осы ойындардың әртүрлі мәнерлі орындаудың нәтижесінде тап қазіргідей үлкен өнер дәрежесіне жетті. Өзінің өлең-жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп танып, оның бойындағы жастарды ойландырып, толғандырып қасиеттерін аша түседі. Ойын тек жас адамның дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т.б. ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді. Қимыл-қозғалыс ойынында бала назар аудару және бұлшық еттің ширығу дәрежесін реттеуді үйренеді, ойынның қалыптасқан түрлеріне байланысты ол қимылды тынығумен кездестіре алады. Бұл бақылағыштыққа, тапқырлыққа тәрбиелеуге, қоршаған ортадағы жағдайдың өзгеруіне қарап бағдар белгілеу, қалыптасқан жағдайдан жол тауып шығу, тез шешім қабылдап, оны жүзеге асыру, батылдық, ептілік, мақсатқа жетудің өзіндік әдісін таңдау қабілетін қалыптастыруға көмектеседі [3].

Халық ойынының неше алуан түрлерін туғызып қана қойған жоқ, соны іс-жүзінде қолданып, оның тәрбиелік, білімділік жақтарын да көре білді. Қимыл-қозғалыс ойындарының сан қырлы тәрбиелік маңызы, олардың мектеп жасындағы балалар үшін ыңғайлылығы, ойындардың қуанышты, балаларды

өзіне тартатын әрекет саласын туғызады – осылардың бәрі қимыл-қозғалыс ойындарын балалардың күнделікті өмірінің ажырағысыз бағалы серігі ретінде айқындайды. Эмоциялық өрлеу балалардың жалпыға ортақ мақсатқа жетуге ұмтылысын туғызады және тапсырманы айқын түсінуіне қимылдың жақсы үйлесімінен, кеңістікте және ойын жағдайында неғұрлым дәл бағдар белгіленуінен, тапсырманы жедел қарқынмен орындауынан көрінеді. Мақсатқа жетуге ұмтылу қуанышы балалардың осындай әуестену кезінде әр түрлі кедергілерді жеңуге көмектесетін жігердің рөлі артады. Ойын тегінде адам баласының ұжымдық шығармашылығы және орындалуы да көбіне ұжымдық түрде болғандықтан, ойын үстінде жолдастық, достық қарым-қатынасқа әрекеттенуге, тәрбиеленуге мүмкіндік мол. Бастауыш мектептердегі балалардың дене тәрбиесі барысында қозғалмалы ойындарға жетекші рөл берілді.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдары мен әдістерінің бірі ретінде көп қозғалыста ойындар сауықтыру және тәрбие, білім беру міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік ашады. Ойын барысында балалардың қозғалғыш ширақтығы бүкіл организмде жігерлі жағдай туғызады, алмасу процесстерін күшейтеді, өмірлік тонустарын арттырады. Қимыл-қозғалыс ойындары балалардың игеріп үлгерген қимылы дағдыларын жетілдіру және дене қабілетін қалыптастыру әдісі ретінде қызмет етеді. Қимыл-қозғалыс ойындары өзінің мазмұны мен формасы жағынан эстетикалық әрекет болып табылады. Балалардың бұрын игерген қимыл дағдыларын тірек ететін әр алуан ойын қимылдары оларға қолайлы дәлдікпен қалыптылықтан, ептіліктен, ерекше мәнерліктен көрінеді [4].

Ойындардың, әсіресе, халық ойындарының эстетикалық сипаты ойын бастауымен, әңгімелесуімен, санамақпен байи түседі. Балаларға музыка ерекше эстетикалық ықпал жасайды: ол балаларды жігерлендіреді, олардың көңіл-күйін біріктіреді, қимылға эстетикалық сипат береді. Қазақтың ұлттық ойындарының кейбір түрлері «Ойлануды қажет ететін ойындарға» жатады. Олар көбінесе, логикалық ойлау мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделген. Солардың төресі «тоғыз құмалақ». Оймен келетін ойындарды сөз еткенде шахмат, дойбы ойындарының болғанын да атап өтуіміз керек. Шахмат, дойбы қазақтар мекендеген кезде түрік заманынан белгілі екенін көрсететін деректер де бар. Жоғарыда аты аталған ойындар болашақ ұрпақ тәрбиесінде қанат жайып келеді. Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына енгізуі мүмкіндіктері өте зор. Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар, сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу, алтын қабақ ату, жамбы ату т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен тәрбиелік маңызға да ие болды. Ұлттық ойындарды ашып айтсақ, тарихының көнелілігіне қарамастан, ойын үнемі жаңа, ескірмейтін нәрсе.

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, батылдықты, шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты т.б. мінез-құлықтық ерекшеліктерімен бірге күш-қуатын молдығын, білек күшін, дененің сомданып шығуын қажет етеді. Сонымен бірге бұл ойындар әділдікпен адамгершіліктің жоғары принциптеріне негізделген.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындары елдің өмірімен тығыз байланысты. Оның шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмысынан туған. Оның тәрбиелік маңызы аса жоғары, әрі құнды. Қазақ халқының өмірінде ойын араласпаған бірге-бір тұрмыс шаруашылық саласы жоқ десе де болады.

Сондықтан ұлттық ойындары – ата бабамыздан, оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. В.А. Сухомлинскидің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес.

Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алды. Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» десекте, айтар ойымыз дәлелді болу үшін ұлттық үрдісімізде ұмыт болып бара жатқан ойындарды оқырман назарына ұсынылады.

**Жігіт қуу.** Ойынды ат үстінде емес, жаяу жүгіріп ойнауға болады. Мұндағы ойнаушылар екі топқа бөлінеді. Күні бұрын арасы 20-30 адымдай екі көмбе белгіленеді де, біреуіне жалауша тігіледі немесе жаңағыдай қазық қағып, тымақ кигізіледі. Жүргізушінің хабарымен екі топтан екі ойыншы көмбеге шақырылады. Біреуіне белбеу немесе екі бүктеліп есілген орамал беріледі. Ойын жүргізушінің белгісі бойынша ойыншылар қарсыдағы сызыққа қарай жүгіреді. Белбеу алған ойыншы екіншісін қуып жетіп, ұруға тырысады. Межеге жеткен соң ойыншы белбеуді жерге тастай сала кейін қашады. Белбеуді екінші ойыншы алып қашып бара жатқан қарсыласын бірінші сызыққа жеткізбей қуып жетіп, ұруға тиіс. Қарсыласына белбеу жұмсай алмаған ойыншы ұтылған болып есептелінеді [5].

**Жамбы ату.** Биік сырықтың басына тайтұяқ алтын не күміс ілінетін болған. Жамбыны алу үшін белгіленген межеден (70-100 м шамасында) садақ атып қыл арқанды қып түсіру керек. Кейде ойын-

ның шаршы бойынша жамбыны шауып келе жатқан аттың үстінен атқан [5].

Бұл ойын асқан мергендікті, ат құлағанда ойнайтындай шеберлікті қажет етеді. Қазақ халықтарының жылдар бойы атадан балаға жалғасып қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрып тәрбие мектебі бары баршамызға белгілі. Сондықтанда ұлттық ойындардың қалыптасу тарихы, халық арасында таралуы, тәрбиелік мәні-мағынасы белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейді.

1. Қоянбаев Ж.Б. *Қазақ халқының қозғалмалы және спорт ойындарының дене тәрбиесіндегі орны.* – Алматы, 2005 – 176 б.

2. Жошыбаева Г. *Ұлттық мектеп – ел еңісі.* Қазақстан мектебі №12, 2003. – 35 б.

3. Мендалиев Б.М. *Ұлттық ойындар Қазақстан мектебі №1, 2005.* – 56 б.

4. Танекиев М.Т. *Қазақтың ұлттық ойындары – Алматы, 1973.* – 23 б.

5. Төтенай Б. *Қазақтың ұлттық ойындары – Алматы, 1985.* – 12 б.

### **Резюме**

В этой статье пропагандируются казахские национальные игры, а также прослеживаются пути формирования казахских народных игр, определяется их огромное значение и роль среди народных масс.

### **Summary**

This article is spoken about national games and to raise authority of Kazakh people. One of the may to make a healthy life of nationality.

ОӘЖ 378(574)

## **ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ КІШІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҮЛҒА АРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Н.Төлегенұлы** – магистр оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,

**Е.Н. Түгелбаев** – магистрант ЖГТУ

Мазмұны жағынан барлық ойындар түсінікті, жалпы дамытушы мүмкіндіктері бар, әртүрлі педагогикалық қызметі бар, ұжымға деген қатынасты тәрбиелейтін, эстетикалық талғамды дамытуға бағытталған, қоршаған орта туралы түсінікті нақтылайтын, психикалық үрдістерді жетілдіретін, дамудың жоғары деңгейіне өтуді ынталандыратын, тұлғаны әлеуметтенуіне ықпал ететін болып келеді.

Ойын – өте эмоциялық іс-әрекет, сол себепті ол кіші мектеп оқушыларын тәрбиелеуде құнды нәрсе болып табылады.

Көптеген ойындардың ішінде балалар арасында қозғалыс ойындары кең тараған. Қозғалыс ойындардың негізгі ерекшелігі оның мазмұнында қимылдардың маңызды орын алуы (жүгіру, секіру, лақтыру, допты беру және тосу, қарсыласу және т.б.), бұл қозғалыс әрекеттер оның сюжетімен байланысты. Олар ойынның мақсатына жету жолында әртүрлі қиындықтарды, кедергілерді жеңуге бағытталады [1, 3].

Қозғалыс ойындар, ойыншылардың өздері қойған шартты мақсатқа жетуге бағытталған саналы бастамашыл іс-әрекет. Мақсатқа жету ойыншылардың белсенді әрекетін талап етеді. Бірақ қимылдық ойындар қатысушылардан арнайы даярлықты қажет етпейді. Олардағы ереже ойындардың жүру шарттарына қарай қатысушылары мен жетекшілердің өздерімен таңдалады. Олардың мазмұнында нақты қойылған ойыншылар саны мен ауданның көлемі көрсетілмейді.

Қозғалыс ойындардың негізін салушы ретінде А.М. Горький болды. Оның түсіндіруі бойынша ойын бұл балалардың өмір сүріп отырған ортасын танып білу жолы болып табылады [3].

Қозғалыс ойындар балаларды жалпы дене тәрбиелеудің құралы ретінде қолданылады. Қозғалыс ойындар көбінде балалардың өздерімен ұйымдастырылатын жекелік түрде болуы мүмкін. Олар мұғалімдермен бос уақытта, үзіліс кезінде қолданылады.

Қозғалыс ойындардың ұжымдық түрлері маңызды орын алады. Барлық ұжымдық – қозғалыс ойындарға жарысу сипаты, сонымен қатар қойылған мақсатқа жетуде өзара көмек көрсету тән болып келеді. Ұжымдық ойындардың негізгі сипаты олардың ойыншылардан жылдамдықты талап етуінен көрінеді. Сол себепті де ойын барысында өзара қатынаста әрдайым өзгеріп отырады.

Қозғалыс ойындарда жарыстар өткізіледі. Оларды оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес жеке ойындар түрінде жүргізуге болады. Бірақ педагогикалық түрде оқушылардың әртүрлі дене қасиеттері мен дағдыларын тәрбиелеуге ықпал ететін түрлі ойындардың кешенді түрде қолдану тиімді деп есептелінеді.

Әрбір қозғалыс ойын мазмұнынан, құрылымынан және әдістемелік ерекшеліктерінен тұрады.

Қозғалыс ойындардың мазмұны мыналардан құралады: сюжет, ереже, қимылдық әрекеттер.

Қозғалыс ойындардың құрылымы – қойылған мақсатқа жету тәсілдерін таңдауға мүмкіндік беретін оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Ойындардың бір түрінде қатысушылар жеке немесе топтық түрде әрекет етеді, ал басқа ойындарда өз ұжымының, командасына қызығушылығын ұстана отырып, ұжымдық түрде әрекет етеді [2].

Ойынның әдістемелік ерекшеліктері оның мазмұны мен құрылымына байланысты болады. Қозғалыс ойындардың әдістемелік ерекшеліктеріне төмендегілер тән болады:

- а) бейнелілік;
- б) ережелермен шектелетін әрекеттердің өз бетінше орындалуы;
- в) ережелерге сәйкес әрекеттерде шығармашылық бастамашылдық;
- г) сюжетіне сәйкес жеке рөлдерді орындау;
- д) ойындағы кездейсоқтық, өзгермелілік;
- е) ойынның эмоциялылығын арттыратын мобилділік күшін талап ететін жарысу сипаты;
- ж) ойын қақтығыстарын шешуде қарама-қарсы қызығушылықтарының қарсы келуі.

Қозғалыс ойындары дене тәрбиесінің құралы және ойын әдісі ретінде дене қасиеттерінің тәрбиеленуіне және жетілдірілуіне ықпал етеді. Сонымен қатар қозғалыс ойындарда табиғи қимыл әрекеттер мен жеке дағдылар және іскерліктер бекітіледі [3].

Педагогикалық тәжірибеде ойынның келесі түрлері қолданылады:

1. Еркін, шығармашыл ойындар. Оларды кейбір кезде ролді ойындар деп те атайды. Олар жеке және топтық түрде жүреді.

2. Ересек жетекшілерді қажет ететін, нақты қойылған ережелері бар, ұйымдасқан қозғалыс ойындар. Олар мазмұны және күрделілігі жағынан әртүрлі:

а) қарапайым, командалық емес ойындар. Бұл ойындарда негізгі іс-әрекет жеке басын жетілдіруге, жылдамдық, күш сияқты қасиеттерде басқаларға қарағанда жоғары орын алу;

б) күрделі, командалық ойындарға ауыспалы. Мұнда ойыншылар өз қызығушылықтарын жеке танытады, бірақ өз ықыласымен жолдастарына көмектесуге тырысады;

в) ойыншылар жеке ұжымдар – командалар құрайтын қимылдық ойындар.

Оқу-тәрбие үрдісінде қозғалыс ойындарды қолдану әртүрлі педагогикалық міндеттерді шешуде арнайы таңдауды қажет етеді. Бұл үшін ойындардың нақты қасиеттері ұқсас топтық түрлері құрастырылады. Ойындар төмендегідей топтастырылады:

1. Мазмұнының күрделілік дәрежесіне қарай: ең қарапайымдылардан күрделіге қарай;
2. Жас ерекшеліктерін ескеру сипаттарына қарай;
3. Қимыл әрекет түрлеріне қарай;
4. Дене қасиетіне қарай;
5. Жеке спорт түрлеріне даярланған;
6. Ойыншылардың өзара қатынасына байланысты.

Ойындар басқа қасиеттері бойынша да топтастырылады:

- а) сабақтарды ұйымдастыру формасына қарай;
- б) қимылдық деңгейінің сипатына қарай;
- в) мезгіл мен жұмыс орнын ескеруіне қарай.

Қозғалыс ойындар, ойыншылардың өздері қойған шартты мақсатқа жетуге бағытталған саналы бастамашыл іс-әрекет. Мақсатқа жету ойыншылардың белсенді әрекетін талап етеді. Бірақ қозғалыс ойындар қатысушылардан арнайы даярлықты қажет етпейді. Олардағы ереже ойындардың жүру шарттарына қарай қатысушылары мен жетекшілердің өздерімен таңдалады. Олардың мазмұнында нақты қойылған ойыншылар саны мен ауданның көлемі көрсетілмейді [2].

Ойын тұлғаның қалыптасуында маңызды орын алатын іс-әрекеттің бірі. Ойын барысында балалар жинақталған тәжірибені бейнелейді, өмір туралы өздерінің түсініктерін тереңдетеді және бекітеді.

Мұғалімнің көмегімен ойын баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Олар баланың түсініктерінің көлемін арттырады, байқампаздылық қасиетін, талдау іскерлігін, салыстыру және жалпылау іскерліктерін дамытады.

Қозғалыс ойындар кеңістіктік және уақыттық қатынастарды дұрыс бағалай білу қабілетінің, өзгермелі жағдайға жылдам әрі дұрыс әрекет көрсете білу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қозғалыс ойындарда қатысушылар жеке рөлдерді орындауға тура келеді. Бұл олардың ұйымдастырушы дағдылары мен білімдерінің дамуына әсерін тигізеді.

Ойынның білім беру жағы мұғалімнің дұрыс назар аударуына сәйкес қажетті деңгейде орындалады. Ойын барысында бала өзінің барлық жеке тұлғалық қасиеттері мен сапаларын анықтайды.

Ойын сияқты ешқандай іс-әрекет оқушының тұлғалық қасиеттерін жан-жақты ашып бере алмайды. Ойынмен айналыса отырып, бала өзінің барлық мінез бітістерін анықтай алады. Сыныпта әрдайым тұйық жүретін бала ойын барысында өзін басқа жағынан көрсете алады. Мұның барлығы әр балаға жеке тұрғыда дұрыс ықпал ете алуда өте маңызды. 4 сыныпқа арналған дене тәрбиесі оқулығында адамның қабілетінің дамуы туралы да бөлімдер қарастырылған (күштің, жылдамдықтың, төзімділіктің, икемділіктің дамуы), гимнастика мен жеңіл атлетикаға да бөлім берілген. Қазақ ұлттық ойындарын мектеп тәжірибесіне ендіру бір жағынан тәжірибелік жұмыстың жинақталуына ықпал етеді, екінші жағынан – қазақ ұлттық ойындарының тәрбиелік мәнін насихаттайды, олардың баланың денелік және ақыл-ой дамуының рөлін, кіші мектеп оқушыларының ұлттық салт-дәстүрлерге сүйіспеншілігін орнатуды қарастырады [2, 3].

Оқушылар арасындағы тығыз қарым-қатынас көбінесе ұжымдық-қимылдық ойындарда жүзеге асады. Олардың барлығына жарысу сипаты, сонымен қатар қойылған мақсатқа жетуде өзара көмек көрсету тән болады.

Қозғалыс ойындары сабағында мұғалімдер балаларға өз әлекеттерін жұптар және топтарда сәйкесінше ұйымдастыра білуге, ойын мақсатына жетуде тұрақтылық танытуға, меңгерілген ойынның мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, денелік және еріктік қасиеттерін жетілдіре білуді, кеңістікте бағдарлай алу, қимылдарды реттей білу іскерліктерін үйретеді.

Қозғалыс ойындарының өзі ұжымдық сипатта болады, осыған байланысты балаларды ұжымдағы іс-әрекетке тәрбиелейді. Ойындар балалардың бойында жолдастық, ұжымдық, демократиялық және бір-біріне деген жауапкершілік сезімдерін ұялатады. Ұжымдық ойынға қатыса отырып, бала өзінің қызығушылықтарын топтың қызығушылығы үшін құрбан етуі қажет: жолдасына допты беру, «түт-қынға» түскен жолдастарын босату және т.б.

Ойындарда жолдастық сезімі біртіндеп тәрбиеленеді. Кіші мектеп оқушыларынан ойын барысында өз әрекеттерін жолдастарының әрекеттерімен сәйкестендіру талап етіледі. Кейіннен өзара көмек көрсетуге бағытталған ойындар пайда болады. Ал содан соң өз ұжымына, өз командасына қызығушылықтарын бағындыруға қатысты ойындар қолданылады [1, 3].

Ойын барысында бір ойыншының екіншісіне, бір команданың екіншісіне қарсы тұруы тән келеді. Осыған байланысты дер уақытта шешуді талап ететін әртүрлі міндеттер пайда болады. Бұл үшін пайда болған жағдайды қысқа уақытта бағалай білу, дұрыс әрекетті таңдай білу және оны орындай білу қажет. Осының әсерінен ойындар өзіндік танымға көмектеседі.

*1. Сағындықов Е. Использование народных игр в учебно-воспитательной работе в 1-4 классах казахской школы. Автореф. Дис. канд. – Алма-Ата. 1988.*

*2. Куанышев Т. Подготовка будущих учителей физической культуры средствами национальных игр – Автореф. дис. канд. – Алма-ата, 1992.*

*3. Айтпаева А.К. Казахские народные игры как средство воспитания младших школьников. Автореф.дисс. канд. – Алматы. 1997.*

### **Резюме**

В данной статье представлены материалы исследования, проведенные на школьников младших классов по проблемам применения подвижных игр на уроках физической культуры.

### **Summary**

The article is given article the materials of research spent on schoolboys of elementary grades on problems of application of outdoor games at lessons of physical training are presented.